

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ  
МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ**


Оқу құралы

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ  
МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

*Оқу құралы*

Алматы  
«Қазак университеті»  
2018



*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
заң факультетінің Ғылыми кеңесі  
және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған  
(№6 хаттама 4 мамыр 2018 жыл)*

**Шікір жазғандар:**

заң ғылымдарының докторы, профессор **Е.А. Бурибаев**  
заң ғылымдарының кандидаты, доцент **А.Б. Омарова**

Қ 18 **Қазақстан Республикасы интеллектуалдық меншік құқығы: оқу құралы / Г.Б. Мұқалдиева, С.Р. Ермухаметова, С.М. Алдашев, Г.А. Худайбердина.** – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 200 б.

**ISBN № 978-601-04-3575-9**

Оқу құралы Қазақстан Республикасы интеллектуалдық меншік құқығына арналған қазақ тіліндегі алғашқы оқу құралы болып табылады. Оқу құралында интеллектуалдық меншік құқығы объектілері авторлық құқық, сабақтас құқық, патент құқығы, фирмалық атау, тауар белгісі, селекциялық жетістік, ноу-хау, топологияға жан-жақты талдау жасалады және интеллектуалдық құқық бойынша дайындалуына керекті негізгі деректерді құрайды. Интеллектуалдық меншік құқығы бойынша қысқаша дәріс материалдары, оған қажетті қосымша сызбалар, студенттің өзі-өзі тексеруге арналған материалдар мен семинар сабақтарына арналған тапсырмаларды қамтиды.

Оқу құралы жоғары және орта оқу орындарының заңгер және басқа да мамандықтар студенттері мен магистранттарына қолдануға ұсынылады.

ӘОЖ 347.7  
КБЖ 67.404.3

## АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі жаһандану заманында еліміздің интегралды инновациялық даму бағыты бойынша интеллектуалдық меншік құқығына қатысты мәселелер маңызды орын алып отыр. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жолдауында көрсеткендей: «Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарында болмақ. Күн астындағы орын тек ең мықтыларға арналғанын нақты сезіне отырып, ұлтымыз жаһандық экономикалық тайталасқа дайын қатарында болуға тиіс. Дамушы елдер арасында осы клубтағы орынға бәсекелестік болуға тиіс, оның басты бағыты индустриялды-инновациялық даму бағыты» [1].

ҚР Конституциясының 44-бабында әдеби, көркем, ғылыми, техникалық және өзге де шығармашылық түрлерінің бостандығына арналған, «интеллектуалдық меншік заңмен қорғалады» деген ереже бар [2].

Әрбір қоғамның өмірінде материалдық құндылықтардан басқа рухани құндылықтар да маңызды рөл атқарады. Адам туылғанда табиғат оған ойлау, шығармашылық, ғылыми және мәдени туындылар жасау қабілетін сыйға береді. Осы шығармашылық туындылар әрбір халықтың, мемлекет пен адамзаттың рухани және зияткерлік қорын құрайды.

Интеллектуалдық құқықтың міндеттері мен мақсаттары интеллектуалдық меншік объектілеріне қатысты заңдармен және өзге де құқықтық актілермен белгіленген.

Жылдан жылға, ғасырдан ғасырға осы зияткерлік әлем үлкен бір адами құндылыққа айналады. Осы адами құндылықтардың авторлары – басқаша айтқанда, интеллектуалдық шығармашылық қызметінің нәтижелері нысандары кітап авторлары, өлеңдер мен әндер авторлары, видео- немесе аудио, графикалық жазбалар, сәулет өнері шығармаларының авторлары, ашылған жаңалықтар мен пайдалы модельдер, сәулеттік ғимараттар мен



жердегі басқа да адам баласының ойлау, шығармашылық әрекеттері туындыларының авторлары. Азаматтық құқық объектілерінің ішінде маңызды орынды интеллектуалдық меншік объектілері алатыны белгілі.

Қазіргі кездегі нарықтық қатынастар жағдайында жоғарыда аталған интеллектуалдық құқықты дамыту және жетілдіру мәселелері тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Осы орайда оқу құралының мақсаты:

- интеллектуалдық меншік құқығы объектілерінің құқықтық жағдайын қазіргі колданыстағы нормативтік-құқықтық талаптарға сай негіздеу;
- интеллектуалдық меншік құқығы объектілерінің түрлеріне талдау жасау;
- интеллектуалдық меншік құқығы субъектілерінің мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- интеллектуалдық құқықтың пайда болуы, қалыптасуы және даму ерекшеліктері қамтылған.

## ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫ

ҚР АҚ 115-бабы азаматтық құқық объектілерін мынандай түрлерге бөледі: мүліктік игіліктер мен құқықтар және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар. Мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке) заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, қаржы құралдары, жұмыс, қызмет, мүліктік құқықтар және өзге мүлік жатады. Осы дәстүрлі мүліктердің және құқықтардың ішінен бірреттілік санаттары ретінде заң «шығармашылық-интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелер, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдарын» атайды [3].

Бұл ретте айта кететін мәселе: заңнамада және ғылымда интеллектуалдық меншіктің бірыңғай анықтамасы жоқ. Интеллектуалдық меншік түсінігі ең алдымен халықаралық құқықтық қайнар көздерде пайда болды және кейін сол халықаралық норма негізінде ұлттық заңнамаға енгізілді.

Айрықша құқық ретінде интеллектуалдық меншіктің түсінігі ҚР АҚ 125-бабында да айтылған. Азаматтың немесе заңды тұлғаның айрықша құқығы интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелеріне және оларға теңестірілген заңды тұлғаларды жекелендіру тәсілдері, жеке немесе заңды тұлғалардың өнімдері, олармен орындалатын жұмыс немесе қызметтер (фирмалық атауы, тауарлық белгі, қызмет көрсету белгісі және т.б.) танылады.

Жалпы интеллектуалдық меншік құқығының пайда болуына 500 жылдан аса уақыт өтті. Жалпы интеллектуалдық меншіктің

алғашқы ұғымдарының пайда болуы ерте Рим мемлекетінде кездесті, онда шығармашылық нәтижелер Юстиниан жазбаларында «авторлық құқық» туралы айтылғанымен, оның қорғалуы тек бертін келе ғана орын алды. Ең алғаш француз королі Людвиг XII кезінде авторлық шығармашылық пен өнертабыс «құдайдан берілген сый» ретінде танылып, алғашқы баспамен жарық көрген кітаптар мен колжазбаларды басқа тұлғалардың басып шығаруына рұқсат берілмеді.

Авторлық құқық туралы алғашқы заң Англияда 1710 жылы қабылданып, «Патшайым Аннаның мүсіні» («Статуя королевы Анны») аталған шығармаға авторлық құқық бекітіліп, 14 жыл қорғалғандығы және авторлық құқық сақталатыны көрсетілді.

Ал патент құқығы тек орта ғасырдың соңына қарай дами бастады. Өнертабыс бұл 1) қол еңбегі, 2) шығармашылық еңбектің нәтижесі ретінде танылды. Бірінші патент заңы – декларация Венеция Республикасында 1474 жылы қабылданды. Ол жерде машина жасаушының құқығы 10 жыл сақталатыны көрсетілді.

Ресейде тек XVIII ғасырда Петр I кезінде ғана техникалық шешімдерге авторлық құқық айтыла бастағанымен, 1752 жылы профессор М.В. Ломоносовқа «Әйнектердің түрлерін шығару» атты еңбегіне қатысты артықшылықтар берілді. 1812 жылы 17 маусымда «Әртүрлі колөнер және шығармашылық авторларының ашқан өнертабыстарына артықшылықтары туралы» ресейде алғашқы Заң қабылданды.

XVIII ғасырдың соңына қарай Д. Бауфлер деген ғалым «өнеркәсіптік меншік» ұғымын енгізді. Интеллектуалдық меншік ұғымы да осы кезде Еуропада қалыптаса бастады.

«Өндірістік меншік құқығы», «интеллектуалдық меншік құқығы» және «айрықша құқық» категориялары түбегейлі XX ғасыр ортасында заңнамада бекітілді.

Авторлық құқық Ресейде XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында авторлық заңдарға «интеллектуалдық меншік» ұғымын кіргізді. Осындай ұғымдар АҚШ, Дания, Франция, Ұлыбритания сияқты мемлекеттерде қарастырыла бастады. Сонымен қатар 1956 ж. Ұлыбританияда авторлық құқық туралы заңында авторлық құқық меншік құқығының бір түрі ретінде қарастырылды. «Затты немесе шығармашылық нәтижесін ойлап шығарған

адам сол объектіге, затқа пайда болған меншік құқығын иелене алады» деген концепция осы кезде қалыптасқан еді.

ҚазКСР 1963 ж. Азаматтық кодексінде тек авторлық құқық, өнертабыс және өнеркәсіптік үлгі туралы айтылды. Тек 90-жылдары КСРО-да қайта құру экономикалық және саяси дамудың қоғамға енгізген өзгерістерімен қатар «интеллектуалдық меншік» ұғымы қайта пайдаланылып, заңдарға енгізіле бастады.

Әрбір мемлекет пен қоғам өміріндегі материалдық өндірістен бөлек, рухани өмір маңызды орынға ие. Әрбір адам, жасына, психикалық жағдайына, азаматтығына және басқа да сипаттамаларына қарамастан, белгілі бір дәрежеде, жаратылыстануға, ғылым және мәдениет шығармашылығына қабілеті бар. Алайда адамдар бұл қабілетті әртүрлі көлемде пайдаланады. Белсенді шығармашылық адамдар өз жұмыстарын белгілі бір дәрежеде осы объектілерді игеруді жобалауға және қорғауға талпынады. «Интеллектуалды меншік» термині біздің еліміздің заңнамасы үшін жана болып табылады. Алдыңғы Азаматтық кодекс мұндай тұжырымдаманы бірінші кезекте білмеген, өйткені бұрынғы КСРО-да интеллектуалдық шығармашылық қызметінің нәтижелерін көпшіліктің пайдалану құқығы ретінде танылып көпшілікке ортақ, тұтастай мемлекет пен түрлі мемлекеттік ұйымдарға тиесілі құқық болып танылды. Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан кейін интеллектуалдық шығармашылық қызметінің нәтижелерінің құқықтық режиміне қатысты түсініктер түбегейлі өзгерді. Дегенмен интеллектуалдық меншікке қатысты мәселе бұған дейін кеңес үкіметі тұсында 1991 жылғы 31 мамырдағы республикалардың «КСРО заңнамасының негіздері» атты заңда алғаш қозғалған болатын. Бұл заң Қазақстан Республикасының зияткерлік меншікті қорғау туралы заңнамасын қалыптастырғанға дейін еліміздің аумағында қолданылды. Осы 1991 жылғы заң шығармалар мен өнертабыстарды жасаушылардың құқықтарын, шығармашылық қызметтің кез келген басқа нәтижелерін, «Интеллектуалды меншік» терминін енгізуге негіз болды және оны қорғаудың жалпы шараларын белгіледі. КСРО мен Қазақстанның бұрынғы республикалары үшін де зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелерін құқықтық реттеу және қорғау маңызды мәселелер қатарында болды. Мәселе зияткерлік меншікті тиісті түрде қорғау мәселелері

барлық мемлекетаралық және үкіметаралық экономикалық келісімдердің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл құқықтық қорғаудың деңгейі халықаралық беделге әрбір елдің беделі үшін өте маңызды. Интеллектуалды меншік құқықтарын қорғау дәрежесі елдің нарықтық өркеннетінің дәрежесін және заңдылық пен құқықтық тәртіпті мемлекет деңгейін сипаттайтыны анық.

Интеллектуалдық меншік объектілерін құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар мен ұйымдар құрылып, табысты жұмыс жасайды. Бұларға Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақстан Республикасы Зияткерлік меншік құқығы департаментінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық зияткерлік институты (Қазпатент) функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің патенттер және тауар таңбалары жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорны жатады.

Қазірде Қазақстан Республикасында интеллектуалды меншік объектілеріне құқықтарды бекіту көптеп кездеседі. Мысалы, соңғы 7 жыл ішінде Қазатомөнеркәсіптің өнертабыстар мен пайдалы модельдерге арналған 6787 қорғау құжаттары (патенттер және алдын ала патенттер) және 7398 тауарлық белгілер мен өнеркәсіптік үлгілерге патенттер берілді, әртүрлі объектілерді пайдалануға арналған 408 лицензиялық келісім тіркелді. Яғни жалпыұлттық нарықтың маңызды бөлігі болып табылатын интеллектуалды меншік нарығы қалыптасып жатыр. Соғтарда интеллектуалдық меншікке құқықтарды тіркеудің және пайдаланудың әртүрлі аспектілері бойынша алғашқы даулар туындайды.

1992 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасында интеллектуалдық меншік мәселелерін реттеудің нормативтік-құқықтық базасы қалыптасты, ең маңызды шығармашылық объектілерінің мәртебесі анықталды, интеллектуалдық құқық қатынастарды реттейтін нормалар дамып келеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің арнайы бөлігінің V бөлімінде 8-бөлім мен 3-параграфқа бөлінген 78-баптарда интеллектуалдық меншік құқығы қарастырылады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған соң нарықтық экономикаға лайықты заңдар тізбегі қабылданып қолданысқа ие бола бастады. Алғаш тәуелсіз Қазақстан Республикасы тарихында интеле-

лектуалдық меншік құқығына қатысты ұғым ҚР Азаматтық кодексінің (1994 ж.) жалпы бөлімінде көрсетілді.

Оған қоса, Азаматтық кодекстің 14, 38, 59, 115, 119, 125, 126-баптарынан, ҚР Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі №456 Заңы Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы №6-І Заңы, Қазақстан Республикасының Патент Заңы, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі №427 Заңы, Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 маусымдағы №217 Заңы, Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі №422 Заңы қабылданды.

Халықаралық тәжірибеде интеллектуалдық меншік құқығы Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымын (ВОИС) құру туралы құрылтай құжатында көрсетілді. 1967 жылы Стокгольм конвенциясында «интеллектуалдық меншік» ұғымы алғаш көрсетілді.

Жалпы заңнамада және ғылымда интеллектуалдық меншіктің бірыңғай анықтамасының ұғымы жоқ. Интеллектуалдық меншік түсінігі, ең алдымен, халықаралық құқықтық қайнар көздерде пайда болды және кейін сол халықаралық норма негізінде ұлттық заңнамаға енгізілді. Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымы Конвенциясының 2-бабына сәйкес, интеллектуалдық меншік құқығына мыналар кіреді: әдеби, ғылыми және көркем өнертабыстарға; әртістердің орындау қызметі, дыбысжазба, радио-теледидарлық берілістерге; адами қызметтің барлық облыстарындағы өнертабыстарға; ғылыми жаңалықтарға; өнеркәсіптік үлгілерге; тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға және коммерциялық белгілерге; жосықсыз бәсекеге қарсы қорғау; сонымен қатар интеллектуалдық қызметке жататын өндірістік, ғылыми, әдеби және көркем салаларындағы өзге де құқықтар.

Қазақстан Республикасы заңнамасында интеллектуалдық меншік объектілеріне ғылыми жаңалықтар мен теріс пиғылды бәсекеге қарсы күрестен басқасының бәрі кіреді. Ғылыми жаңалық интеллектуалдық меншік объектісі ретінде қарастыру мәсе-

лесі Қазақстан Республикасы Ғылым туралы заңдарының ережелеріне сүйенеді [6].

Күнделікті өмірімізде біз «интеллектуалдық меншік» немесе «интеллектуалдық меншік құқығы» деген сөздерді жиі болмаса да естіп жатамыз. Интеллектуалдық меншіктің нақты анықтамасы Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарда берілмесе де, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 125-бабында көрсетілгендей: Азаматтық немесе заңды тұлғаның шығармашылық интеллектуалдық қызметінің нәтижелеріне және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру құралдарына, жеке немесе заңды тұлғаның өзі орындайтын жұмысының немесе қызметі өнімдеріне (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет кәрсету белгісі және т.б.) ерекше құқығы танылады». Мұны біз заңдық тұрғыда бекітілген интеллектуалдық меншіктің анықтамасы ретінде қабылдаймыз. Интеллектуалдық меншік құқығының объектілері алуан түрлі болып келеді.

Оларға мыналарды жатқызуға болады: интеллектуалдық қызметтің туындылары; ғылым, әдебиет және өнер туындылары: өнертабыс, үлгі, өндірістік үлгілер; фирмалық атаулар; тауарлық белгілері және т. б.

Объектілерді интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижесі және азаматтық айналымға қатысушылардың даралану құралы деп екіге бөліп қарастыруға болады.

Жоғарыда көрсетілген интеллектуалдық шығармашылық қызметінің нәтижелері – біріншіден, адамның ой еңбегінің, қиялының, идеясының жетістігі, яғни шығармашылықтың нәтижесі. Сонымен қатар ол тек идея күйінде ғана емес, нақты өмірде материалдық сипатқа ие болуы керек. Мысалы, кітапта, киноөнерде, көркемсуретте және т. б. көрініс табуы қажет.

Интеллектуалдық меншік құқығы объектілерінің екінші тобы азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарының түрлері: фирмалық атаулар коммерциялық «сипаттағы заңды тұлғалардың ресми атаулары болып табылады. Интеллектуалдық меншік объектілеріне құқық интеллектуалдық меншік объектілерін құру фактісі және тәртіп бойынша өкілетті мемлекеттік органның құқықтық қорғауды беруі нәтижесінен туындайды.

Интеллектуалдық меншік объектілеріне қатысты күнделікті қолданылып жүрген затқа, мүлікке, меншік құқығын қолдануға болмайды. Оған интеллектуалдық меншіктің өзіндік табиғатының ерекшелігі мүмкіндік бермейді. Сондықтан да қолданыста жүрген заңнамада интеллектуалдық меншік объектілеріне айрықша құқықтар қолданылады.

**Қосымша материалдар: 1-7 сызбаларды қараңыз.**

**Бақылау сұрақтары:**

1. Интеллектуалдық меншікке қатысты алғашқы ұғымдарының қалыптасу тарихы қандай?
2. Интеллектуалдық меншік алғашқы ұғымдарының қалыптасуы?
3. Интеллектуалдық құқық қатынастарды реттейтін алғашқы заңдардың қалыптасу тарихы қандай?



## ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТҮСІНІГІ, ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІНЕ АЙРЫҚША ҚҰҚЫҚ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

Интеллектуалдық меншік – материалдық меншіктің түрі. ҚР АҚ сәйкес интеллектуалдық меншік – бұл айрықша құқық ретінде көрсетілген, бірақ «интеллектуалдық меншік» пен «айрықша құқықтың» арақатынасы ажыратылмаған. «Интеллектуалдық меншік» шығармашылық қызмет мүлік объектілеріне қолданылады. «Интеллектуалдық меншік құқығы» шығармашылық қызмет нәтижелері объектілеріне деген құқықты көрсетеді.

Интеллектуалдық меншік құқығы мен айрықша құқық бірдей ұғымдар емес, сол сияқты интеллектуалдық меншік объектілері мен айрықша құқық объектілері де бірдей ұғымдар емес. Себебі интеллектуалдық меншік объектілеріне кейде айрықша құқықтар режимі қолданылмайтын объектілер жатады, бірақ олар шығармашылық қызмет нәтижесі болып табылады. Мысалы: коммерциялық құпия (ноу-хау). АҚШ ғалымы-заңгер П. Розенберг айрықша құқықты 2-ге бөліп қарастыруды ұсынады: де-юре және де-факто. Бұған сәйкес, де-факто – айрықша құқықта ойлап табылған өнертабысты тиісті тәртіпте тіркеп, рәсімдеу қажеті жоқ. Өйткені ол құпия кезінде өзі-ақ сақталады дейді. Ал айрықша құқықты алу үшін міндетті түрде құқықты тіркеп, тану керек. Сондықтан де-факто айрықша құқыққа қолданылмайды.

Ноу-хау – бұл қорғалмаған объект. Ноу-хауды тапқан немесе ісленген субъектіде айрықша құқық болмайды, ол тек құпия кезінде ғана сақталады.

Қазақстан Республикасы заңнамада қарастырылған интеллектуалдық меншік объектілердің анықтамасын анықтауға, 10 маусым 1996 жылғы Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңнан және Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодекстің Жалпы бөлімінің 14, 59, 115, 119, 125, 126-баптарын және Ерекше бөлімнің 961-970-баптарының мазмұны мүмкіндік береді.

Сонымен, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 961-бабы интеллектуалдық меншік объектілерін көрсетеді:

1) интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері;  
2) азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдары жағады.

Интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелеріне:

1) ғылым, әдебиет және өнер өнертабыстары;  
2) эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдарының орындаушылығы, қойылымдары, фонограммалары мен хабарлары;  
3) өнертабыс, пайдалы үлгілер, өндірістік үлгілер;  
4) селекциялық жетістіктер;  
5) интегралдық микросызба топологиялары;  
6) ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары (ноу-хау).

Егер меншік құқығының объектісіне тән заттар және материалдық сипаты оның басты қасиеті болса, ал интеллектуалдық меншік объектісінің басты сипаты (ғылым, әдебиет және өнер, техникалық немесе көркем-конструкторлық шешімнің өнертабыстары) болып оның материалды емес, идеалды объект екендігі, «сезілмейтін және денесіз заттар», «денесіз мүлік», сезіну және ойлану қызметінің шешімі, философиялық немесе техникалық мәселенің мінсіз шешімін айтуға болады.

Бұл сезілмейтін және денесіз қасиеттер толық көлемде «ақпарат» терминін айқындайды. Интеллектуалдық меншіктің кез келген объектісі негізінде, егер сол немесе өзге де түрлік ерекшеліктерді алып тастаса, онда қалыптасқан шығармашылық идеялардың, факторлардың, бір нәрсені жекелендіру немесе тиімді шаруашылыққа мүмкіндік беру көзқарасы бойынша эстетикалық, танымдық немесе коммерциялық құндылығы бар ақпаратты білдіреді.



Бірақ барлық ақпарат интеллектуалдық меншіктің объектісі емес. Интеллектуалдық меншіктің объектісі болып тек оның қорғанысында тұратын объектілер, шығармашылық қызмет нәтижесі және азаматтық айналым субъектілерін дараландыру құралдары, олардың тауарлары және қызметтері ақпарат танылады. Мысалға, авторлық құқықтың объектісі болып жай ақпарат сипатына не, оқиғалар мен фактілер жайлы хабарламалар табылмайды.

Сонымен қоса ақпарат бірлігі – интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижесі немесе оған теңестірілген объект, ең алдымен, оған деген анықталған құқықтардың пайда болуынан, тұтынушылық, нарықтық құндылыққа не болады. Егер, мысалға, кітапты алсақ, оның құндылығы оны шығаруға кеткен материалдарда еместігін білдіреді, қаншалықты олар қымбат болса да. Кітаптың құндылығы берілген шығармашылық нәтижеге автордың және өзге тұлғалардың меншіктік және меншіктік емес құқықтарына байланысты.

Азаматтық құқықтың объектісі ретінде интеллектуалдық меншікке тән белгілер келесідей сипатта:

- денесіздік және идеалдылығы (материалдық емес);
- объектіге құқықтарды белгілеу және немдену жағдайының ерекше нысанын көрсетеді.

Заттық құқықтардың объектісі әрқашан жеке, анықталған зат болып келеді, ал интеллектуалдық меншік құқығының объектісі – бұл мүліктік емес және олармен байланысты құқықтардың кешені. Көрсетілген құқықтың субъектісіне заңды негізде оны қолдануға айрықша құқықтың бекітілуіне қарағанда, оның идеяларының (кітаптар, фильмдер, өнертабыстар және т.б. объектілер) материалды жүзеге асуы аса маңызды емес.

Заң әдебиеттерінде интеллектуалдық меншіктің объектісін былай анықтауға мүмкіндік береді: «құқықпен қорғалатын интеллектуалдық шығармашылық қызметтің объектісінің шешімге және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру тәсілдеріне, жеке немесе заңды тұлғалардың өнімдеріне, олармен орындалатын жұмыс немесе қызметке жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтық кешен түріндегі ақпарат түрі». Бұл түсініктерден интеллектуалдық меншік объектілерінің келесі құрылымдарын бөліп көрсетуге болады:

- меншік құқығының мүлкі мен объектісінің түрлілігі;
- дараландыру тәсілдері мен шығармашылығының нәтижесі.

Көрсетілгендердің әрқайсысын дәйекті түрде қарастырып шығайық. Мүліктің түрі ретінде берілген объектілер ҚР АҚ 125-бабында қарастырылған, бұл объектілер интеллектуалдық меншік деп аталады және ҚР АҚ-ң 3-бөлімі 1- параграфінде, мүліктің пайда болу көздері және түрлеріне арналған баптарда көрсетілген.

Интеллектуалдық меншік объектілерінің басқа азаматтық құқық объектілерімен бірге азаматтық айналымға қатысушыларды анықтау үшін ҚР АҚ 59-бабы былай деп бекіткен: «Ақша, бағалы қағаздар, заттар, зияткерлік қызмет нәтижесі құқығын қоса алғанда, мүліктік құқықтар және өзге де мүлік шаруашылық серіктестіктің жарғылық капиталына салынатын салым бола алады».

ҚР Авторлық құқық және сабақтас құқық туралы заңның «Негізгі ұғымдар» деп аталатын 2-бабы «интеллектуалдық меншік – бұл шығармашылық қызметтің объектіленген нәтижесіне меншік» екенін тікелей көрсетеді [10].

Мұндай ұғым біздің еліміздің заңнамасында көптеген тарихи себептердің негізінде орын алған. XVII–XIX ғасырларда дамыған Еуропа елдеріне мынадай объектілердің ерекшеліктерін сезіну кезеңі болды, олар әдеби туындылар, өнертабыстар, музыкалық және ғылыми туындылар, ал идеологиялық және құқықтық негізі ретінде тиісінше табиғи құқық теориясы және рим азаматтық құқығының қайта өркендеуі қызмет етті. Жаңа құқықтық құбылыстарға ескілерін қолданған, тексерілген заңды құрылымдар, соның ішінде меншік құқығы құрылымы. Солай көптеген елдердің заңнамаларында «әдеби меншік», «көркем меншік», «ғылыми меншік», «өндірістік меншік» ұғымдары пайда болып, бекітілді. Соңынан олардан бас тартып, басқа теория пайда болды – шығармашылық нәтижесіне «интеллектуалдық меншік теориясы», айрықша құқық деп түсіндірілетін және оның заттық және міндеттемелік құқықтан өзгеше екендігі анықталды. Алайда «интеллектуалдық меншік» термині қалды, алайда көптеген мамандардың қарсылығын туғызды және әлі де туғызып келеді.

Заңнамада қатаң көрсетілген жағдайларда қорғалатындығы, біздің ойымызша, интеллектуалдық меншік пен заттық құқық-

тардың жалпы ортақ екінші белгісі болып келеді. Белгілі ғалым М.К. Сүлейменов заттық құқықтарға тән бұл белгіні «заңмен белгіленген» белгі деп таниды. ҚР АҚ 125-бабы бойынша интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелеріне және оларға теңестірілген дараландыру тәсілдеріне айрықша құқық жеке немесе заңды тұлғада ҚР Азаматтық кодексте және өзге де заңнамалық актілерде көзделген тәртіп пен жағдайларда пайда болады.

Ерекше атап өтетіні: интеллектуалдық меншік құқығының барлық объектілеріне аумақтық және уақытына қарай шектеулік сипаты бар.

Интеллектуалдық меншік құқығы оның пайда болған елінде ғана танылады. Басқа елдерде бұл құқық қорғалмайды, туындылар, өнертабыс немесе субъектіні дараландыру құралдары үшінші тұлғалармен шектелмей қолданылуы мүмкін немесе екі тараптық шарт немесе көптараптық конвенция түріндегі халықаралық келісімшарт бар болғанда қорғалады. Керісінше шетел азаматтарының меншік құқығы біздің еліміздің аумағында танылады және қорғалады, сәйкесінше қазақстандық азаматтардың меншігі басқа елдерде қорғалады.

Құқықты қорғау мүмкіндіктерінің көпгүрлілігі интеллектуалдық меншік пен заттық құқықтарды ажырататын белгісі болып келеді.

Заттық құқықтарға басқа тұлғалардың қолсұғушылығынан қорғаудың абсолютті сипаты тән, негізінен, спецификалық тәсілдердің көмегімен (виндикациялық және негаторлық талап арыздар деп аталатын), заттық құқықтық талап арыздардың жалпы категориясымен біріктірілетінін айтқан жөн. Қазіргі уақытта халықаралық конвенциялар кезеңі алдыңғы кезең жетістіктерін интеллектуалдық меншік объектілері қорғау технологиясы жағынан дамытылып және ең басты кемшілігін – бірнеше мемлекетте объектілерді бір уақытта қорғау мүмкінсіздігін жойды. Интеллектуалдық меншік құқығын барлық әлемде, сонымен қатар жекелеген елдерде тиімді қорғау жүйесін құру жөніндегі бүкіл жұмысты үйлестіретін – дүниежүзілік орталық.

Соңғы уақытта интеллектуалдық меншік құқығын қорғаудың әлемдік жүйесіне әсер ететін жаһандық оқиғалар болып екі фактор табылады: компьютерлік интернет жүйесінің дамуы жә-

не Халықаралық Сауда Ұйымы (ХСҰ) құрылуы. Бұл әлемдік процестер интеллектуалдық меншік объектілерін қазақстандық ұлттық қорғау жүйесінің қайта құрылуымен сәйкес келді және олар сөзсіз оның құрылуының жылдамдығы мен жүйелілігіне әсер етеді.

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша интеллектуалдық меншік құқығы объектілерінің жіктелуі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 961-бабында бекітілген. Онда қысқаша өзгертулермен қатар қазіргі заманғы ДИМҰ(ВОИС) Конвенциясында көрсетілген интеллектуалдық меншікке қатысты халықаралық құқықтық түсініктерде көрсетілген. Бұл Конвенцияның 1 бабы интеллектуалдық меншік объектілерінің төрт түрін бөліп қарастырған. Олар:

- интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері (әдеби, өнер және ғылыми туындылар; әртістердің орындаушылық қызметтері; дыбысжазбалар; радио және теледидарлық бағдарламалар; адамн қызметтің барлық салаларындағы өнертабыстар; ғылыми жаңалықтар; өндірістік үлгілер);
- катынастардағы субъектілерді жекшелеңдірудің құралдары (өндірістік үлгілер; тауарлық белгілер, қызмет белгілері, фирмалық атаулар мен коммерциялық белгілері);
- жосықсыз бәсекеге қарсы күрес;
- өндірістік, ғылыми, әдеби және өнер салаларындағы интеллектуалдық қызметке қатысты басқа да барлық құқықтар.

Назар аударатын болсақ, конвенция түбегейлі бір мағынаны ғана анықтауға тырыспайды. Көрсетілген конвенция шеңберінде, яғни одан тысқары интеллектуалдық меншіктің түсінігіне жол береді деген сөз.

Қазақстан Республикасы мен басқа да ТМД мемлекеттерінің заңнамаларының жанашылдығы «өндірістік меншік объектісі» терминінің енгізілуі болып табылады.

ҚР АҚ «өндірістік меншік объектісі» термині қолданылмаған және ҚР АҚ 961-бабы оған қатысты объектілерді көрсетпейді. Бірақ басқа да нормативтік құқықтық актілерде бұл термин белсенді түрде қолданылған. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Патенттік заңының 1-бабы негізгі түсі-

ніктер мен терминдерге бағытталған, өндірістік меншіктің объектілерінің максатын заңға сәйкес «өнертабыс, пайдалы модельдер және өндірістік үлгілер» деп анықтайды. ҚР АҚ 961 бабының мәтінінде көрсетілген интеллектуалдық меншік құқығы объектілерін – интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелерін – өндірістік меншіктің объектілеріне өнертабыстар, пайдалы модельдер, өндірістік үлгілер, селекциялық жетістіктер жатады.

Азаматтық тауарлар айналымының, жұмыс және қызмет көрсетушілерді дараландыру құралдары болып мыналар танылады:

- фирмалық атаулар;
- тауарлық белгілер (қызметтік белгілер);
- тауардың шыққан жерінің аты.

ҚР АҚ және заңнамалық актілермен көрсетілген жағдайдағы азаматтық айналым, тауар және қызмет мүшелерін жекешелендірудегі басқа да құралдар.

Фирмалық атауларға коммерциялық түрдегі заңды тұлғалардың, серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың, өнеркәсіптердің, фирмалардың, компаниялардың атаулары жатады.

Осылайша, ҚР АҚ 961-бабында көрсетілген интеллектуалдық меншік құқығы объектілерінің тізімі, интеллектуалдық өндірістік объектілеріне – өнертабыстар, пайдалы модельдер, өндірістік үлгілер, селекциялық жетістіктер, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер, тауарлардың шығу орнының атаулары жатады.

Интеллектуалдық меншік объектілерін қорғаудың әдістеріне байланысты екі түрлі қорғау жүйесі көрсетіледі – фактологиялық және регистрациялық, сәйкесінше бұл тіркесуді талап етпейтін және тіркеуге жататын болып та бөлінеді. Бұл жоғарыда аталған ҚР АҚ 962-бабында көрсетілген.

Құрамына байланысты жалпы интеллектуалдық меншік құқығы объектілері қорғаудың төрт институты бар. Олар: авторлық құқық және сабақтас құқықтар институты, патенттік құқық, өндірістік өнім мен азаматтық айналымның нелерін дараландыру құралдары, интеллектуалдық меншік объектілерінің әдеттегі емес (дәстүрлі емес) түрлерін қорғау институты. Төртінші институт «дәстүрлі емес объектілерге», олар селекциялық жетістіктерді, микросхемалардың интегралдық топологиясын, коммер-

циялық және қызметтік құпияны қамтитын ақпараттарды қорғау институты болып табылады.

Интеллектуалдық меншік объектілерінің ерекшелігі: бұл шығармашылық объектіге айрықша құқық беру немесе айналымдағы басқа қатысушылар үшін ғылым мен техниканың белгілі бір бағыты бойынша монополияны қалыптастырады. Сондықтан көптеген дамыған елдердің заңнамасы осы монополияны шектеуге немесе оның теріс әсерін барынша азайтуға тырысады. Алайда зияткерлік қызметтің нәтижелеріне жеке мүліктік емес құқықтар негізінде шексіз жұмыс істейтініне назар аудару керек. Мысалы, Абай Құнанбаевтың авторлық құқықтарын қорғау мерімі аяқталды, бірақ ол жұмыстарға қатысты автордың жеке мүліктік емес құқықтарына қол сұғылмау құқығы күшінде қалады және кез келген уақытта қорғалады. Интеллектуалдық меншіктің сипаты көрінетін мынандай белгілерді атап көрсетуге болады:

1) интеллектуалдық меншік объектілері: материалдық емес нәтижелері. Оларда тозу деңгейі жоқ, белгісіз тұлғалар арасында қолданылуы мүмкін, бағасын нақты анықтау мүмкін емес, сондықтан ол объективтік тұрғыдан анықталады. Ол объектілердің түрлері:

- авторлық құқық объектілері (ғылым, әдебиет, мәдениет шығармалары, ЭВМ-ге арналған бағдарламалары);
- сабақтас құқық объектілері (фонограмма, орындаушылық, эфирлік хабар тарату);
- патент құқығы объектілері (өнертабыс, өнеркәсіптік үлгі, пайдалы модель);
- субъектілердің дараландыру құралдары (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі, таңбалары);
- дәстүрлі емес интеллектуалдық меншік объектілері (селекциялық жетістіктер, интегралды микросхема топологиясы).

2) айрықша құқықтың абсолютті сипаты бар. Шығармашылық қызмет нәтижесіне құқық алғашқы заңмен бекітілген тұлғаға тиесілі. Оның құқығын бұзу заңмен қорғалады;

3) күрделі заңды құрылымға ие. Жеке құқық пен одан туындайтын мүліктік құқық:



4) объектіге катысты әртүрлі әрекеттер жасауға мүмкіндік берілген (бір мезгілде қолданылуға береді немесе қолдануға тыйым салады);

5) айрықша құқық мерзімді сипатқа не;

6) аумақтық сипаты бар;

7) айрықша құқықтың пайда болу ерекшелігінің әртүрлілігі. Мысалы: патентке не болу үшін тиісті тәртіпте тіркеп, рәсімдеген соң құқыққа не болады. Ал авторлық құқықта шығармашылығы жарияланған кезде айрықша құқық пайда болады;

8) айрықша құқық заңға негізделген (шеңбері заңмен анықталады).

Сондықтан интеллектуалдық меншік құқық объектілеріне айрықша құқық объектілерінен басқа да объектілер (шығармашылық нәтижелері) енуі мүмкін. Мысалы: ноу-хау.

Сонымен қорыта келе «интеллектуалдық меншік» және «интеллектуалдық меншік құқығы» ұғымдары бірдей емес. Сондықтан бұларға «заттық құқық» институтын қолдануға болмайды. «Заттық құқықтық» ұғымдар емес, яғни зат емес. Тарихи қалыптасқан негізгі екі топ: авторлық құқық; өнеркәсіптік меншік. Авторлық құқық қайталанбау керек, шығармашылық ой нәтижесі, сондықтан тіркеу қажет емес. Өнеркәсіптік меншікке катысты жаналықтар қайталануы мүмкін, бірақ өзгертіліп жаналық ретінде қайта заңдастырылады, мемлекеттік тіркелуді қажет етеді.

«Интеллектуалдық меншік» ұғымы үш түрлі мағына береді:

1. Шығармашылық ой нәтижелеріне катысты материалдық емес құндылықтардан туындайтын адамдардың арасындағы қатынастардың жиынтығы.

2. Адамның интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқық.

3. Кең мағынада интеллектуалдық меншік құқығы объектілері және оларға катысты туындайтын, қорғалатын құқық.

Жалпы интеллектуалдық меншік құқығының түсінігі объективті және субъективті мағынада болады.

Объективтік мағынада интеллектуалдық меншік құқығы дегеніміз – шығармашылық қызмет нәтижелеріне жеке тұлға мен заңды тұлғаның құқықтарын реттейтін, қорғайтын азаматтық құқықтың бір институты.

Субъективтік мағынада интеллектуалдық меншік құқығы дегеніміз – интеллектуалдық меншік объектілеріне айрықша құ-

қық. Заңнама негізде объектілерді қолдануға басқа тұлғаларға рұқсат беру не қолдануға тыйым салу.

Интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне айрықша құқық екі топқа бөлінеді:

– жеке мүліктік емес құқық (авторлық құқық, есімге құқық, іскерлік беделді қорғау);

– мүліктік құқық – мүліктің құрамында қолданылатын интеллектуалдық қызмет нәтижелері (кәсіпорын – мүліктік кешен).

Интеллектуалдық меншік құқығының қайнар көздеріне:

– нормативтік құқықтық актілер;

– халықаралық шарттар;

Әдет-ғұрып нормалар жатады. ИНКОТЕРМС-2017. ДҰНИМ (Женева).

Интеллектуалдық құқықтың қайнар көзі ретінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілер:

1. ҚР Конституциясы; 2. ҚР Азаматтық кодексімен қатар бірқатар заңдар кіреді. Мысалы оларға: ҚР Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі №456 Заңы; Қазақстан Республикасының Патент Заңы 1999 жылғы 16 шілдедегі №427; Интегралдық микросхема-лар топологияларын құқықтық қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 маусымдағы №217 Заңы; Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі №422 Заңы; Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заң жатады.

Шетелдерде интеллектуалдық қатынастарды реттейтін, заңнаманың орындалуын бақылайтын арнайы органдар бар. Мысалы: Австрия, Бельгия, Дания, Франция, Канада, АҚШ, т.б. Канада сияқты мемлекеттерде екі орган бар: арнайы орган және арнайы полиция. Швейцарияда Федеральды институт деген орган құрылған. Қазақстан Республикасында интеллектуалдық саласына катысты құрылған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институты айналысады.

Интеллектуалдық құқық қатынастарды құқықтық реттеу ба-рысында қайнар көз ретінде қолданылатын халықаралық шарттардың маңызы зор. Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік ин-теллектуалдық меншік ұйымына мүше (ВОИС) мүше және оның

бірқатар халықаралық конвенцияларды ратификациялаған. Қазақстан Республикасы қосылған халықаралық конвенциялар:

1) Авторлық құқық туралы конвенция. 1952 ж., 1971 ж. қайта қаралды.

2) Әдеби және шығармашылық нәтижелерді қорғау туралы Берн конвенциясы. 1886 ж. қабылданды. 1971 жылы соңғы рет өзгертілген.

3) Фонограмманы заңсыз қолданушыларды, фонограмма шығарушылардың мүддесін қорғау туралы конвенция. 1971 жылы қабылданған.

4) Рим конвенциясы әртіс орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың құқықтарын қорғау туралы 1961 жылы қабылданған.

5) Спутник арқылы таратылатын бағдарлама тарату туралы Брюссель конвенциясы 1974 жылы қабылданған.

6) Өнеркәсіп меншікті қорғау туралы Париж конвенциясы 1883 қабылданды. 1967 ж. соңғы редакциясы.

7) Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімі 1891 жылы қабылданды.

8) Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық сыныптамасы туралы Ницца келісімі, 1957 жыл.

9) Өнеркәсіптік үлгіні халықаралық жіктеу туралы Лоренц келісімі, 1968 жыл.

10) 2006 жылғы 27 наурыздағы Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шарты

Сонымен қорыта келе интеллектуалдық меншік құқығы – интеллектуалдық құқық объектілеріне қатысты құқық қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтың бір саласы.

**Қосымша материалдар:** 1-7 сызбаларды қараңыз.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Интеллектуалдық меншік ұғымдары мен айрықша құқық арақатынасы қандай?
2. Интеллектуалдық меншік құқығының түсінігі мен белгілерін атаңыз.
3. Интеллектуалдық құқықтың қайнар көздерін атаңыз.

## АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Авторлық құқықтың түсінігі екі мағынада түсіндіріледі, яғни объективтік және субъективтік мағынада түсіндіріледі.

Объективтік мағынада авторлық құқық дегеніміз – бұл өнер, әдебиет, ғылыми туындыларын шығару, қорғау және қолдануға қатысты қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтың бір институты.

Субъективтік мағынада авторлық құқық дегеніміз – бұл авторлық құқық объектілеріне автор және басқа да тұлғалардың мүліктік және мүліктік емес құқықтары.

Авторлық құқық қатынастарды реттейтін заңдар мыналар: Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі, ҚР Авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау туралы заң 1996 жылғы 10 маусымда қабылданған және ҚР Ғылым туралы заңы, ҚР сәулет қызметі және қала құрылысы мен құрылыс қызметі туралы заңы.

Авторлық құқықтың таралуы нысандары әртүрлі. Авторлық құқық жарияланған немесе жарияланбаған нысанда болады. Жарияланған баспадан шыққан немесе жазбаша (қолжазба, машинкаға басылған, нотаға жазылған және сол сияқты); ауызша (көпшілік алдында айтылған, көпшілік алдында орындалған және сол сияқты); үнжазба немесе бейнежазба (механикалық, сандық, магниттік, оптикалық және сол сияқты); бейнелеу (сурет, нобай, көркемсурет, жоспар, сызба, кино, телебейне немесе бейнесурет және сол сияқты); көлемді-кеңістікті (мүсін, үлгі, макет, гизмат және сол сияқты) т.б.

Әдеби шығарма: көркем шығарма оған қоса, сценарий, либретто, мәтін, нота жазбалары, газет-журнал мақалалары, күнделіктер мен хаттар.

Ғылыми шығарма: жазбаша ғылыми, ғылыми жария, оқу бағыттарында шығарған мәліметтер (кітап, кітапшалар, мақала, патент құжаттар, өндірістік каталог, конструкторлік құжаттамалар).

Өнер туындылары: графика, мүсін, фото туындылары.

Туынды дегеніміз – бұл автордың шығармашылық ой нәтижесінде туындаған ой, бастама үлгілердің жиынтығы, адам қабылдауға мүмкіндік беретін нысанда және таратылуға жарамды туынды. Туындының екі элементі бар:

1) материалдық емес (ой, бастама, үлгі, идея);

2) материалдық заттай нысан (қолжазба, мүсін, сурет).

Сонымен, авторлық құқықтың жариялану нысаны ауызша, жазбаша, дыбыс, бейнежазу, бейнелеу, көлемді-кеңістікті нысанда болады.

Авторлық құқық объектілері мыналар болып табылады:

1) әдеби туындылар;

2) драмалық және музыкалық-драмалық туындылар;

3) сценарийлік туындылар;

4) хореография және пантомима туындылары;

5) мәтінді немесе мәтінсіз музыкалық туындылар;

6) аудио-бейне туындылар, радио туындылар;

7) кескіндеме, мүсін, графика туындылары мен басқа да бейнелеу өнерінің туындылары; қолданбалы өнер туындылары;

8) сәулет, қала құрылысы, дизайн және бау-саябақ өнері туындылары;

9) фотосурет туындылары және фотосуретке ұқсас әдістермен алынған туындылар;

10) географияға, топографияға және басқа ғылымдарға қатысты карталар, жоспарлар, эскиздер, безендірмелер мен үш өлшемді туындылар;

11) ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар, т.б.

Авторлық құқық объектілеріне мынандай объектілер жатпайды:

1) ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, заң, әкімшілік, сот сипатындағы және дипломатиялық сипаттағы өзге де мәтіндер), сондай-ақ олардың ресми аудармалары;

2) мемлекеттік нышандар мен белгілер (жалаулар, елтаңбалар, ордендер, ақша белгілері және өзге де мемлекеттік нышандар мен белгілер);

3) халық шығармашылығы туындылары;

4) оқиғалар мен фактілер туралы ақпараттық сипаттағы хабарлар.

Авторлық құқықтың субъектілері интеллектуалды меншік құқығын мүлктік және мүлктік емес құқықтарды иеленуші тұлғалар танылады. Оған жататындар:

1) жеке тұлға (автор, мұрагерлер);

2) заңды тұлға (қызметтік туынды, жоба, авторлар);

3) мемлекет (қызметтік әскери туындылар).

Авторлар алғашқы және туынды авторлар болып бөлінеді. Алғашқы авторлар – өнер, әдеби, ғылыми шығарманы алғаш шығарып, жариялаған жеке және заңды тұлғалар. Туынды авторлар – туынды жариялағаннан кейін авторлық құқықты иеленуші мұрагерлері, мемлекет.

Авторлық құқық пайда болу үшін қандай да бір тіркеуді қажет етпейді. Өздерінің айрықша мүлктік құқықтары туралы хабарлау үшін автор және (немесе) құқық иеленуші авторлық құқықты қорғау белгісін пайдалануға құқылы, ол белгі туындының әр данасына қойылады және міндетті түрде мынадай үш элементтен тұрады: қоршауға алынған латынша «С» әрпі; айрықша авторлық құқықтар несінің есімі (атауы); туындының алғаш жарияланған жылы.

Авторлық құқықты тіркеу – автордың құқығы. Автордың ресми тізілімге тіркелуін тиісті уәкілетті орган жүзеге асырады. Өзге дәлелдеме болмаған жағдайда туындының түпнұсқа данасының авторы ретінде көрсетілген автор танылады. Толық әрекет қабілеттігі жоқ, әрекет қабілеті шектелгендер және толық әрекет қабілеттілікке ие емес тұлғалар автор бола алады. Бірақ тек қамқоршысы мен қорғаншылары арқылы авторлық шартқа қатыса алады.

Автордың авторлық құқықтарының негізі оның фамилиясы мен аты-жөні және тақырыбы болып табылады. Егер жұмыс екі немесе одан да көп адамның бірлескен шығармашылық жұмысы арқылы жасалса, олар авторлас ретінде танылады. Осы тарауда, сондай-ақ басқа заңдарда автор (бірлескен автор) құрастырушы, аудармашы, компилятор, режиссер, композитор ретінде тағайындалған тұлға ретінде түсінікті болуы мүмкін. Жұмыстың авторы тек жеке тұлға бола алады. Жалпыға ортақ зияткерлік



меншік туралы ережеге жататын Азаматтық кодекстің 963-бабына сәйкес, авторлық құқық туралы ереже авторлық құқық арқылы айқындалады және зияткерлік қызметтің нәтижесі авторы (авторлық құқық) деп тану құқығы – шығармашылық жұмыс жасаған адамға ғана тиесілі болуы мүмкін зияткерлік қызметтің нәтижесі.

Авторлық шығармашылық туынды екі немесе одан да көп адамның (тең авторлардың) бірлескен шығармашылық еңбегімен жасалған болса, мұндай туындының бөлінбес біртұтас болуына немесе әрқайсысы өз алдына жеке мәнге ие бөлімдерден тұратындығына қарамастан, тең авторларға тиесілі болады. Бұндай туындының бір бөлігін осы туындының басқа бөліктеріне қарамастан пайдалану мүмкін болса, бұл бөлігі дербес мәні бар туынды деп танылады.

Авторлар:

- а) сценарий авторы;
- б) дыбыс-бейнежазу туындысына арнайы жасалған музыкалық туындының (мәтіні немесе мәтінсіз) авторы (сазгер);
- в) қоюшы-режиссер;
- г) қоюшы-оператор;
- д) қоюшы суретші болып табылады.

Дыбыс-бейнежазу туындысын жасаған кезде тең авторлар шарт жасайды.

Сонымен қатар қызмет барысында жасалған қызмет бабымен міндеттерді және жұмыс берушінің тапсырмасын орындау тәртібі бойынша жасалған туындыға авторлық құқықты қызметкер алады.

Қолданыстағы заңнаманың нормалары авторлық құқықты қорғаудағы іргелі өзгерістерді анықтайды. Олар, негізінен, мыналар:

а) авторлық құқықты пайдаланудың құқықтық режимі ырықтандыру бағытында өзгерді, мемлекет оларды толық реттеуден бас тартты. Осы сипаттағы өкілеттіктердің көпшілігі келісімшарт тараптарының, сондай-ақ авторлық құқықты ұжымдық басқарудың нысаны негізіне арнайы ұйым құрып басқаруға болады.

б) авторлық құқық (меншік) өнеркәсіптік меншік объектілері ретінде нарықтық қатынастардың бірдей нысаны болды. Яғни

азаматтық айналымнан толық шығара отырып, авторлық құқықтың берілмеуі аяқталды.

в) «Бос» деп аталатын сала, яғни келісімшартсыз және басқа біреудің жұмысын өтеусіз пайдалану күрт төмендейді және шектеу сипатындағы тізімде анықталған ең төменгі деңгейге дейін азаяды. Мұндай жағдайлар жалпы ережелерден ерекшеленеді, өнім автормен өтетін келісімшартта пайдаланылады.

г) тікелей туындайтын және негізгі авторлық құқыққа негізделген байланысты құқықтарды құқықтық қорғаудың тұжырымдамасы, мазмұны мен шаралары өте кең. Кенестік заңнамада мұндай қорғаныс айқын көрсетілмеді және авторлық құқық нормаларын түсіндіру арқылы оның бар болу мүмкіндігін алу қажет болды.

д) авторлық құқықтың және оны қорғаудың шынайылығын қамтамасыз ету үшін маңызды байланыстың қызметі авторлық және сабақтас құқықтар иелерінің мүліктік құқықтарын ұжымдық басқаруға арналған ұйымдар – заңдастырылған және реттелген объектілерге қатысты көрінеді.

е) авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау бойынша әртүрлі және тиімді шаралар орындалады, олардың қолданылуы қылмыстық жауаптылыққа тартылады [14, 45-б.].

Авторлық құқықтық мазмұны субъектінің мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарының жиынтығынан құралады.

Автордың жеке құқықтарына мыналар жатады:

- а) туындыға автор ретінде танылу құқығы;
- б) туындыны өз атымен немесе бүркеншек атпен жариялау құқығы;
- в) туындыны өзгерту, қорғау құқығы, авторлық беделін қорғау;
- г) белгісіз тұлғаларға туындыны жария етуге рұқсат беру құқығы.

Авторлық құқық – автордың қорғалатын құқығы. Автордың беделін қорғау құқығы қайта өңдеу кезінде де ерекше қорғалады. Автордың немесе өзге құқық иеленушінің сол туындыны кез келген нысанда және кез келген әдіспен пайдалануға мүліктік (айрықша) құқығы бар.

Автордың туындыны пайдалануға мүліктік (айрықша) құқықтары төмендегі әрекеттерді жүзеге асыру, рұқсат ету немесе жүзеге асыруға тыйым салу құқығын білдіреді:

- 1) туындыны қайта шығару (қайта шығару құқығы);
  - 2) туындының түпнұсқасын немесе даналарын кез келген әдіспен таратуына: сатуына, айырбастауына, прокатқа (жалға) беруіне, өзге де операциялар, оның ішінде ашық телекоммуникациялар желісінде операциялар жасауына (тарату құқығы);
  - 3) тарату мақсатында туынды даналары, соның ішінде автордың немесе авторлық құқықтардың өзге несінің рұқсатымен дайындалған даналарын импорттау (импортқа әкелу құқығы);
  - 4) туындыны жария көрсету (жария көрсету құқығы);
  - 5) туындыны жария орындау (жария орындау құқығы);
  - 6) туындыны жария хабарлау (туындыны жалпы жұрттың назарына арнап хабарлау), соның ішінде эфирде немесе кабель арқылы хабарлау (жария хабарлау құқығы);
  - 7) жалпы жұрттың назарына арнап эфирде алғашқы және (немесе) кейінгі хабарлауды қоса алғанда туындыны эфирде хабарлау (эфирде жариялау құқығы);
  - 8) жалпы жұрттың назарына арнап кабель арқылы алғашқы және (немесе) кейінгі хабарлауды қоса алғанда туындыны кабель арқылы хабарлау (кабель арқылы хабарлау құқығы);
  - 9) туындыны аудару (аудару құқығы);
  - 10) туындыны қайта жасау, музыкалық әуендеу немесе басқаша түрде қайта өңдеу (өңдеу құқығы);
  - 11) туындыны жалпы жұрттың назарына жеткізу құқығы жатады.
- Туындыны қайталап беру дегеніміз туындыны қайта жаңарту болып табылады. Мынандай жағдайда туындыны репродукциялауға рұқсат етіледі:
- 1) заңды түрде жарияланған туындыны кітапханаларда және архивтерде қалпына келтіру, жоғалып кеткен немесе бүлінген данасын ауыстыру;
  - 2) жарияланған туындының үзінділерін пайда алмай білім беру ұйымының дәрісханаларында пайдалануға болады;
  - 3) жеке оқыл үйрену үшін пайдалануға болады.
- Туындыны тек жеке мақсатта пайдалану үшін мынандай жағдайларда иетелге алып шығаруға болады.
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне айрықша құқықты заңнамалық түсіну ерекшелігі белгіленді. ҚР АҚ 978-бапқа сәйкес, «Автордың меншік құқығы» деп аталады және

оның 1-тармағында автордың туындыны кез келген түрде және кез келген түрде пайдалануға эксклюзивті құқығы бар деп белгіленеді. Яғни автордың жұмысын пайдалану құқығы – бұл меншік құқығы, дегенмен қайталаймыз, кез келген меншік құқығында мүлдітік емес элементтер бар. Мүлдітің сипаты туралы мәлімдеме көп танымдық емес, практикалық маңызы бар. Бұл өкілеттіктер жеке мүлдітік емес құқықтардан өзгеше, мұраға қалдырып, азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша толық немесе ішінара берілуі мүмкін. Жұмысты пайдалану авторлық құқықтар тізбесі көбейту құқығымен басталады. ҚР АҚ 978-бабында, сапасын көбейтуді түпнұсқада (шығарманы жариялау, дыбыс немесе бейнежазбаларды ойнату және т.б.) объективті нысандағы жұмысты қайталап беру ретінде анықтайды. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңның 2-тармағы тұжырымдаманы түсіндіреді және шығарманың бір немесе одан да көп даналарының кез келген материалдық нысанда, соның ішінде дыбыстық және бейнежазу түрінде өндірісті жаңғыртуға жатады. Сондай-ақ туындыларды көшіру – электронды (соның ішінде цифрлық), оптикалық немесе басқа машина оқитын нысандарында уақытша немесе тұрақты сақтауға арналған жазбалар. Авторлардың құқықтарын тиімді қорғау мақсатында көшіру жұмыстарын жаңғыртудың жаңа техникалық жолдары пайда болған кезде, олардың сипаты мен осындай әрекеттердің шектеулері туралы ерекше ескертулер қажет болды. Осылайша, жаңғырту (репрографиялық көбейту) фотокошіру немесе басылымнан өзге техникалық құралдар арқылы жазбаша және өзге де графикалық жұмыстардың түпнұсқалары мен көшірмелерінің кез келген мөлшерінде және формасында факсимильді көшірмесін білдіреді.

Опер туындыларына қатысты оны қайта жаңғырту құқығы қол жеткізу құқығы сияқты бастапқы құзыретке айналады. Суреттің авторы мүмкіндіктің несінен оның көшірмесін жасауды талап етуге құқылы.

Автордың ақпарат тарату туралы құқықтарына қатысты айтатын болсақ, ҚР Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңның 16-бабында автордың рұқсатымен немесе басқа авторлық құқық иеленушімен (импортқа құқық) жасалған көшірмелерді қоса, дербес құқық ретінде автордың таратуға арналған

көшірмелерін импорттау құқығы қозделген. Біздің ойымызша, импорт құқығы – бұл ерекше оқиға, бөлу құқығының ажыратылмайтын бөлігі. Тұтастай алғанда, тарату құқығы, нарықтық сипаттағы маңызды құқық болып табылады, бұл авторлық құқықты иеленудің түбегейлі өзгеруін көрсете отырып, әртүрлі мәмілелердің нысанасы болды.

Жалпыға қолжетімділік және жалпыға ортақ орындау құқығы: екі түбегейлі дербес жеке өкілеттіктер табиғатта өте ұқсас. Олар әртүрлі объектілер тобына жатады. Әртүрлі рамкалар, фильмдер, бейнелеу өнері және аудиовизуалды жұмыстардың технологиялық құралдарының көмегімен демонстрация арқылы ашық көрсетіледі. Ойын, ән айту, би, пантомима, музыкалық, драмалық, хореографиялық және осы сияқты ұқсас жұмыстармен бірдей орындалады. Және де жалпыға ортақ көрініс пен жалпы халықтық өнімді фильмге, саундтрекке және т.б. қолдануға болады, бірақ нағыз авторлардың немесе оның халықтық туынды екені айтылады [16, 89 б.].

Бұл өкілеттіктердің құндылығына жақын, бірақ олардан өзгеше, сондықтан олар автор мәтініне тәуелсіз болып саналады. Бұл – ҚР Азаматтық кодексінің 978-бабына сәйкес, жалпыға ортақ хабарлау және эфирге шығу құқығы. Қоғамдық дисплей және орындау өзгеше ауқымды аудитория камту, сондай-ақ әлемдік ақпараттық желінің арнайы техникалық құралдардың көмегімен қарым-қатынас жүзеге асыру болып табылады. бұлар радио және теледидар таратқыштар, спутниктері, қайталауыштар, талшықты-оптикалық және басқа да кабельдер. Аудитория бүкіл адамзатқа елеулі бөлігі болуы мүмкін немесе бұқаралық ақпарат құралдарында осы құқықтың тағы бір ерекшелігі: таратушы станциясының және тыңдаушының, қарау және аралық кейбір жазу болмауы антенна арасында тікелей байланыстырады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің ратификациялаған «Әдеби және көркем туындыларды қорғау туралы» Берн конвенциясын, атап айтқанда, 1971 жылғы 2 шілдедегі, 1971 жылғы 24 шілдедегі Париж актісін ратификациялауына байланысты, біздің еліміз мүше елдер құрған Берн Одағының толық құқылы мүшесі болды. Бұл дегеніміз Конвенцияның 3 бабына байланысты, Қазақстан аумағында да авторлар шығармаларын тікелей мынандай ережемен қорғайды:

п) Берн одағы елдерінің бірінің азаматтары болып табылатын және жарияланған және шығарылмаған шығармаларына қатысты;

б) Берн одағының елдерінің бірінің азаматы болып табылмайтын, осы елдердің бірінде немесе бір мезгілде кәсіподақта және одақта жоқ елде жарияланған еңбектеріне қатысты қорғау жүзеге асады.

Уақытты анықтау үшін екі тармақты – құқықтың пайда болуының басталуын және оны тоқтату сәтін түсіндіру маңызды. Авторлық құқықтың ерекшелігі олардың қандай да бір тіркеуге, басқа да арнайы тіркеуге немесе кез келген формальдылыққа сәйкестігіне қажеттіліктің жоқтығы болып табылады.

ҚР Азаматтық кодексе ережелеріне сәйкес және ҚР Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңның 9-бабына сәйкес, ғылым, әдебиет немесе өнер туындысы оның құрылу фактісінен туындайды. Бұл ереже жана емес және бұрынғы кезеңтік заңнамада осы ереже болған.

Авторлық құқықты бұзғаны үшін азаматтық, қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік туралы ҚР Авторлық және сабақтас құқықтар туралы заңның 48-бабына сәйкес, заманауи авторлық құқық туралы заңнаманың тағы бір маңызды ерекшелігі, бұрынғы заңдармен салыстырғанда, құқықтарды қорғау дәрежесінің күрт артуы – әртүрлі сипаттағы санкциялар жиынтығының шашамаға енгізілуі.

Мысалы, 3 шілде 2014 жылғы қабылданған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 184-бабына сәйкес, авторлық құқық немесе сабақтас құқықтарды заңсыз пайдаланғаны үшін айыппұл салу, қоғамдық жұмыстарға тарту белгіленген. Бұл – бұның ауырлатылған жағдайдағы ең ауыр жазасы алты жылға дейін бас бостандығынан айыру көрсетілген. Бірақ бұл жауаптылыққа тартудан гөрі, осындай құқық бұзушылық әрекеттерді илдиш алуды қоздейді. Өйткені интеллектуалдық меншік объектілеріне қатысты құқық бұзушылықтарға қатысты азаматтық жауапкершілікке тарту көп нәтиже береді, себебі ол тікелей құқық бұзушының материалдық жағдайына салмақ түсіреді.

Авторлық құқық мерзімі. Автордың бүкіл тұмырында, ол күйітте болған соң есімін, беделін қорғау құқығын қорғауға шек қойылмайды. Бүркеншік, жасырын атпен жарияланған туынды



жарияланған соң оның авторының құқығы 70 жыл сақталады. Тең авторлардың ең соңғы авторы қайтыс болған соң 70 жыл сақталады. Автор қайтыс болған соң 30 жылдың ішінде бірінші рет жарияланған туындыға туынды жарияланған соң 70 жыл авторлық құқық сақталады. Авторлық құқық мерзімі аяқталса, туынды қоғам игілігіне айналады.

**Қосымша материалдар:** 8-20-сызбаларды қараңыз.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Авторлық құқықтың түсінігін айтыңыз.
2. Авторлық құқық объектілері мен ерекшеліктерін анықтаңыз.
3. Авторлық құқық мазмұнын ашыңыз.

## 4-тақырып

### САБАҚТАС ҚҰҚЫҚ

Сабақтас құқық түсінігі, даму тарихы, қайнар көздері. Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік (ВОИС) ұйымының интеллектуалдық меншік терминдер глоссарийінде сабақтас құқық түсінігін былай береді: қойылымдар, орындаушылар, фонограмма, эфирлік және кабелдік хабар таратушылардың туындыларын көпшілікпен қолданылуына байланысты олардың заңды мүдделерін құқықтық қорғау сабақтас құқық болып табылады [17].

Сабақтас құқықтың пайда болуы I Дүниежүзілік соғыстан кейінгі жаңа технологиялардың дамуы, радио, телевидение, аудионың пайда болуымен тұспа-тұс келді.

Сабақтас құқық терминін роман-германдық жүйедегі мемлекеттерде қолданады. Англо-саксондық жүйедегі мемлекеттер сабақтас құқық терминін қолданбайды.

1991 жылы КСРО сабақтас құқықтарды қорғау туралы заң қабылданды. АҚШ-та сабақтас құқық объектілері авторлық құқықпен реттеледі.

Сабақтас құқық қатынастарын реттейтін заңнамалар: ҚР Азаматтық кодексі, Авторлық және сабақтас құқық қорғау туралы заң, Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заң.

Сабақтас құқық объектілеріне мыналар жатады:

1) қойылымдар; 2) орындаушылық; 3) фонограмма; 4) эфирлік және кабельдік хабар тарату.

Туындыны орындау дегеніміз – туындыны, фонограмманы, орындаушылықты, қойылымды тікелей орындалатын ойын, ән, би немесе қандай да бір техникалық құрал көмегімен көрсету және де дыбыстау, бейнелеу туындысының кадрларын реті бойынша дыбыспен сүйемелдеп немесе сүйемелдемей көрсетуді айтамыз.

Фонограмма дегеніміз – орындаушылықтың немесе өзге де дыбыстардың дыбыстық жазбасы, сондай-ақ дыбыстау, бейнелеу туындысына енгізілген жазбаны қоспағанда, дыбыстарды кез келген нысанда беру.

Эфирге беру дегеніміз – туындыларды, орындаушылықтарды, қойылымдарды, фонограммаларды, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын радио немесе телевизия арқылы беру жолымен жалпы жұрттың назарына хабарлау.

Эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының хабары дегеніміз – эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының өзі жасаған, сондай-ақ соның қаражаты есебінен соның тапсырысы бойынша басқа ұйым жасаған хабар болып табылады.

Авторлық құқық объектілеріне қарағанда, сабақтас құқықтың шығармашылық сипаты басым. Әртіс, режиссер, қойылым қоюшылар шығармашылық қызмет нәтижесі, ал эфирлік және кабелдік хабар таратудың техникалық сипаты басым. Сабақтас құқық жүзеге асыру үшін авторлық құқық иелері құқық сақтау керек.

Сабақ құқық субъектілері: орындаушылар, фонограмма жасаушылар, эфирлік және кабелдік хабар тарату ұйымдары.

Орындаушы – актер, әнші, музыкант, биші немесе рөлде ойнайтын, ән салатын, оқитын, мәнерлеп оқитын, музыкалық аспапта ойнайтын, интерпретациялайтын немесе әдебиет және (немесе) өнер туындыларын (соның ішінде эстрадалық, цирк немесе қуыршақ нөмірлерін) немесе халық шығармашылығы туындыларын өзгедей жолмен орындайтын басқа адам, сондай-ақ спектакльді қоюшы-режиссер және дирижер. Орындаушы ретінде тек жеке тұлға танылады.

Фонограмма шығарушысы – қандай да бір орындаушылықты немесе өзге де дыбыстардың тұңғыш дыбыс жазбасы үшін бастамашылық пен жауапкершілікті мойнына алған жеке немесе заңды тұлға.

Ресейде туындыны ұжымдық басқару ұйымдары бар [18, 66 б.]. Авторлық қоғам, орындаушылық қоғам сияқты ұйымдар Германия, Франция, Швейцарияда бар.

Қазақстан Республикасында да авторлық және сабақтас құқықты қорғаумен айналысатын қоғамдық ұйымдардан бөлек туындыға ұжымдық басқаруды жүзеге асыратын 4-тен аса авторлардың қоғамдық ұйымдары бар.

Сабақтас құқықтың пайда болуы үшін қандай да бір ресми түрдегі сақтау қажет емес.

Орындаушы және фонограмма шығарушы өз туындысына:

1) қоршауға алынған латынша Р әрпі; 2) аты-жөні; 3) алғаш жарияланған жылын көрсетеді.

Сабақтас құқық жарияланған соң, заңға сәйкес мүлдік және мүлдік емес құқықтар туындайды.

Орындаушының жеке құқықтары:

1) есімге құқығы;

2) орындаушыны қорғану құқығы;

3) орындаушының беделін қорғау.

Орындаушының мүлдік құқықтары:

1) бұрын жазылмаған орындаушылықты жасап, қойылым жазу;

2) орындаушылықты және қойылым туындысын кез келген нысанда тікелей және жанама қайта шығару;

3) жалпы жұрт назарына жеткізу;

4) орындаушылықты немесе фонограмма туындыларды прокатка беруді жүзеге асыруға рұқсат беру, не тыйым салу.

Фонограмма жасаушылардың мүлдік құқықтарына мыналар жатады:

1) фонограмманы кез келген нысанда қайта шығару;

2) фонограмма туындысының нұсқасын немесе даналарын тирату, импортқа рұқсат ету;

3) фонограмманы таратқан соң оны прокатка беру;

4) фонограмманы қайта жасауды немесе кез келген тәсілмен оңдеуге рұқсат беру немесе тыйым салу.

Коммерциялық мақсатта жасалған фонограмманы оны жасаушысының келісімінсіз, бірақ сыйақы төлей отырып мынадай жағдайларда қолдануға болады:

1) оны көпшілік алдында орындауға;

2) эфирге беруге;

3) жалпы жұртқа жеткізу үшін хабарлауға болады.

Сабақтас құқық мерзімі – алғаш орындалудан немесе қойылымнан кейін 70 жыл. Алғаш жазылып, бірақ 70 жыл жарияланбаған болса, ол алғаш жазылып алынғаннан кейінгі 50 жыл бойы күшін сақтайды.

Авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау ерекшеліктері. Авторлық және сабақтас құқықтарды заңсыз пайдалану және та-

ратуды жүзеге асыратын туындылар контрафактілі туындылар деп аталады.

Авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу өз кезегінде қылмыстық, әкімшілік, материалдық жауапкершілікті көздейді.

Бұзылған авторлық және сабақтас құқықтар келесідей әдістермен қорғалады:

- 1) құқықты тану;
- 2) құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалыпқа келтіру;
- 3) құқық бұзушылық жол берген құқықты тоқтату;
- 4) келтірілген зиянның орнын толтыру және т.б. [19, 45 б.].

Құқықтарды тану, мысалы: автордың, әртістің есімі айтылса, қалыпқа келтіру жүзеге асырылады.

Келтірілген зиянды және түскен табысқа зиян өтеу жүзеге асырылады. Тек айрықша құқық иелеріне қорғаудың басқа да әдістерді пайдалануы мүмкін. Мысалы, моральдік зиянды өтеу.

Плагиат – туындыны көшіріп, ұрлап алу. Авторға ірі зиян тигізсе, қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Ең ауыр жаза: алты жылға бас бостандығынан айырады. Әкімшілік жауапкершілік бойынша айыппұл салады.

**Қосымша материалдар:** 20-23-сызбаларды қараңыз.

#### Бақылау сұрақтары:

1. Сабақтас құқық түсінігі, даму тарихы, қайнар көздері.
2. Сабақтас құқықтың объектілері мен субъектілері.
3. Сабақтас құқықтардың мазмұны қандай?
4. Авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау ерекшеліктері қандай?

## ПАТЕНТ ҚҰҚЫҒЫ

Өнертабыстар, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілер интеллектуалдық меншік объектілері арасында маңызды орындар алады. 20 наурыз 1883 жылғы Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясы Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.

«Өнеркәсіптік меншік» термині Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген. Тұтастай алғанда, бұрынғы кеңес үкіметі заңнамасымен салыстырғанда бұл объектілерді құқықтық реттеу қазіргі жағдайда түбегейлі өзгертілді. Өнеркәсіптік, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласында осы өнеркәсіптік меншік объектілеріне танылған және қолданыстағы патенттік қорғау жүйесі кенестік авторлық куәлік жүйесінен ауыстырылды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін, әлемдік экономикалық қауымдастыққа жылдам ену үшін өз экономикасын интеграциялау мақсатында елімізде өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғаудың патенттік нысанын енгізу және ұлттық патенттік жүйені құру туралы шешімді бірден қабылдады.

Патент құқығы дегеніміз – техникалық шығармашылықпен байланысты қатынастарды реттейтін азаматтық құқық институты болып табылады. Патент құқығы екі түрлі мағынада түсіндіріледі:

1) объективтік мағынада патент құқығы өнертабыс, өнеркәсіптік үлгі, пайдалы модельге қатысты туындының құқығын қорғау, жүзеге асыру, пайда болуына қатысты қатынастарды реттейтін азаматтық құқық институты болып табылады.

2) субъективтік мағынада патент құқығы – патент иеленуші мен басқа да патент құқығы қатынастар субъектілерінің мүліктік және мүліктік емес құқықтарының жиынтығын құрайды.



Патент құқығы катынастарын реттейтін заңнамалар: ҚР Азаматтық кодексі, ҚР Патент туралы заң 1999 жылы 16 шілде. Өнеркәсіптік меншік туралы Париж конвенциясы 1883 жылы қабылданған.

Патент құқығының объектілеріне үш объекті жатады. Олар: өнертабыс, өнеркәсіптік үлгі, пайдалы модель болып табылады.

Өнертабыс – өндірісте қолдануға жарамды және жаңа техникалық шешім. Өндірісте қолдану: бұл объект денсаулық сақтау, ауылшаруашылығы т.б. сол сияқты кез келген салаларда қолдануға жарамды болуы керек.

Өнертабыс бұрын өндірісте болмаған жаңалық болса, өнертабыстың өнертабыстық деңгейі жаңа болып саналады. Өнертабыстың нақты бір мамандыққа арналған және өндірісте қолдануға жарамды болуы тиіс. Өз кезегінде, белгілі техника деңгейіндегі ақпарат өнертабыстың басымдылық күніне дейін дүниеде жалпыға қолжетімді болатын кез келген ақпаратты қамтиды.

Іс жүзінде өнертабыстар мен пайдалы модельдер арасындағы айырмашылықтар туралы, сондай-ақ құқықтық қорғаудың дербес объектісі ретіндегі ерекшеліктерін ажыратуға қатысты нақты сұрақтар туындайды. Пайдалы модель бұл толық патенттелген патентті қорғауға құқықты тіркеудің қарапайымдылығы мен өнертабыстың үшін өте тартымды республиканың заңнамасы үшін жаңа объект болып табылады. ҚР Азаматтық кодексінің 991-бабы, сондай-ақ ҚР Патенттік заңының 7-бабы өндірістік құралдарды және тұтыну тауарларын, сондай-ақ олардың құрамдас бөліктерін (құрылысын) конструктивті жүзеге асыру ретінде пайдалы моделін айқындайды. Бұл біздің еліміздің заңнамасына сәйкес тек қана құрылғы (дизайн, элементтердің кеңістіктік орналасуы) пайдалы модель болуы мүмкін, бірақ зат немесе әдіс емес екенін анық айтуға болады.

Өнертабыс объектілері техникалық шешім ретінде екіге бөлінеді:

1) өнім: құрылым, зат, азық, өсімдіктер мен жануарлар клеткаларының үлгілері жатады.

Құрылымға: машина, машина бөлшектері, аппарат, құрылғы, құрал-жабдық, көлік құралдары, бекіту-бұрғылау құралдары, жиһаз, ыдыс, аяқ киім, байланыс құралдары, құрылыс конструкциялары және т.б. жатады [21, 81 б.].

Зат (өнім): жасанды материалдар шығару (құйылмалы химиялық қоспалар), сапалы объектінің құрамының сипаты, физикалық, химиялық жарылғыш сипаты бар заттар.

Өсімдіктер мен жануарлар клеткаларының үлгілеріне (штампы микроорганизма) пайдасы бар бактерия, вирус, балдырлардың үлгілері, микроорганизмдер консорциумы жатады. Жануарлар мен өсімдіктер жасушаларының үлгілері. Бұлар дәрілік мақсатта, сондай-ақ, жануарлар мен өсімдіктерді сапалы өсіру үшін де қолданылады.

2) Әдіс – материалдық объектілерді жасау үшін материалдық құрылым көмегімен жүзеге асатын амалдар, іс-шаралар.

Алайда мынандай объектілер өнертабыс болып табылмайды:

1) ғылыми теория жаңалығы, материалдық әдістер, амалдар;

2) ұйымдарды басқару және басқару әдістері;

3) кесте, ереже;

4) ақыл-ой ойындары мен операцияларын жасау ережелері мен әдістері;

5) алгоритмдер мен есептеу машина бағдарламалары;

6) аумақ, құрылыс, үй жоспары мен сызбасы;

7) өнімнің тек сыртқы келбеті;

8) қоғамға, моральға жат ұсыныстар.

Көптеген мемлекеттерде клондауға тыйым салынған. Соның ішінде Қазақстан Республикасында да клондауға тыйым салынған.

Пайдалы модель – жаңа және өнеркәсіпке қолдануға жарамды болатын өндіріс құралдары мен заттарын конструкторлық орындауына құқық қорғау берілетін техникалық шешім. Пайдалы модель көптеген елдерде арнайы объекті ретінде қорғалмаған. Ал кейбір мемлекеттерде Қазақстан Республикасы сияқты пайдалы модель арнайы қорғалатын объектіге жатады. Мысалы: Италия, Испания, Португалия, Жапония және т.б. [22, 73 б.] .

Пайдалы модельдің белгілері мынандай болу керек:

1) жаңа болу керек;

2) өнеркәсіпте қолдануға жарамды болуы керек.

Пайдалы модельдің өнертабыстан айырмашылығы: 1) пайдалы модель объектілері тек құрылым болса, өнертабыс объекті-

сі ретінде құрылым, зат, әдіс, микроорганизмдер үлгілері жатады, яғни өнертабыс объектілері пайдалы материалдарға қарағанда ауқымы кең болып саналады; 2) пайдалы модельде өнертабыс сияқты патент қабілетті жағдайы жоқ; 3) өнертабыс – абсолютті жаңа, пайдалы модель – қатысты жаңа; 4) пайдалы модельге тек патент беріледі, ал өнертабысқа инновациялық патент және патент беріледі және пайдалы модель патент алу үшін жалпылама құжаттарды өткізеді, ал өнертабысқа іс жүзінде сараптама тағайындалады.

Өнеркәсіптік үлгі – бұйымның сыртқы түрін белгілейтін, жаңа түпнұсқалық және өнеркәсіпте қолдануға болатын, құқықтық қорғау берілетін көркемдік-конструкторлық шешім.

Өнеркәсіптік үлгі – бұл, біріншіден, көркем конструкторлық шешім, яғни өнеркәсіпте, колөнерде қолданылатын және сыртқы пішіні кескін келбеті бар болуы тиіс. Белгілері: 1) жаңа болуы керек. 2) түпнұсқалық болуы керек, тек элементтері өлшемі өзгерген өнім түпнұсқалық бола алмайды, яғни өнеркәсіптік үлгі бола алмайды.

Өнеркәсіптік үлгіге тән қасиеттер: жылу өткізгіштік, қаттылық, иілгіштік, сәнділік, түстер сәйкестігі және т.б. қасиеттерді қамтиды. Мысалы: жаңа автоколiк, киiм, ыдыс т.б. бұйымдар айтуға болады.

Мынандай объектілер өндірістік үлгі бола алмайды:

- 1) өнімнің техникалық қызметі;
- 2) архитектура объектілері (шағын архитектурадан басқасы), өнеркәсіптік, гидротехникалық объектілер;
- 3) баспа өнімдері;
- 4) сұйық, тұрақсыз нысандағы объектілер;
- 5) қоғамға, моральға жат өнімдер.

Өнертабыс, өнеркәсіптік үлгі, пайдалы модель мынандай негіздермен ажыратылады:

- құқық қорғау объектісімен;
- патент қабілеттілік жағдайымен;
- қорғалу құжат мерзімімен;
- жасалатын сараптама түрімен.

Патент объектісін пайдалану құқығын қамтамасыз ету үшін уәкілетті орган патент береді. Алдын ала патент өнертабысқа беріледі, ал өнеркәсіптік үлгіге, пайдалы модельге патент беріледі.

Патент, ең алдымен, олардың иесіне ерекше құқықты куәландырыды. Сонымен бірге патент иесіне айрықша құқықтарды береді. Патенттелу объектілері олардың нысандары бойынша патенттелгенімен олардың құрылымы бойынша аса құнды коммерциялық құндылық болып табылады.

Бұрынғы кезең үкіметі тұсындағы авторлық куәліктер жүйесімен салыстырғанда, қазіргі патенттік жүйе автордың нақты құқығын белгілейді, таниды және қорғайды. Бұрынғы жүйеде патент объектісі мемлекеттің жалпы қоғамның әлеуметтік объектісі болып табылатын еді, қазіргі жүйеде жеке меншікті тану бағым, нарықта тауарға қатысты жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша жеке патент иеленушінің жеке және айрықша құқықтарын бекітуге бағытталған [24, 44 б.].

Жалпы патент құқығы – техникалық шығармашылық салаындағы объектілер өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгіге қатысты қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтың бір институты. Қазақстан Республикасы Патент туралы заңы өнертабыстарды, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілерді жасау мен пайдаланудан туындайтын мүлікті, сондай-ақ онымен байланысты жеке мүліктік емес қатынастарды реттеп қана қоймай, осы объектілерге қатысты патент алуды рәсімдеу, патент иелерінің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Өнеркәсіптік меншік патенттеу жақсы таңдалған Қазақстандық жүйеде бұл бұрынғы заңның кеткен кемшіліктерін толықтарып, толыққанды жаңа заман талаптарын ескере отырып қиынданғанын айтуға болады. Қазақстан Республикасының патент заңы Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына енуі және біздің заңнама талаптары «ТРИПС Келісімінің» (ТРИПС), сондай-ақ Азаматтық кодексінің терминология және басқа да қазіргі заманғы заңнамасына негізделгеніп көрсетеді.

Қазақстан Республикасы заңдарымен қатар, оның заңнамасы шеңберінде Қазақстан Республикасының патенттік аумақта көп жақты және екіжақты халықаралық келісімдер де күшіне енді. Қазақстан Республикасы «Өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы халықаралық келісімдер туралы Қазақстан Республикасының декларациясына» қол қойды және ол Дүниежүзілік интеллектуалды меншік ұйымына (ДНМУ) мүшесі болып кірді.

Сонымен қатар патент объектілеріне қатысты мемлекетаралық, халықаралық келісімшарттарға да қол қойылды. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншіктің қорғау саласындағы екі жақты келісімге қол қойылды. Сондай-ақ Әзірбайжан, Грузия, Қырғызстан және Өзбекстан үкіметтерімен де осындай келісімдерге қол қойылды. Жоғарда аталған халықаралық келісімдер Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық-құқықтық және қаржылық аспектілерінде елеулі жеңілдетіп, басқа мемлекетке ұлттық режимді кеңейтеді.

Патент – патент иеленушіге авторлық құқық белгілейтін, айрықша құқық беретін қорғау құжаты. Патенттеу – өзі жасаған жаңалыққа берілген мүмкіндіктерді қолдана отырып, оны басқа тұлғалардан қорғауға мүмкіндік беретін әрекеттер.

Патент құқығының субъектілері болып жеке тұлға және заңды тұлға танылады. Оған: авторлар, патент иеленушілер, құқық мирасқорлар мен мұрагерлер жатады.

ҚР Азаматтық кодекстегі патенттік қатынастар субъектілерінің шеңбері нақты ашып көрсетілмеген, бірақ оның түсіндірмесі түсіндірілген қатынастардың мәнін толық түсіну үшін өте маңызды. Олар – өнеркәсіптік меншік объектісінің авторлары, тең авторлары; өтініш беруші – патент алуға өтініш берген тұлға; өтініште көрсетілген тұлға патент алуға құқығы бар; патент иелері; жұмыс беруші; лицензиар; лицензиат; құқықтарды берудің әртүрлі негіздеріндегі мұрагерлер.

Іс жүзінде келіспеушіліктер жұмыс берушілер мен авторлық сыйақылар туралы авторлар арасында жиі кездеседі. 1999 жылғы ҚР Патент Заңының 9-бабында авторға сыйақы беруді жұмыс беруші мекемені пайдаланудан алған пайдасына теңдей пайда бөлуді көздейтін шартты жасау қарастырылған. Алайда тәжірибе жүзінде көбінесе бұл келісімшарттар қызметкердің пайдасына шешілмейді немесе өтемақы сомасы туралы нақты келісімге қол жеткізе алмайды. Соттар, өз кезегінде, белгілі бір даулар бойынша сыйақы мөлшері туралы сарапшылық кеңестің патенттік ведомствосына жүгінеді. ҚР АҚ 997-бабы, 10-тармағы: егер автор мен жұмыс берушінің өнеркәсіптік меншік объектісін құруға қосқан үлесін бағалау мүмкін болмаса, онда автор жұмыс

беруші алған немесе қабылдауы керек пайданың жартысына тең құқығы деп таниды.

Патент мынандай субъектілерге беріледі: 1) өнертабыс, өнеркәсіптік үлгі, пайдалы модель авторына; 2) патент заңына байқаса жұмыс берушіге (қызметтік патент); 3) автордың мұрагерлері, жеке және заңды тұлғалардың құқық мирасқорларына.

Қызметтік патент мынандай жағдайларда беріледі: 1) автор мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек қатынастарының бойынша байланысты; 2) әкімшілік ұйымдарының тапсырмасымен жасалған жағдайларда болады. Сыйақы жұмыс беруші мен автор арасындағы шартта анықталады. Жұмысшы сыйақыны таппай етеді, мынандай жағдайда, егер жұмыс беруші патент иеленуші бола тұрып:

- ақпарат құпия сақталатын болса;
- патентті басқа тұлға берсе;
- жұмыс беруші кінәсінен берілген өтініш бойынша патент алынбаған болса болады.

Қазіргі уақытта патентті ҚР Әділет министрлігінің зияткерлік меншік ұлттық институты береді немесе Еуразиялық патенттік ведомствосы береді. Патент рәсімдеу үш сатыдан тұрады: 1. Өтініш беру. 2. Патенттік ведомствода өтінішті қарау. 3. Патент алу.

Өтінішті: автор, жұмыс беруші, олардың өкілдерімен және құқық мирасқорлары бере алады. Өтініш құжаттары екі тілде беріледі. Өтінімдегі құжаттар: өтініш, объектінің жалпы сипаттамасы, анықтама, өтініш түсіндіру үшін қажетті материал, сызба, реферат, егер өкіл арқылы рәсімделген болса, өкілдің сенімхатын қамтиды.

Патент құқығы объектілеріне құқық патент ведомствосында тіркелген кезден бастап пайда болады. Патент құқығы объектісіне кім бірінші құқығын рәсімдесе, сол субъекті құқықты бірінші иеленеді. Дәл сол жаңалықты ойлап тапқан өнертапқыш патент иелуді рәсімдемесе, онда ары қарай құқықты иелене алмайды, итін бір мезгілде бірдей жаңалықты бірнеше өнертапқыш жасап шығару мүмкін, алайда кім бірінші болып патент алса, тек сол ғана патент объектісіне қатысты туындайтын жеке және айрықша құқықтарын иеленіп, құқығын қорғай алады.



Қорғау құжаты патент өнертабысқа инновациялық патент 3 жылға беріледі, 2 жылға ұзартылады. Өнертабысқа патент – 20 жылға беріледі. Пайдалы модельге: 5 жыл беріледі, одан әрі 5 жылға ұзартуға болады. Өнеркәсіптік үлгіге 10 жылға беріледі, одан әрі 5 жылға ұзартылуы мүмкін.

Авторларда мүліктік, яғни айрықша құқық және мүліктік емес жеке құқық патент беруші патентті тіркеген кезден басталады. Патент мынандай жағдайларда тоқтау мүмкін:

- 1) патент қабілеттігі сәйкес келмесе;
- 2) берілген өтінімдегі талап етілетін белгілер табылмаса;
- 3) заңды бұза отырып, қорғау құжаттары берілсе.

Патент беруден бас тартылған жағдайда, апелляциялық кенес шешімін сот тәртібімен даулауға болады.

Халықаралық ұйымдар шығарған патенттерге келетін болсақ, қазіргі уақытта біздің еліміздің аумағына тек еуразиялық патенттер қолданылуда, өйткені жоғарыда айтылғандай, Қазақстан Республикасы Еуразиялық патенттік конвенцияның қатысушысы болып табылады.

Егер шетелдіктер өз аумағында біздің өнертабыстарымызды және басқа да объектілерді қорғауды қаласа, олар Қазақстан Республикасының патенттік заңнамасының барлық талаптарын орындап, оның қауіпсіздік құжаттарын алуға арналған өтінім беруге міндетті. Айта кету керек, шетелдіктер патенттік ведомствоға тікелей өтініш бере алмайды. Олардың өтінімдері патенттік ведомствода тіркелген патенттік сенім білдіруші арқылы берілуі тиіс. Патенттік сенім білдірілген өкілдің өкілеттігі шетелдік өтініш берушіге берілген сенімхатпен куәландырылады.

Патенттік сенім маманы – біздің еліміз үшін жана ұғым. Осындай мекемені енгізу шетелдік заңнама талаптарын қазақстандық заңнаманың талаптарына, оның материалдарын аударуға, негізінен, талаптарды қазақ немесе орыс тіліне аудару қажеттілігінен және тиісті патент бөліммен хат алмасудан туындады. Қазіргі уақытта Қазақстанда 34 қазақстандық патент өкілі сертифицирталған. Жалпы алғанда, олар ғылым мен техниканың түрлі салаларында мамандар болып табылады, олар да құқықтану саласында білім алады.

Патенттің қолданылуы және объектіні қорғау өтінім беру күні болып табылады және құқықты қорғау жөніндегі нақты іс-шаралар патент берілгеннен кейін жүзеге асырылуы мүмкін.

Патенттің қолданылу мерзімінің аяқталуы оны ұстаушының айрықша құқығы тоқтатылғанын және кез келген адам өз қалауы бойынша өзінің өнертабысын сыйақы төлеместен пайдалана алады дегенді білдіреді. Дегенмен жеке мүліктік емес құқықтар уақыт шектеусіз әрекет етеді.

Патент иеленуші кез келген уақытта өнертабысты немесе оған да объектіні пайдалану құқығын кез келген адамға беру туралы декларацияда әрекет ете алады. Бұл акция ашық лицензия деп аталады және іс жүзінде мәміле жасасудың бастапқы ашық ұсынысы болып табылады. Ашық лицензияны пайдалануға дайындық патент иелерімен төлем туралы шарт жасасуға міндетті. Ашық лицензияға өтінім қайтарылмайтынын есте ұстаған жөн. Патент иеленушісі бас тарта алмайды немесе мұндай өтінішті қабылдамайды. Мұндай өкілеттіктерді енгізу және тиісті жауапкершіліктер заң шығарушының патенттік монополияның шынайылығын төмендету мақсатында жүзеге асады.

**Қосымша материалдар:** 24-29 сөзбаларды қараңыз.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Патент құқығының түсінігін анықтаңыз.
2. Патент құқығының объектілерін атаңыз.
3. Патент құқығының субъектілері кімдер?
4. Өнертабыс, өнеркәсіптік үлгі, пайдалы модельге құқықтардың пайдалануы, тоқтауының ерекшеліктері қандай?

## СУБЪЕКТИНІ АЗАМАТТЫҚ АЙНАЛЫМДА ДАРАЛАНДЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ

Азаматтық айналымда субъектілерді дараландыру құралдары кәсіпкерді нарықта танымал қылу және оны басқа субъектілерден ажырату үшін маңызды болып табылады. Субъектіні азаматтық айналымда дараландыратын және ажырататын белгілеріне мыналар жатады: фирмалық атау; тауар белгісі; тауар шығарған орынның, жердің атауы.

Фирмалық атау екі элементтен тұрады: 1) ұйымдық құрылымдық атау; 2) жеке атау. Заңды тұлғаның ұйымдық құрылымдық атауы заңды тұлғаға Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша берілген заңды тұлғаның түріне қатысты берілген атау. Мысалы: акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, өндірістік кооператив т.б. Фирмалық атау – бұл коммерциялық заңды тұлғаларға қолданылатын сауда ұйымының атауы.

Субъектіні азаматтық айналымда дараландыру құралдарына қатысты құқықтық қатынастарды реттейтін заңдарға: Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі; ҚР Акционерлік қоғам туралы заңы; ҚР жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен қосымша жауапкершілігі бар серіктестік туралы заңы; ҚР шаруашылық серіктестіктер туралы заңы; ҚР өндірістік кооперативтер туралы заңы. ҚР заңды тұлғаларды тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу туралы заңдар жатады.

Фирмалық атау – бұл заңды тұлғаны басқа заңды тұлғалардан ажырату құралы. Фирмалық атауға құқық заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеген кезден пайда болады. Фирмалық атау белгілері мынандай: 1. Объектіде шығармашылық сипат болу мін-

детті емес. 2. Басқа заңды тұлғалардан ажырату үшін маңызды. 3. Жеке және мүліктік құндылық болып табылатын кәсіпкердің кәсіпкерлік беделін көрсетеді. 4. Фирмалық атау мүмкіндігінше тұрақты болуы керек, мерзімсіз сипатқа ие. 5. Фирмалық атау шынды тұлға туралы шындыққа сай келетін нақты және дұрыс мәлімет беру керек. 6. Коммерциялық заңды тұлғаның фирмалық атауын тіркеу міндетті болып табылады.

Заңды тұлғаның ұйымдық құрылымдық атауы мен фирмалық атауы қосылып заңды тұлғаның толық атауын көрсетеді. Жеке кәсіпкерлер франчайзинг (кешенді кәсіпкерлік лицензиялау) шартының негізінде фирмалық атауды ала алады. Фирмалық атауға құқық мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған кезде пайда болады. Заңды тұлға бірнеше кәсіпорынды меншіктен, бір фирмалық атауды иеленуі мүмкін. Фирмалық атау құқық қабылдаушылық арқылы да берілуі мүмкін. Мысалы: заңды тұлғаны қосу арқылы немесе бөліп шығару арқылы қайта тіркеген кезде, бұрынғы заңды тұлға атауы сақталып қалады.

Мынандай жағдайда фирмалық атауға құқық тоқтатылуы мүмкін: 1. Заңды тұлға таратылғанда. 2. Заңды тұлға қайта құрылғанда (біріктіру, бөлу, өзгерту кезінде). 3. Заңды тұлға жана иелігімен қайта тіркелген кезде.

Фирмалық атау бір коммерциялық ұйымды басқа коммерциялық ұйымнан ажырату үшін қызмет ететін құрал болып табылады (ҚР АҚ 34-б.). Фирмалық атауға қойылатын талаптар жиі заңды тұлғалардың атауына қойылатын талаптарды қамтиды (ҚР АҚ 38-б., 1-т.). Атап айтқанда, фирмалық атауды таңдау барысында ол сол заңды тұлғаның ұйымдық құқықтық нысанын (кооператив, серіктестік, акционерлік қоғам және т.б.), меншік нысанын (жеке, мемлекеттік), қызмет бағытын (өндірістік, ғылыми, сауда және т.б.) көрсетуі керек. Аталған ресми таңдалған бөлек, коммерциялық ұйымды шын мәнінде ажыратуға мүмкіндік беретін түпнұсқалық, ойдан шығарылған атауларды да («Беккер К», «Фудмастер» және басқалар) қолдануға болады.

Фирмалық атауға да заңды тұлғалардың атауына қойылатын жиі талаптар қойылады, яғни оның құрамында заңнаманың немесе қоғамдық моральдық нормаларына қайшы келетін атаулар (қазақ тілінде немесе орыс тілінде балағаттау немесе әдепсіз түрде естілетін шетелдік сөздер); қатысушылардың есімдеріне

сәйкес келмейтін немесе қатысушылар сол жалқы есімді пайдалану үшін (мұрагерлерінен) рұқсат алмаған реттерде жалқы есімдерді қолдануға болмайды.

Заңды тұлғаны дараландыру құралы ретіндегі фирмалық атаудың мәніне орай, кәсіпкер жеке тұлғаның фирмалық атауы болмайды, оған өз аты мен тегі жеткілікті болып саналады.

Фирмалық атаудың болуы – коммерциялық ұйымның құқығы ғана емес, сонымен бірге оның міндеті. Біздің елімізде басқа елдердегі сияқты (Финляндия, Италия, Греция және т.б.) фирмалық атауды тіркеудің жеке рәсімі жоқ [25, 74 б.]. Заңды тұлғаны тіркеу кезінде автоматты түрде фирмалық атау да тіркеледі. Яғни бұл заңды тұлғаны тіркеумен бірдей жүзеге асады (ҚР АҚ 1020-б., 2-т.), себебі фирмалық атаусыз заңды тұлғаны тіркеу мүмкін емес.

Фирмалық атаулар, ең алдымен, тұтынушылардың, мемлекеттік органдардың қызметіне ыңғайландыру үшін енгізілген. Фирмалық атауларды қорғаудың нақты жүйесі санасыз өнім шығарған ұйымды анықтауға және басқа да құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді. Міне, сондықтан да ҚР АҚ 1020-б., 3-т. тіркеліп қойған заңды тұлғаның фирмалық атауына ұқсас фирмалық атауды пайдалануға рұқсат бермейді, өйткені мұның өзі тиісті заңды тұлғалардың бір-біріне ұқсап кетуіне, сондай-ақ олар шығаратын тауарлар немесе көрсететін қызметтерге қатысты жаңылыстыруға әкеліп қана қоймай, олардың жасаған заң бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тарту да қиындыққа әкеп соқтырады. Бірақ бұл бірдей фирмалық атаулары бар заңды тұлғалар әрекет ете алмайды деген сөз емес. Бұл Қазақстанда объективті себептер бойынша орын алып отыр – тіркеу қызметін Әділет Министрлігінің қарамағына бергенге дейін тіркеу мәселесімен билік пен басқарудың жергілікті органдарының бөлімшелері айналысты, ал барлық тіркеулер бойынша республикалық бірыңғай база болған жоқ, қазіргі уақытта бұл олқылықтың орны толтырылып заңды тұлғалардың бірыңғай базасы қалыптасты және заңды тұлғаны тіркеуде электронды түрде жүргізіледі. Тіпті бірыңғай база бар бүгінгі күні де егер ұйымдар әртүрлі қызмет түрлерімен айналысса және олардың бизнес аймақтары тоғыспайтын болса, бірдей фирмалық атауы бар екі заңды тұлғаның әрекет етуі мүмкін. Басқа жағ-

дайда, егер тұтыну тауарларын екі немесе үш бірдей атаулары бірдей фирмалардың шығаруы да мүмкін. Бұл заңды тұлғаларды теңдестіруге немесе тұтынушылардың өндірілетін тауар немесе көрсетілетін қызмет бойынша жаңылысуына әкеп соғады. Бұл ретте фирмалық атауға құқық фирмалық атауды бірінші болып тіркеген заңды тұлғаға тиесілі болып танылады. Сондықтан бірдей тауар шығаратын заңды тұлғалардың басқасы фирмалық атауын басқа атаумен қайта тіркеуі талап етіледі.

Сонымен, фирмалық атауға айрықша құқықтың мазмұны осы фирманың азаматтық айналымына өзі таңдаған атаумен түсуіне қатысты туындайтын құқықтар шеңберін қамтиды, ол, әрине, заңды тұлғаның мүліктік емес жеке және мүліктік (айрықша) құқықтарын қамтиды.

Заңды тұлғаның белгісі ретінде Қазақстан Республикасында тіркелген фирмалық атауға айрықша құқықтың еліміздің бүкіл аймағында қызмет етуі туралы жалпы ережелен ерекшеліктер бір. Қазақстан Республикасындағы заңды тұлға атауын тіркеу ережелері шетелдік фирмалық атауларды тіркеуді тұтастай қиындайды. 20 наурыз 1883 жылғы өнеркәсіп меншігін қорғау бойынша қабылданған Париж Конвенциясының 8-бабы бойынша, фирмалық атау Одақтың барлық мүше елдерінде міндетті өтпінсіз немесе тіркеусіз әрекет етеді. Бұл норма Қазақстан Республикасы аумағында тікелей әрекет етеді және қолданылады, себебі 16 ақпан 1993 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Декларациясымен кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін, бұрынғы Кеңес үкіметінің қатысушысы болған елдерге, өнеркәсіп меншігін қорғау бойынша Париж Конвенциясының әрекетін жалғастыру туралы жарияланған болатын, артынша Қазақстан Республикасы да бұл конвенцияны ратификациялады. Осылайша, ҚР АҚ 1022-б., 1-т., 1-бөлігі бойынша ереже, тек қазақстандық заңды тұлғалардың фирмалық атауларына ғана таралатын болды.

Фирмалық атаудың иеленушісінің айрықша құқықтарының көлемі интеллектуалдық меншік құқығының басқа объектілерінен айтарлықтай ерекшеленеді. Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге, тауар белгісіне құқықты беру (сату, сыйға беру және т.б.) мүмкін болса, фирмалық атау бойынша бұл тек заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе жалпы меншіктен айырылған ретте ғана мүмкін болады. Кәсіпорынды меншік-



тен айыру немесе екі не бірнеше заңды тұлғаларды біріктіру арқылы қайта ұйымдастырылған ретте ғана жаңа иеленуші фирмалық атауды өзгерту немесе оны қалдыру туралы шешім қабылдайды. Бөлу немесе бөліп шығару арқылы қайта ұйымдастырылған ретте жағдайда күрделірек. Біздің ойымызша, болашақ жеке субъектілер бұрынғы фирмалық атауды қолдану мәселесін шарт арқылы шешуі керек. Келісімге қол жеткізілмеген ретте шешімді сот қабылдайды. Мұндай істерді қарау кезінде сот, ең алдымен, бұрынғы кәсіпорынның өнімдері мен қызметтерін тұтынып тұтынушылардың мүдделерін ескеруі керек. Тұтынушылар фирмалық атаудың дұрыс қолданбауы салдарынан зардап шекпеулері керек. Тұтынушыларға белгілі өнімдерді шығаруды жалғастыратын жаңа кәсіпорынның фирмалық атауды сақтап қалуы міндетті емес, маңыздысы осы тауар немесе қызметтің сапасының нашарламауы немесе бағасының күрт қымбаттамауы тұтынушыға тікелей әсер етеді. Егер өндірісті екі заңды тұлға да сақтап қалса, оларға фирмалық атаудың негізгі бөлігіне сөздер немесе сөз бөліктерін қосымша айырымдық белгі ретінде қоса отырып пайдалануға кеңес беріледі.

Фирмалық атауды уақытша пайдалануға беруге де болады. Бұл бұрынғы немесе негізгі иеленушіге қарағанда тауарлар мен қызметтердің сапасының төмендеуіне әкеп соғатыны сөзсіз. Бұл мәселеден арылу үшін уақытша пайдалануға беру кезінде фирмалық атауға құқықтың өзі емес, оны нақты тәсілдермен пайдалану құқығы беріледі, мысалы, тек нақты тауарлар мен қызметтердің түрін өндіру. Фирмалық атауға құқықты шартпен беру және басқа құқықтар кешенімен бірге жүзеге асырудың негізгі кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) шарты туралы ҚР АҚ 896-909-баптарымен реттелген.

Тауар белгісі тауар, қызмет көрсету белгісі кәсіпкерлер үшін маңызды болып табылады. Тауар белгісі оны біртектес тауарлардан ажыратады.

Тауар белгісіне қатысты алғаш заң Ресейде ХІХ ғасырда пайда болды, яғни 1830 ж. «Тауар таңбалары», 1896 ж. «Тауар белгісі туралы Заң» қабылданды [26, 90 б.]. Қазақстанда тауар белгісіне қатысты заң тек Қазақстан республикасы тәелсіздік алған соң ғана қабылданды.

Тауар белгілері дегеніміз – заңды тұлға мен жеке тұлға тауарын, қызмет көрсетуін дараландырушы белгі, таңбалары. Тауар белгісі әртүрлі болуы мүмкін. Сөзбен, сөзбен-суретпен, көлемді, құрамдас болуы мүмкін. Тауар таңбасы ретінде таңдалған белгінің тіркеуден бас тарту негіздері көп. Мынандай жағдайларда тауар белгісін тіркеуден бас тартылуы мүмкін: ҚР тауар белгісі туралы заңның 6, 7-баптары тауар таңбасын тіркеуге жол берілмейтін абсолютті және өзге негіздерін көрсете отырып, мемлекеттік елтаңбаларды, тулар мен эмблемаларды, халықаралық ұйымдардың қысқартылған немесе толық атауларын және олардың елтаңбаларын, туларын мен эмблемаларын, ресми бақылаушылық, кепілдік және сынамалық таңбаларды, мөрлерді, олимпиадалық рәміздерді, наградаларды және басқа да айырым белгілерін, сондай-ақ араласып кеткен дәрежеге дейін оларға ұқсас белгілерді бейнелейтін белгілер тауар таңбалары ретінде тіркелмейді. Тіркелетін тауар таңбасының белгілі бір деңгейде жанашылдығы болуы керек, дегенмен бұл ереже тауар таңбалары туралы заңда ашық көрсетілмеген, яғни жаңа тауар таңбасы тек басқа ұқсас таңбаларға ғана емес, басқа дараландыру құралдарына қарағанда да жаңа болуы керек.

Тауар белгісін тіркеу мынандай жағдайларда жүзеге асырылмайды: 1. Біртектес ұғым (шай шай үшін, нан нан үшін). 2. Жалпы қолданыстағы термин белгі болмауы керек (АҚ, ЖШС, елтаңба, ту сияқты). 3. «Супер», «экстра» «стандарт» сияқты оның көлемін, сапасын уақыт көрсететін тауар. 4. Шыққан жері мен атауы жаңылдыруға әкелетін тауар (мысалы: Венеция). 5. Өзінің қолданыстағы мақсат бойынша қолданылуы нысандағы тауар бар болса. 6. Моральға жат белгілер болса. 7. Халықаралық шартпен қорғалатын тауар, қызмет көрсету атауы болса. 8. Танымал адам суреті кескінделген, белгіленген тауарлар (оның келісімі болмаса). 9. Құрамы, сапасы бірдей тауар бірнеше атпен тіркелсе. 10. Жарнамалық сипаттағы тауарлар тіркелмейді. Сондай-ақ тіркеуден бас тартудың тағы бір негіздері ретінде: егер тіркеу басқа интеллектуалдық меншік объектілер иеленушілерінің құқықтарын бұзатын болса, тауар белгісін тіркеуден бас тартылатындығы көрсетілген.

Тауар белгісін тіркеу мынандай мәліметтер негізінде жүргізіледі: 1) тауарға, қызмет көрсетуге қатысты нақты мәліметтер:

2) тауар канша уақыттан бері белгілі болғандығы; 3) қандай елдерде танымал белгілі екендігі; 4) жарнамалауға кеткен шығын туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.

Тауар белгісі мен қызмет көрсету белгісі шығармашылық нәтиже болмағанымен, оларға айрықша құқықтар қолданылуы және мемлекеттік тіркелуді қажет етеді.

Тауар белгісі мен фирмалық атаудың айырмашылығы:

1) айтылуы мен көрініс табуы әртүрлі әдіспен жүзеге асады. Фирмалық атау сөзбен жазылады. Тауар белгісі көркем, сызба, сурет, таңба, музыкалық және әртүрлі мағына береді.

2) айрықша құқық пайда болу әдістері әртүрлі. Фирмалық атауға айрықша құқық заңды тұлға тіркелген кезде пайда болады, тауар белгісінде құқық тіркеген кезде пайда болады.

3) фирмалық атауды тіркеу тек коммерциялық ұйым жүзеге асырса, ал тауар белгісін кез келген заңды тұлға және жеке кәсіпкерлер жүзеге асырады.

4) қорғалу мерзімі әртүрлі. Тауар белгісін қорғау мерзімі 10 жыл. Фирмалық атауды қорғау мерзімсіз болып табылады.

5) шарт бойынша беру тәртібі әртүрлі болуы мүмкін.

Тауар белгілерінің түрлері әртүрлі болуы мүмкін. Олар: сөзбен, суретпен, көлемді, түспен, дыбыспен белгіленеді. Мысалы: Көлемді тауар белгісі: конфет, сабын, ботелке әртүрлі кескінде болуы мүмкін. Көлемді нысан Жапонияда тіркелмейді. АҚШ-та пісі бар тауар белгісін тіркейді [27, 34 б.].

Тауар белгісі жеке және ұжымдық болуы мүмкін. Жеке тауар белгісі тек бір жеке кәсіпкер немесе бір заңды тұлғаға тіркеледі. Ұжымдық белгі бірнеше заңды тұлғалардың немесе жеке кәсіпкерлерге тіркеледі. Бірақ ол заңды тұлғаның құрылтай жарғысына сәйкес болуы керек.

Тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін тіркеу үшін қажетті құжаттар:

1) өтініш; 2) тауар белгісінің таңбасы; 3) қорғалатын тауарлар тізімі; 4) тауардың жалпы сипаттамасы; 5) тауарды жіктеу (Ншц келісіміне сәйкес 1973 жылы 42 класс оның 34 тауар 8 қызмет қатысты анықталды).

Тауар белгісінің субъектісі – жеке кәсіпкерлер және кез келген заңды тұлға. Тауар белгісіне куәлік 10 жылға беріледі. Құқық бұзып жасалған тауар контрафактілі тауар болып саналады.

Өндірі тауар бірден тәркіленуге жатады және әкімшілік, азаматтық және қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Тауар белгісі мынандай жағдайларда күшін жоюы мүмкін: тауар таңбасын қолдану мерзімі бітсе; таңбаның күшін жою туралы заңды күшіне енген сот шешімі болса; құқық иеленуші тауар таңбасынан бас тартса; жалпы қолданылатын тауар болып шықса; құқық қорғау құжаты жарамсыз деп танылса.

Тауар шыққан жер атауы – тауар шығарылған аудан, ауыл, өлің. Географиялық объект тарихи атауы белгісі бар жер тауар шығарылған жердің атауын түсіндіреді. Тауар шығарылған жердің атауына куәлік 10 жылға беріледі. Кез келген жеке тұлға, тиісінше тұлға сол географиялық объект аумағында тұратын әркім жеке құқық беруге құқылы. Мысалы: минералды су «Сары-өңір», «Баянуыл», «Сары арқа».

Тауар белгісінің анықтамасы ҚР АҚ 1024-баптың бірінші бөлігінде және ҚР «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңының 1-ші бөлімінде берілген. Анықтамадан белгілі болғандай, тауар белгісі қандай да бір шартты символдан тұратын, көбінесе тауардың өзін сипаттамайтын, керісінше иеленушінің еркіне немесе жасалуы суретінің қиялына негізделген белгілеуді көрсетеді. Мысал ретінде «Ауди» маркалы автомобильдің таңбасы – айқасқан төрт дөңгелек, «McDonald's» компаниясының қызмет көрсету белгісі «М» әрпі сияқты таңбалар.

Тауар таңбасы материалдық сипаттағы тауарларға, заттарға, ал қызмет көрсету таңбалары түрлі қызметтерге беріледі. Тауар таңбалары туралы заңда «тауар таңбасы» мен «қызмет көрсету таңбасы» бір тәртіптегі категория ретінде қолданылады.

ҚР Азаматтық Кодексінің 59, 115, 125, 961-970, 1024-1032-баптары жалпы сипаттағы нормаларды қамти отырып, жеке мән-жайларды тауар таңбалары туралы заңнамалық актілердің реттеуіне қалдырады. Аталған Заңнан бөлек, тауар таңбаларына қатысты құқықтық қатынастар ҚР кәсіпкерлік кодексі, ҚР Қылмыстық Кодексімен де реттеледі.

Тауар таңбалары субъектінің азаматтық айналымдағы акционерлік, жарнамалық және маркетингтік қызметтерінің маңызды ролін көрсетеді. Тауар таңбалары туралы заңнаманы қатаң түрде сақтау нақты мемлекеттің экономикасын тәртіптелген, ал

бизнесмендерді заңға бағынуын міндеттейді. Әрбір өндіруші немесе адамдарға қызмет көрсетуші ұйымдар жарнамаға және өзінің беделі мен жақсы атауын қалыптастыру үшін қомақты қаражат бөледі. Сондықтан уақыт өте келе, тауар таңбасы фирманың тұрақтылығын, сенімділігі мен оның тауар сапасының сапалығын көрсетеді. Біреудің заңды неленуіндегі тауар белгісін заңсыз, рұқсатсыз қолданушы тұлға өзгенің еңбегін арам түрде пайдаланады, өзгенің тауар белгісімен күмәнді сападағы тауарды сата отырып, басқаның жақсы атына кір келтіреді. Сондықтан нарықтық экономикада интеллектуалдық меншік құқығының кез келген объектісіне, оның ішінде тауар таңбасына, жасалған қарақшылық азаматтық құқықтық, әкімшілік құқықтық және қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады. Өзгенің тауар белгісін пайдалану тұтынушыларға аса қауіпті, себебі өндірілетін тауар сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік берілмейді.

Тек тауар белгісін жасау оны пайдалану үшін жеткіліксіз. Қазақстандық және шетелдік кәсіпкерлер арасында тек тіркелген тауар таңбалары ғана жарамды. Тауар таңбаларын тіркеуге уәкілетті мемлекеттік орган болып ҚР Әділет министрлігінің зияткерлік меншік ұлттық институты мен зияткерлік меншік департаменті табылады. Мынандай жағдайда жалпыға танымал тауар таңбаларын «бренд» тауарларды тіркеуге байланысты мәселе басқаша. Мысалы, «Кока-Кола», «Мерседес», «Адидас» сынды әлемге танымал таңбалар Қазақстанда өз таңбаларын тіркемесе де болады. Бірақ франчайзинг шарты арқылы әкелінген болса, шарт міндетті түрде тіркеуден өтуі тиіс.

Егер тауар таңбаларын тіркеу кезінде қойылатын талаптар бұзылса, онда мұндай тіркеу сот тәртібімен жарамсыз деп танылуы мүмкін. Жарамдылық туралы мәселені оңтайлы шешу үшін және соттармен күрделі деп танылған дауларды шешуді оңайлату үшін тауар таңбасы туралы заң Патенттік ведомствоның апелляциялық кеңесіне өтініш бере отырып, сотқа дейінгі істі қарау мүмкіндігін береді. Апелляциялық кеңестің шешімімен келіспеген тұлға сотқа шағыммен жүгіне алады.

Тіркеу жөніндегі жоғарыдағы апелляциялық кеңес пен соттың шешімі тауар таңбасын тіркеуді тоқтатудың ерекше негізі болып табылады. Одан бөлек, құқықтық қорғауды тоқтатудың қалыпты жағдайлары да бар, дәлірек айтқанда, куәліктің он

жылдық жарамдылық мерзімі өтіп кетсе және оның мерзімін келесі он жылдыққа созырылмауы, тауар таңбасына куәлік несінің оның күшін алдын ала тоқтату бойынша өтініші, заңды тұрғанын таратылуы сияқты негіздер құқық тоқтатылуы мүмкін.

Жоғарыда атап өткендей, заң талаптарына сәйкес тауар таңбаларын тіркеген соң өтініш біндіруші он жылға жарамды, тауар таңбасын тіркеу туралы куәлік алады. Тауар таңбасын қорғаудың ерекшелігі оны шектеусіз он жыл мерзімге ұзарта беруге болады. Мысалы, швейцар шоколадтары мен ірімшіктердің жекелеген сорттары, француз әтірлері, ағылшын текетілі және т.б. тауарлар екі ғасырға орай тауар таңбаларымен қорғалып отыр. Олетте ерекше бұйымдар бастапқыда өнертабыс немесе өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалады, бұл тәсілдермен қорғау мерзімі аяқталған соң, тауар таңбаларының қатарына жатқызылып, мерзімсіз қорғалады.

Тауардың шығарылған жерінің атауларының танымал мыналары ретінде Франция провинциясының атауымен аталған пайдаланған шарап – «Шампанское», «Алматы апорты» – Алатау бөктерінде өсетін алманың ерекше сорты, «Сарыағаш» Оңтүстік Қызылқоғалы облысы Сарыағаш ауданынан алынатын бұлақ суы т.б. Тауардың шығарылған жерінің атауын пайдалану үшін тауар сапасының ерекше қасиеттері (дәмі, пісі, сапасы, ыңғайлылығы, ұзаққа жарамдылығы және т.б.) осы географиялық аумақтан ерекше табиғи жағдайымен (Сарыағаштағы бұлақ суы) немесе шеберлердің ерекше квалификациясымен (Шымкент қаласы, Алматы қаласымен) байланысты болуы керек.

Осы ерекше қасиеттер нақты тауарларға қатысты қолданылып отырған маңызды фактор болғандықтан, тұтынушылардың өсиісі, шынайы тауар алуын құқықтық қамтамасыз ету мақсатында тауардың шығарылған жерінің атауын құқықтық қорғау өңтіліген. Мұның мәні мынада, яғни патенттік ведомствосы нақты географиялық объектіде орналасқан бірінші өндірушінің өтініші бойынша тауардың шығарылған жерінің атауы және осы объектінің дәл осы атауды пайдалануға құқығы тіркеледі. Кейін патенттік ведомствосы осы географиялық аумақта орналасқан кез келген өндірушіге атауды пайдалану құқығын береді, ал үкес тауарды өндіретін, бірақ осы географиялық аумақта өңірілмеген өндірушілер үшін құқық беруде бас тартылады.



Басқаша айтқанда, минералды суды Қарағандыда өндіретін өндіруші өз өнімдерінде «Сарыағаш» атауын пайдалану құқығын алуы мүмкін емес болып саналады, яғни тауар шығарылған жерге географиялық атау сол аумақта орналасқан тауар шығарушылардың қолданылуына ғана болады.

Сонымен бірге бірқатар мұндай белгілеулер ұзақ қолданылатындығы соншалық, көп халықтың тілі мен санасында оларды бір түрдегі тауарлармен атау анықталады, мысалы, чех сырасы, орыс арағы, швейцар сыры, болонья матасы, винчестер мылтығы және т.б. Мұндай атаулар тауардың шығарылған жерінің атауы болып тіркелмейді және қолданам дегушілердің барлығына тиесілі бола алады.

Азаматтық айналымда тауардың шығарылған жерінің атауы мен тауар таңбасының атқаратын қызметтері біркелкі болғандықтан, тіркеуге өтініш білдірудің, сараптама жасаудың, пайдалану құқығы туралы куәлікті берудің, оны жарамсыз деп танудың бүкіл рәсімі ҚР Тауар таңбасы туралы Заңмен реттеледі.

Тауардың шығарылған жерінің атауы нақты географиялық аумақта орналасқан нақты өнімді өндіретін барлық өндірушілер үшін ортақ пайдалану объектісі болып табылады. Олар бірігіп өздерінің құқықтарын бірге немесе жеке дара тіркеу де мүмкін, бірақ құқықтың мәні мен көлемі өзгермейді.

Ерекше тауарларды өндіретін өндірушілердің тауардың шығарылған жерінің атауын пайдалану құқығын қорғау бойынша ортақтығы тұтынушылар үшін маңызды, себебі жасанды тауарларды өндіруден қосымша сапасына кепілдік болады.

Тауардың шығарған жерінің атауына берілген куәліктің иесінің айрықша құқықтарының көлемі тауар таңбасының иесінің айрықша құқықтарына қарағанда азырақ. Тауар шығарылған жердің атауына байланысты уәкілеттер ҚР АҚ 1034-бабында, ҚР Тауар таңбасы туралы заңның 37, 38-баптарында көрсетілген. Олар, тауар шығарылған жердің атауы, ең алдымен, оның тауарларда және оның қаптамаларында, жарнамаларда және т.б. қолдануды мензейді. Тауардың шығарылған жерінің атауына құқық иесі оны неліктен айыруға, қандай да бір мәміле жасауға құқығы жоқ. Осыдан тауардың шығарылған жерінің атауын пайдалану режимінің ерекшелігі және оның тауар таңбасынан айырмашылығы көрінеді. Оған қоса, жоғарыда атап өткендей, тауар-

дың шығарылған жер атауына құқықты бір мезгілде бірнеше құқық иеленушілер пайдалана алады.

**Қосымша материалдар:** 30-38 сөзбаларды қараңыз.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Субъектіні азаматтық айналымда даярландыру құралының маңызы қандай?
2. Тауар белгісі мен фирмалық атауға құқықтың арақатынасы қандай?
3. Тауар белгісінен қызмет көрсету белгісінің айырмашылығы қандай?
4. Тауар шығарылған жердің атауы.

## ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ОБЪЕКТІЛЕРІ

Интеллектуалды меншік құқығының дәстүрлі емес объектілеріне мына объектілер жатады:

- 1) интегралды микротәсілімдер топологиясы;
- 2) селекциялық жетістіктер;
- 3) ноу-хау (ашылған ақпарат, коммерциялық құпия).

Интеллектуалды меншік құқығының дәстүрлі емес объектілері интегралды микротәсілімдер топологиясы, селекциялық жетістіктер, ноу-хаудың (ашылған ақпарат) ерекшеліктері мынада:

- 1) интеллектуалдық құқықтың дәстүрлі объектілер сияқты адам шығармашылығынан туындайды;
- 2) объекті нысандағы ой нәтижесі.

Интегралды микротәсілімдер топологиясына қатысты дүниежүзіндегі алғашқы заң 1984 жылы АҚШ-та қабылданды. Одан кейін 1985 жылы Жапонияда қабылданды [28, 57 б.]. Қазақстан Республикасы интегралды микротәсілімдер топологиясын қорғау туралы заңды 2001 жылы 29 маусымда қабылдады.

Интегралды микротәсілімдер топологиясы дегеніміз – материалдық көздерде көрсетілген мен олардың арасындағы байланыстардың элементтері жиынтығының кеңістіктегі геометриялық орналасуы.

Интегралды микротәсілімдер деп аралық немесе қорытынды нысандағы микро электронды өнімдер (бұлар электронды схема түріндегі қызметі жүзеге асыру үшін өнімнің көлеміне толық орналасатын элементтері) танылады. Интегралды микротәсілімдер топологиясының белгілері: тұпнұсқалы болу керек, шығармашылық нәтижесінде ойлап тапқан автордың топологиясы бо-

луы керек. Топологияға енгізілген сызба, идея, әдіс, жүйелер топологиясы болып табылады. Олар бөлек авторлық құқық және патент құқығымен де қорғалуы мүмкін.

Топология субъектілері болып автор және құқық иеленушілер танылады. Құқық иеленуші – заң, шарт бойынша топология объектілеріне айрықша құқық алған кез келген жеке тұлға және ішкі тұлға. Автор – шығармашылық нәтижесінде топологияны ойлап тапқан адам. Тең авторлар құқығымен де топология жасалуы мүмкін, яғни бірнеше автор ойлап тапқан топологияның тең авторлары болып саналады. Тек техникалық, материалдық, рәсімдік көмек қана көрсетіп, шығармашылық нәтиже қоспаған адам автор бола алмайды. Заңды тұлға топология авторы бола алмайды. Алайда шарт бойынша топологияның айрықша құқықтарын иеленуі мүмкін. Мысалы: компанияда қызметтік тапсырма бойынша жасалған топология қатысты заңды тұлға топологияның айрықша құқықтарын иеленеді. Автордың сыйақы алуға құқылы, мөлшері тараптар арасындағы келісім шартпен анықталады. Мемлекеттік тапсырыспен қажеттілік үшін жасалған топологияға қатысты мемлекет құқық иеленуші болуы мүмкін. Бұнда да топология авторы мен мемлекет арасында топологияға қатысты құқықтар өзара шарт арқылы анықталады.

Топологияны мемлекеттік тіркеуге өткізу үшін мынандай құжаттар керек:

- 1) өтінім
- 2) реферат (құжаттар)
- 3) тіркеуге қатысты мемлекеттік баж төлегенін растайтын құжат.

Топологияны қорғауға куәлік беріледі. Куәлік мерзімі 10 жыл. Топологияға қатысты туындайтын құқық екіге бөлінеді: мүліктік құқық және мүліктік емес жеке құқық. Мүліктік емес құқықтар жеке құқықтар – авторлық құқық, автор болуға құқық жатады. Мүліктік емес жеке құқық автордан ажыратылмайды және мерзімсіз уақытқа қолданылады, яғни тұрақты қорғалады. Мүліктік құқықтар (айрықша құқықтар) топологияны қолдану, қолдануға рұқсат беру т.б. құқықтар жатады. Топологияны қолдану құқығы дегеніміз – толық немесе микротәсілімдер пайдалану; пайда алу үшін шетелге сатуға алып шығу жатады. Бұл тек құқық иеленушінің келісімімен ғана және шарттар арқылы

үшінші тұлғаға беруге болады. Бірінші рет қолданылған және тіркелген кезден бастап 10 жыл. Айрықша құқықты (мүліктік құқықты) мұрагерлікпен беруге болады.

Селекциялық жетістіктер интеллектуалдық құқықтың дәстүрлі емес объектілеріне жатады. Ең алғаш дүниежүзінде 1930 ж. АҚШ-та селекциялық жетістік патентпен қорғады. Ғылым саласы ретінде селекция 1859 жылдан бастап Ч. Дарвиннің «Табиғи іріктеу жолымен түрлердің пайда болуы, әлемде өмір үшін күрескен тұқымдардың сақталуы» кітабы шыққан кезден бастап дами бастады. Селекциялық жетістіктерді құқықтық қорғау әлемде бірқалыппен дамыды. АҚШ селекциялық жетістіктерді құқықтық қорғау мәселесін бірінші болып қойған мемлекет болып саналады. Өткен ғасырдың 30-жылдарында жыныссыз жолмен дамитын өсімдіктерге патент берудің арнайы жүйесі енгізілді. Сондай-ақ 1980 жылы АҚШ-тың Жоғарғы соты генетикалық өзгерген бактерияларға байланысты бірінші істі қарап, тірі әлемнің объектілеріне патент алуға болатынын дәлелдеді. Әрі қарай өсімдік сорттарына уақытылы патенттер берілетін болды. АҚШ-тың Жоғарғы сотының «Күн астындағы және адамның қолымен жасалғаны бәрі қорғалу керек» деген қанатты сөзін негізгі ұранға айналдыра білді. Осы принциптен шыққанда АҚШ-тың патенттік мекемесі адамнан басқасының бәрі, табиғатта жоқ жануарларды қосқанда көп клеткалы организмдер патентке қабілетті деп санайды. 1988 жылы онкомыш трансгендік сүтқоректісіне бірінші патент берілді [29, 53 б.].

Қазақстан Республикасы заңнамасында селекциялық жетістік жаңа объектілер қатарына жатады. Заңнамалық реттеу кезінде селекциялық жетістіктер мен өзге өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттік құқықтық қорғау қағидаларының ұқсастығын көруге болады, ҚР АҚ 1006-б., 3-т., егер селекциялық жетістіктер туралы заңнамаларда өзгеше көрсетілмесе, осы қатынастарға патенттік құқық нормалары қолданылатындығын көрсетті. Алайда бұл нормалар селекциялық жетістіктерді құқықтық қорғауда жеткіліксіз болғандықтан, 13 шілде 1999 жылы «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» ҚР Заңы қабылданды.

Барынша нақты және толық тұрғыда ғылыми қызметтің түрі ретінде селекция былай түсініледі: жасанды мутагенез және сұрыптау, гибридизация, гендік және клеткалық гибридизация

арнайы өсімдік сорттарын, жануарлар ұрықтарын, микроорганизмдер штамптарын жақсарту және жаңа түрлерін шығару; білімдердің тиісті тарауы және қолданбалы ғылыми дисциплина; селекциямен айналысатын ауылшаруашылық өндіріс саласы [10]. Селекциялық жетістіктерді жасау процесінің спецификалылығына қарамастан, осы сөздің өзінде оны құқықтық реттеу мәселесі басты мақсатқа айналып отыр. Қазақстан экономикасының аграрлық-экономикалық сипаты селекциялық жетістіктердің жасалуын, анықталуын, шығарылуын және пайдаланылуын құқықтық реттелуін талап етеді.

ҚР АҚ 1006-бабы қорғау объектісі ретінде селекциялық жетістіктің екі түрін: өсімдік шаруашылығында өсімдік сорты және мал шаруашылығында жануар тұқымы бекітеді. Селекциялық жетістіктер туралы Заңда барынша селекциялық жетістікке кең шикітама беріледі. Сорттың қорғалатын санаттары: клон, желі, бірінші ұрпақ буданы, жеке түр болып табылады. Ұрық (тұқым) – тұқымдық материалдың барлық ботаникалық нысандары: тұқымның өзі, жемістер, дән шоғыры, күрделі жемістердің бөліктері, баданалар мен түйнектер жатады.

Қорғалатын объектілердің ерекшелігін көрсететін және арнайы заңнамада пайдаланылатын терминдерге «тауарлық жаппуір», «асыл тұқымды мал», «ұрық» жатады.

Селекциялық жетістіктер бойынша субъективтік құрам шығармашылық қатынаспен ұқсас болғанымен, бірқатар айырмашылықтары бар. Селекциялық жетістіктер субъектілерінің арасында автор, селекциялық жетістіктерге патент иесі, мемлекеттік комиссия деп аталатын, апробациялайтын және тексеретін органдар бар.

Селекциялық жетістіктерге құқықтық қорғауды бекітудің ерекшелігі – онда әкімшілік және азаматтық құқықтық негіздердің болуы. Селекциялық жетістіктерге патент алу туралы шешім мүдделі заңды немесе жеке тұлғамен қабылданады және ол туралы патенттеуші уәкілетті органға өтініш беріледі. Ол өтінімдерге алдын ала сараптама жүргізеді, қорғалатын өсімдіктер мен жануарлар тұқымдарының мемлекеттік реестрін жүргізеді, патент пен авторлық куәліктерді береді, селекциялық жетістіктерге қатысты ресми жарияланымдарды қамтамасыз етеді.



Селекциялық жетістіктердің қорғалу қабілеті мен шаруашылық пайдалылығын сараптау мен тексеру, ауылшаруашылығы мәдениеттерінің сорттарын тексеру бойынша арнайы мемлекеттік комиссиямен қызмет етеді.

ҚР АҚ 1011-бап селекциялық жетістіктерді, егер заң актілерінде өзгеше көрсетілмесе, жиырма бес жылдық қорғау мүмкіндігін көрсетеді. Селекциялық жетістіктер туралы заңның үшінші бабына орай, өсімдіктер сортына патенттің қолданылу мерзімі сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 25 жыл, мал тұқымдарына 30 жыл, жүзім, сәндік ағаш, жеміс және орман дақылдары сорттарына, оның ішінде олардың калемшелеріне 35 жыл деп көрсетеді. Сонымен, селекциялық жетістіктер үшін өнеркәсіптік меншік объектілеріне қарағанда барынша ұзақ мерзімді қорғау мерзімі ұсынылды.

Селекциялық жетістіктерге айрықша құқықты жүзеге асырудың ерекшелігі жетістікке алынған патент оны өндірісте пайдалану үшін жеткіліксіз. Бұл үшін құқықтық қорғаудан бөлек міндетті түрде селекциялық жетістікті селекциялық жетістіктердің Мемлекеттік реестріне енгізу керек. Бұл объектілерді пайдалану бойынша ерекше жауапкершіліктің болуымен түсіндіріледі. Себебі пайдалану дегеніміз – өсімдіктің жаңа сорты мен жануарлардың жаңа тұқымды адам тамағы үшін пайдаланылатын немесе өндіріске жарамды пайдалы болуы шарт. Сондықтан патент иесінің айрықша құқығы әкімшілік шаралармен орынды күрделендірілген.

Селекциялық жетістіктерді құқықтық қорғау, өсімдік сорттары мен жануарлар тұқымдарына патент беру және оларды рәсімдеу ҚР Селекциялық жетістіктер туралы заңның 4-11, 13-29-баптарында көрсетілген.

Селекциялық жетістіктерді патенттік қорғау әдісі өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғаумен өте ұқсас болғанына қарамастан, бірқатар өзгешеліктер бар және соларға тоқталсақ. Дәлірек айтқанда, селекциялық жетістіктердің патентке қабілеттілік шарттары ретінде жетістіктің жаңалығы, ерекшелігі, біртектілігі және тұрақтылығы ескеріледі. Байқағанымыздай, өнертабыстарға көрсетілген өнертабыстық деңгей мен өнеркәсіптік қолдану критерийлері селекциялық жетістіктерге көрсетілмеген. Тіпті селекциялық жетістіктер үшін жаңашылдық критерийі де

басқаша түсініледі. Егер өтінім жасалған күнге дейін белгілі бір селекциялық жетістіктің ұрығы немесе басқа да отырғызылатын материалы, асыл тұқымдық материалы мына аумақта: 1) Қазақстанның Республикасында – өтінім берілген күнге дейін бір жыл бұрын; 2) кез келген басқа мемлекетте – өтінім берілген күнге дейін бір жылдық дақылдар бойынша төрт жыл бұрын және көп жылдық дақылдар, тұқымдар бойынша алты жыл бұрын сатылған және автор немесе оның құқықтық мирасқоры сортты, тұқымды пайдалану үшін басқа адамдарға бермесе, сорт, тұқым жаңа деп есептеледі.

Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне тиісті тек пен түр енгізілген күнге дейін пайдалануға ұсынылатын селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде тіркелген сорт, тұқым сортақ, тұқымға жаңа болуы жөнінде талап қойылмай-ақ патентке қабілетті деп танылуы мүмкін.

Егер сорттың, тұқымның өтінім берілген кезде бар екені жиыныға мәлім кез келген басқа сортақ, тұқымнан анық өзгешелігі болса, олар ерекшелік өлшемдеріне сай келеді. Патент алуға өтінім беру немесе сорттың, тұқымның жаңа сорттардың, тұқымдардың ресми тізіліміне енгізілуі, осы өтінім беру нәтижесінде патент берілген немесе сорт, тұқым аталған тізілімге енгізілген жағдайда, сортты, тұқымды өтінім берілген күннен бастап кез келген елде жалпыға жария етеді.

Егер сорттың, тұқымның көбею ерекшеліктерін есепке алғанда осы сорт өсімдіктері немесе тұқым селекцияланатын бөліктері бойынша біртекті болса, сол сорт пен тұқым біртекті деп есептеледі [31, 41 б.].

Егер сорттың, тұқымның негізгі белгілері әрбір көбеюден кейін, ал көбеюдің ерекше циклі жағдайында көбеюдің әр циклінің соңында өзгеріссіз қалса, олар тұрақтылық өлшеміне сай келеді.

ҚР АҚ 1007-бабында және Селекциялық жетістіктер туралы заңның 6- бабында сорттың, тұқымның атауына ерекше мән беріледі. Селекциялық жетістіктің атауы селекциялық жетістікті бір ізге түсіруге мүмкіндік беруге, қысқа болуға, сол немесе солған жақын ботаникалық немесе зоологиялық түрдің бар селекциялық жетістіктерінің атауларынан өзгеше болуға тиіс. Ол тек цифрлардан ғана тұрмауға, қасиеттеріне, шығу тегіне, селекция-

лық жетістіктің маңызына, селекционердің жеке басына қатысты жаңылыстырмауға тиіс, адамгершілік пен мораль принциптеріне қайшы келмеуге тиіс. Селекциялық жетістіктің ұсынылған атауының дұрыстығын тексеруді мемлекеттік комиссиялар сараптама жасау ұйымынан өтінім материалдары келін түскен күннен бастап екі ай мерзімде жүзеге асырады.

Сонымен, селекциялық жетістіктер дегеніміз – адамның шығармашылық қызмет нәтижесі болып табылатын өсімдіктердің патент берілген жаңа сорты, жануарлардың жаңа тұқымы.

Сорт дегеніміз – шаруашылық және биологиялық жағынан қасиеттері мен морфологиялық белгілері ұқсас, шығу тегі жағынан туыс, өз белгілерін тұқым қуалау арқылы келесі ұрпақтарына беретін және белгілі бір ботаникалық таксондағы өсімдіктердің басқа топтарынан ең болмағанда бір белгісі бойынша ерекшеленетін бір дақылды өсімдіктер тобы.

Жануар тұқымы дегеніміз – бұл белгілі бір шаруашылық және табиғи жағдайларда адамның шығармашылық қызметімен қалыптасқан «өз ішінде» өсіп өнуі үшін саны жеткілікті және шаруашылық, асыл тұқымдық құндылыққа ие, іріктеу, таңдау, олардың генотипіне сай келетін техникалық жағдайлар жасау арқылы қалыпты күйі сақталатын, сондай-ақ оны бір түрдегі басқа тұқымдардан ерекшелетін морфологиялық, физиологиялық және шаруашылық жағынан пайдалы қасиеттерінде белгілі бір ерекшелік бар жалпы шығу тегі ортақ ауылшаруашылық жануарларының бір түрінің тобы. Тұқымының қорғалатын санаттары: тигр, кросс, желі болып табылады.

Тұқым: ұрғашы және еркек болып бөлінеді.

Селекциялық жетістіктердің интеллектуалдық құқық объектісі ретінде мынандай белгілері болуы тиіс:

1) жаңа болуы тиіс, бұрын осы сортқа, тұқымға патент берілмеген болу керек;

- ҚР аумағы бір жыл ішінде
- басқа мемлекеттерде 4 жыл ішінде берілмесе, егер жүзім, сәндік ағаш, жеміс орман дақылдарының сорттарына 6 жыл берілмеген болса.

2) басқа селекциялық жетістіктерден ажыратылатын белгілері мен өзгешелігі болу керек.

3) біртектес және тұрақты, яғни бірнеше рет көбейгеніне қарамастан сақталатын сорт немесе тұқым болуы керек.

Селекциялық жетістікке өтініш беруші болып өтініш бергеннен және заңды тұлға табылады. Патент иеленуші болып патент иесі табылады. Автор – сортты, тұқымды жасаған, тапқан, өсіні шығарған адам. Қорғау патенті өсімдік сортына сараптама ұйымына өтініш берген күннен бастап 25 жыл, мал тұқымына 10 жыл, жүзім орман сорттарына 35 жылға беріледі. Селекциялық жетістіктер мемлекеттік тізім жүргізу, жинау, қорғау мемлекеттік монополияға жатады [32]. Селекциялық жетістікке патент алу үшін мынандай құжаттар өткізіледі: 1) өтінім; 2) селекциялық жетістік сауалнамасы; 3) өкіл арқылы болса сенімхат 4) селекциялық жетістікті мемлекеттік тіркеу үшін мемлекеттік баждандырып растайтын құжат.

Патент иеленушінің айрықша құқықтары:

- 1) өндіру, молайту (көбейту);
- 2) көбейту мақсаты үшін ұрықты себетіндей деңгейге жеткізу (қошетке);
- 3) сатуға ұсыну, өткізу өзге айналымға жіберу;
- 4) Қазақстан Республикасы аумағына әкелу;
- 5) Қазақстан Республикасы аумағынан әкету;
- 6) жойылып кетпеу мақсаты үшін сақтау.

Патент иесінің міндеттері:

- 1) азаматтық айналымға тұқымды, сортты жіберуге;
- 2) бірқалыпты ұстап тұру (сорт, тұқым, жеміс);
- 3) патентті ұстап тұру үшін жыл сайын авторға сыйақы төлеп тұру және т.б.

Ноу-хау. Интеллектуалдық меншіктің дәстүрлі емес объектінің бірі «өнеркәсіптік құпия» деп аталады. «ноу-хау» ағылшыннан аударғанда орысша «знать как», қазақша «қалай білу» деген мағынаны білдіреді.

Дүниежүзінде «өнеркәсіптік меншікке» қатысты жасалатын шарттардың 70 % ноу-хауға қатысты жасалады.

Үшінші тарапқа құпия акпарат белгілері мынада:

- үшінші тұлғалар үшін бұл акпараттың коммерциялық құны бар, маңыздылығы бар және ол құпия болып саналады;
- заңды негізде бұл акпаратқа қол жеткізу мүмкін емес;

- оның құпиялығын сақтау үшін тиісті қорғау шаралары жүзеге асырылады. Бұндай ақпараттар қазіргі таңда қызметтік және коммерциялық құпияны құрайды. ҚР АҚ 426-бабына сәйкес, коммерциялық немесе қызметтік құпия дегеніміз – үшінші тарапқа белгісіз болуымен байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші оның құпияларын сақтауға шара қолданатын ақпарат.

Ғылымда ноу-хауға бірнеше түсінік берілген :

- ноу-хау – бұл техникалық жетістік;
- ноу-хау ұйымдық шешім (кейбір жұмыс, қызметтің барысында көрінетін шешім).

Ноу-хау екі топқа бөлінеді: 1) материалдық объектіге айналатын пәні, құпиялығы, жаңалығы бар; 2) материалдық объектіге айналмаған амалдар, әдістер, тәжірибелер т.с.с. [33, 12 б.].

Қазақстан Республикасы заңнамасында ноу-хау анықтамасы берілмеген тек ҚР АҚ-да коммерциялық құпия туралы айтылады. АҚШ заңнамасында ақпарат құпия болып мынандай жағдайларда саналады:

- бұл ақпарат белгілі бір тұлғаларға таныс емес ақпарат болса;
- бәсекелестер арасында бұл ақпарат өте құнды, артықшылықтарға ие болса;
- оны иеленуші көп қаражат жұмсай отырып, оған қол жеткізген болса;
- құпиялығы қорғалған болса.

Қазақстан Республикасында ноу-хаудың мынадай белгілері бар:

- үшінші тұлғаларға белгісіз және қолжетімсіз;
- көзге көрінетін, қандай да бір пішінде (сызба, кескіндеме т.б. ) шарт бойынша беруге болатын;
- патенттелмеген;
- қандай да болмасын бір салаға қолданылатын ақпарат (өнеркәсіп, техникалық және т.б. );
- бағасын анықтау мүмкіндігі бар (экономикалық құндылығы бар);

- интеллектуалдық меншіктің басқа объектілерінен айырмашылығы ноу-хауға айрықша құқықтар жоқ, тек ақпаратты иеленушінің нақты иелік етуі;
- ноу-хауға құқық пайда болу үшін тіркелу қажет емес.

Ноу-хауды иеленуші болып, оны ойлап тапқан немесе ең алғаш шартпен алған субъект болуы мүмкін. Коммерциялық құпияны заңсыз әдістермен алған адамдар, сондай-ақ еңбек шартына қарамастан қызметшілер немесе азаматтық құқықтық шартқа қарамастан, контрагенттер қызметтік немесе коммерциялық құпияны жария етсе, келтірілген залалдың орнын толықтай өтеуге және толтыруға міндетті. ҚР қылмыстық кодексінің 223-бабы бойынша: коммерциялық не банктік құпияны, микрокредит беру құпиясын, коллекторлық қызмет құпиясын құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ мүлікті жария етумен байланысты ақпаратты заңсыз алу, жария ету немесе пайдалану қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтырады, ең ауыр жазасы 2 жылдан аса мерзімде бас бостандығынан айырады [34]. Францияда қызметкер коммерциялық құпияны жарияласа және зиян әкелсе, қылмыстық жауаптылыққа тартылып, 5 жыл бас бостандығынан айырылады. АҚШ-та да бұл әрекетті «экономикалық шпионаж» ретінде қарайды. 15 жылдан аса уақытқа сот бас бостандығынан айыру жазасы көрсетілген және айып салады.

«Құпия ғылыми-техникалық, өндірістік және саудаға байланысты ақпаратты, оның ішінде коммерциялық құпияны алуға, пайдалануға және жариялауға» жол бермеу туралы алғашқы нормалар 11 маусым 1991 жылы «Бәсекелестікті дамыту және монополиялық қызметті шектеу туралы» ҚР Заңында бекітілді (көп күші жойылған). Осы жалпы норманы нақтылау кейіннен ҚР АҚ 126-бабында көрініс тауып, ақпаратты қорғаудың негізгі үш шартын бекітті. Ең алдымен, барлық ақпарат емес, тек сауда, ұйымдастырушылық, коммерциялық және өндірістік құпиялар ғана қорғалады. Ақпаратты жоғарыда аталған топтардың біріне жіткізу үшін ешқандай шектеу жоқ, мәліметтер сипаты әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан терминдер де әртүрлі «ашылмаған ақпарат», «өндіріс құпиясы», «сауда құпиясы», «конфиденциалды ақпарат», «ноу-хау», «коммерциялық құпия» және т.б. қолданылды. Заңда барлық мәліметтердің барлық ауқымын қамту мүмкін емес. Одан да қандай ақпараттың коммерциялық құпия



болып табылмайтындығын көрсету онайырақ болды. Бұл ақпараттар тобының ең бірінші белгісі олардың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны болуы керек. Мұндай ақпараттардың несі оларды қазір немесе болашақта пайдаланудың нәтижесінде нақты материалдық пайда алады. Мысалы, қандай да бір сауда фирмасы нақты аумақтағы тұтынушыларды жаулау және оларға өз тауары туралы ақпаратты жеткізу бойынша өзінің әдіс тәсілдерінің ерекше жүйесі бар. Мұндай жүйесі жоқ басқа фирмаларға карағанда бұл фирманың жұмысы барынша нәтижелі. Немесе салқын су шығаратын өзге фабрика ауыз суды тазарту бойынша ерекше тәсілді пайдаланады және бұл құпияны патенттемей ноу-хау түрінде сақтайды. Екі мысалда да қандай да бір ақпаратты иелену басқалардың алдында нақты материалдық пайда береді. Атап өтетін жәйт, көптеген жағдайларда ақпарат өз иесіне нақты ғылыми зерттеулер, тәжірибелерді біріктіру (кейде көпжылдық, отбасылық), бақылау, яғни шығармашылық интеллектуалдық қызмет нәтижесінде келеді. Дәл осы аспектінің болуы ашылмаған ақпаратты интеллектуалдық меншік объектілеріне жатқызуға мүмкіндік береді. Ақпаратты интеллектуалдық меншіктің объектісіне жатқызудың келесі шарты болып бұл ақпараттың үшінші жақтарға белгісіз болуы жатады. Ақпараттың қалың жұртқа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге тәсіл арқылы белгілі болуы оны интеллектуалдық меншік объектісіне жатқызу мүмкіндігінен айырады. Қорғау құжатымен қорғалмаған және барлық тұлғаларға белгілі ақпарат нақты субъектінің меншігі болып табылмайды. Егер ақпаратты иеленуші оны құпияда ұстан және оны пайдалану мүмкіндігі тек оған тиесілі болса, онда пайдалану құқығын заңмен қорғау негізі пайда болады.

Ашылмаған ақпаратқа құқықтық қорғауды қамтамасыз етудің келесі шарты – заңи тұрғыдан оған еркін қолжетімділіктің болмауы және құқық иеленушінің оның құпиялығын қорғау үшін шаралар қолдануы. Үшінші тұлғалардың қорғалатын технологияларды көруге, процестің мәнін ашатын құжаттарды зерттеуге және т.б. мүмкіншілігі болмауы керек.

Объектілердің қорғалу мүмкіндігі критерийлері деп атауға да болатын, аталған үш критерий болған кезде ғана ашылмаған құпия шектелмеген мерзімді құқықтық қорғау объектісі болып

табылады. Ол осы белгілер сақталғанға дейін қорғалатын болады.

Ашылған талаптарды сақтаған жағдайда ашылмаған ақпарат интеллектуалдық меншіктің объектісі болады және оны пайдалану, биік ету режимі патентпен қорғалатын өнертабыстың құқықтық режимінен айырмашылығы болмайды. Құқық иеленуші ақпаратқа құқықты беруі мүмкін, яғни оны болашақта пайдаланудың бас тартуы мүмкін және ашылмаған ақпаратты басқа субъектілермен пайдалану үшін лицензиялық шарт жасауы мүмкін (ҚР АҚ 1019-б.).

Ашылмаған ақпаратқа қол жеткізудің өзге жолдары заңсыз болып табылады және әдетте азаматтық жауаптылыққа, қылмыстық және әкімшілік түрде жазалауға жататын іс әрекеттер болып табылады (өнеркәсіптік шпионаж, қызметкерлерді сатып алу, құжаттарды ұрлау, қызметкерлерді қорқыту, жасырын тыңдау, т.б.). ҚР Қылмыстық Кодексінің 223-бабы «Коммерциялық немесе банктік құпияны құрайтын мәліметтерді заңсыз түрде алу және оларды жариялау» қылмысының құрамын көрсетеді және барынша қатаң жазалауды белгілейді.

**Қосымша материалдар:** 39-44 сызбаларды қараныз.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Интеллектуалдық меншіктің дәстүрлі емес объектілерін атаңыз.
2. Интегралды микротәсілдер топологиясының ерекшеліктерін атаңыз.
3. Селекциялық жетістіктердің ерекшеліктерін атаңыз.
4. Коммерциялық құпияның түсінігі мен ерекшеліктерін атаңыз.

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ  
ОБЪЕКТІЛЕРІН АЛУҒА ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА  
ҚАТЫСТЫ ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР.  
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК  
ОБЪЕКТІЛЕРІН ҚОРҒАУ**

Интеллектуалдық меншік құқығы объектілерінің азаматтық айналымға түсуі күрделі мәселе болып саналады. Айрықша құқықтар мәміленің пәні болуы мүмкін, мұрагерлікпен көшеді, қайта құрылған заңды тұлғаға өтеді, кепілге қойылады. Интеллектуалдық меншік объектілері заңды тұлғаның құрылтай жарнасына және бірлескен қызмет шартына енгізілуі мүмкін. Алайда Ресей заңнамасына караганда біздің Қазақстан Республикасы заңнамасы бұл мәселені нақты көрсетпеген, бірақ тыйым да салмаған. Ресейде жарна ретінде «ноу-хауды» салуға рұқсат етпейді. Патентті салуға да рұқсат жоқ.

Мемлекеттік тіркеу тек патентке қатысты лицензиялық шарттарға қолданылады, ал авторлық шарттарды тіркемейді. Тек ауызша және жазбаша жасалады.

Бірлескен қызмет туралы шарт – консорциум. Консорциум дегеніміз бірлескен қызмет туралы шарт негізінде заңды тұлғалар нақты шаруашылық міндеттерді шешу үшін белгілі бір ресурстарға біріктіріп, күш жігерді үйлестіретін, ерікті түрде жасалған тең құқықты уақытша одақ бірлестік болып табылады. Жарна ретінде ақша не басқа мүлік пен еңбек үлесін қосуға болады.

Ресейде мүліктен басқа кәсіби біліктілікті, іскерлік беделге қатысты қалыптасқан байланысты да қосуға болады [35, 47 б.]. Қазақстан Республикасында бұл мәселе нақты көрсетілмеген, бірақ тыйым да салынбаған.

Интеллектуалдық меншік объектілерінің мұрагерлікпен көрінісін мәселе болып табылады. Мұрагерлікке тек материалды құны бар, мүліктік құқық көшеді, мүліктік емес жеке құқықтар көшпейді. ҚР Патент туралы заңда патенттің нақты шартымен көшетіні көрсетілмеген. Алайда авторлық құқыққа қатысты айрықша құқықтар авторлық шарт бойынша және мұрамен беріледі деп көрсетілген, яғни ҚР авторлық және сабақтас құқық туралы заң, бұнда мүліктік айрықша құқықтар ауысатыны көрсетілген. Бірақ автордың жеке басымен тығыз байланысты жеке құқықтар ауыспайды. Мұрагерлер тек бұл құқықтарды берууды жүзеге асыруына болады.

Қазақстан Республикасында нарықтық экономикалық қатынастардың дамуы барысында азаматтық шарттардың маңызы артты түсті, соның ішінде интеллектуалдық меншік құқығы салааралық азаматтық шарттардың рөлі ерекше, әсіресе интеллектуалдық меншік құқығы саладағы нормативтік құқықтық актілерді жаңа жағдайдағы нарықтық қатынастарға сәйкестендіру көрсетілімі туды. ҚР АҚ 964-бабының 2-тармағы: интеллектуалдық меншік объектісіне ерекше құқықты иеленуші, егер заң актілерінің ережелеріне қайшы келмесе, өзінің айрықша құқықтарынан басқа адамға толық немесе ішінара беруге, интеллектуалдық меншік объектісін пайдалануға рұқсат етуге және оны өзгертпей түрде пайдалануға құқылығы көрсетілген. ҚР АҚ 965-бабының 2-тармағы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, интеллектуалдық меншік объектісіне айрықша құқықтарды олардың құқық иелері шарт бойынша толық немесе ішінара басқа адамға беруі мүмкін деп көрсетіп, интеллектуалдық меншік объектісінің меншік несі өзіне берілген құқығы негізінде заңға қайшы көрмейтін кез келген шарт жобасын пайдалана отырып, шарт жасуға құқылығы айтылады.

Интеллектуалдық меншік құқық объектілеріне қатысты жасалатын шарттар шетелдерде 3 топқа бөлінеді:

1. Сатып алу-сату.
2. Лицензиялық шарттар.
3. Ноу-хау беру туралы шарттар.

Шетел тәжірибесінде сатып алу-сату шарты жиі кездеседі. Қазақстан Республикасында нақты мүлік деп көрсетілгенімен,

мүліктік құқықты сатуға тыйым салынбаған. Қазақстанда мынадай қызмет көрсету шарттары бар:

- 1) авторлық шарт;
- 2) сабақтас құқықтарды беру туралы шарт;
- 3) өнеркәсіптік меншікке қатысты патентті лицензиялық шарттар;
- 4) ғылыми зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, технологиялық жұмыстарды орындау туралы шарттар;
- 5) франчайзинг шарты;
- 6) авторлық құқықты беру туралы шарттар.

Интеллектуалдық меншік объектілерінің азаматтық айналымға түсуі күрделі мәселе болып табылады. Айрықша құқықтар мәмілесінің пәні болуы мүмкін, мұрагерлікпен көшеді, қайта құрылған заңды тұлғаға өтеді, кепілге қойылады (көптеген мемлекеттерде рұқсат берілген, біздің елдің заңнамасында нақты көрсетілмеген, бірақ тыйым салынбаған).

Жалпы интеллектуалдық меншік саласында жасалатын азаматтық шарттарға қатысты туындайтын құқықтық мәселелер өзекті. Солардың бірі – интеллектуалдық меншік саласында жасалатын азаматтық шарттарды жіктеу мәселесі. Осы мәселеге қатысты елімізде зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдардың бірі А. Аманкелді: «интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы шарттардың көпшілігі екі тарапты, консенсуалды, ақылы болып кездеседі, сондай-ақ жария шарттарда кездеседі, оған қоса, негізгі және қосымша шарттар, үшінші тұлғаның мүддесі үшін жасалған шарт, оған қоса, мысалы, авторлық құқық объектілеріне мүліктік құқықты ұжымдық басқару кезінде аралас шарттар жасалуы мүмкін деп көрсетеді (тапсырма шарты мен туындыға мүліктік құқық, құқықты пайдалану туралы шарт). Сондай-ақ кешенді шарттар жасалуы мүмкін. Мысалы, тәжірибеде үнемі дау туғызатын авторлық еңбек шарты ма? Әлде еңбек шарты өзінше бөлек, авторлық шарт өзінше бөлек туындайды ма деген мәселе бар. Бұнда қызметтік туындыны жасау және пайдалану кезінде екі деңгейдегі шарт қалыптасады: бірінші туындыны жалпы жасау тәртібіне байланысты еңбек шарты, туындыға мүліктік құқықты билік ету мәселесіне қатысты авторлық шарт туындайды. Екі шартты бөлек жасауға немесе біріктіріп кешенді шарт жасауға болады» дейді [7, 85 б.]. Ақырында «интеллектуалдық

меншік объектілеріне қатысты азаматтық шарттарды 4-ке бөледі: 1) авторлық және сабақтас құқыққа қатысты шарттар; 2) патент құқығы объектілеріне қатысты шарттар; 3) азаматтық айналымға субъектіні дараландыру құралдарына қатысты азаматтық шарттар (тауар, қызмет, жұмыс орындау белгісі); 4) интеллектуалдық меншік құқығының дәстүрлі емес объектілеріне (топологиялық интегралды микротәсілімдер, селекциялық жетістіктер, инвентар) қатысты шарттар [7, 86 б.]. Ресей ғалымы О.А. Рузакова: 1) интеллектуалдық меншік нәтижелерін жасауға қатысты; 2) лицензиялық шарттар; 3) айрықша құқықтарды пайдалануға қатысты шарттар» деп бөледі. Ресейде интеллектуалдық меншік объектісіне қатысты шарттарды былай жіктейді: 1) авторлық; 2) сабақтас құқықтарды пайдалануға қатысты шарттар; 3) патент құқығы объектілеріне қатысты лицензиялық шарттар; 4) интегралдық микросызба топологияларын пайдалану құқығына қатысты шарттар; 5) селекциялық жетістіктерді пайдалану құқығына қатысты шарттар; 6) коммерциялық концессия (франчайзинг) шарты. Ал ресей ғалымы О.Р. Рузакова шарттарды мынандай түрлерге бөледі: 1. Интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне айрықша құқықтарды иеліктен айыру туралы шарттар. 2. Лицензиялық шарттар. 3. Интеллектуалдық қызмет нәтижелерін жасауға қатысты шарттар. 4. Интеллектуалдық меншікке қатысты өзге де шарттар (айрықша құқықты сенімгерлікпен басқару шарты, айрықша құқықтарды ұжымдық басқару шарты; неке шарты; жай серіктестік шарты; кеніл шарты; кәсіпорынға қатысты мәмілелер [4, 115 б.].

Ғалым А.А. Аманкелді: интеллектуалды меншік құқығы объектілерін жасау үшін жасалатын шарттар; интеллектуалдық меншік объектілерін пайдалану құқығын беруге қатысты шарттар: авторлық шарт, лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензиялау шарты, айрықша құқықтарды айыруға қатысты шарттар, қамтамасыз ету шарттары, интеллектуалдық меншік саласындағы қызмет көрсету шарттары деп бөліп көрсетеді [7, 86 б.].

Әрине, интеллектуалдық меншік саласындағы шарттарды бұлай бөлу, біздіңше, жеткіліксіз. Өйткені бұл жерде тек авторлар (соавторлар) мен айрықша құқық иелерінің интеллектуалдық меншік объектісін пайдалануға қатысты шарттарын қамтымайды. Оған қоса, О.А. Рузакова аталған шарттарды жіктеу ар-



қылы оларды басқа шарттардан ажыратады. Мысалы, айрықша құқықты сенімгерлікпен басқару шарты, айрықша құқықты кепілге салу шарты, неке шарты және т.б. [4, 116 б.]. Өз кезегінде шарттарды бұлай бөлу орынды, себебі бұл шарттар интеллектуалдық меншік жүйесінен емес, интеллектуалдық қызметті қорғау барысында өз ерекшеліктерін көрсетеді. Сондықтан бұл шарттарды да интеллектуалдық меншік саласындағы шарттар жүйесіне қосуға болады.

Сонымен бірге интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне айрықша құқықтарды беру, жасау, пайдалануға қатысты шарттарды мынадай түрлерге бөлуге болады: авторлық шарт; сабақтас құқықтарды беру шарттары; патенттік-лицензиялық шарттар; субъектілерді дараландыру құралдарын пайдалануға қатысты шарттар.

Интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне беру және жасауға қатысты шарттар: ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және технологиялық жұмыстар; кәсіпорынды сату және жалға беру шарты; айрықша құқықтарды жалға беру шарты.

Жасалған және жасалмаған интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне қатысты шарттар екіге бөлінеді: жасалған объектілердің пәніне қатысты шарттар; жасалмаған объектілерге қатысты шарттардың пәніне қатысты шарттар.

Интеллектуалдық меншік құқығы объектілерін жасауға қатысты еңбек қатынастарына қатысты: интеллектуалдық меншік құқығы объектілерін қызмет барысында жасауға қатысты шарттар; еңбек қатынастарынан тыс интеллектуалдық меншік құқығы объектілерін жасауға қатысты шарттар деп қарастыруға болады.

Интеллектуалдық меншік құқығы объектілерін пайдаланатын субъективтік құрамына байланысты: неке шарты; ортақ тең авторлар арасындағы шарттар болады.

Авторлық шарт деп автордың мүлкітік құқықтарын толық немесе ішінара беру, не пайдалануға беру туралы шарттарды айтамыз.

Тәжірибеде көп кездесетін авторлық шарттардың бірі – тапсырысты авторлық шарт, бұнда автор шарт ережелеріне сәйкес, туындыны жасап, оны тапсырысшыға беруге міндеттенеді.

Шарттың пәнінде туындыдағы тақырып, жанр, түрі, көлемі нақты анықталуы тиіс.

Авторлық шарт – туынды (шығарма) авторы мен сол шығарманы пайдаланушы арасында жасалған шарт. Заң бойынша автор болып, автордың өзі, немесе қосымша автор, немесе оның мұрагері есептелінеді. Шарт жасаушы тараптар жеке немесе заңды тұлға да болуы мүмкін. Авторлық шарт бойынша жауапкершілік шартта көрсетілген тиісті емес міндетті немесе қарсы жақтың орындалмаған, жіберін алған мүмкіндіктерін қоса келтірілген шығынды өтеуге міндетті. Шартта көрсетілген тапсырысты, шығарманы ұсынбаған автор келтірілген шығынның орнын тапсырыс берушіге төлеуге міндетті. Авторлық шарттың түрлері көлеміне қарай шартта негізделетін құқықта өзгеше болады: ерекше құқық және ерекше емес құқық. Ерекше құқық шешім қабылдауға құқығы бар тұлғаға беріледі; ол шығарманы белгілі бір жағдайда пайдалануына және оған басқа тұлғаның оны пайдалануына тыйым салу құқығын береді. Ерекше емес құқыққа не тұлға, оны (шығарманы) иесі немесе пайдалану құқығы бар үшінші тұлға арқылы ғана пайдалана алады. Авторлық ақпарат бойынша берілетін құқық заңмен бекітілген. Егер шартта тікелей оңе жағдайлар көзделмесе, онда ерекше емес болып табылады. Авторлық шарттың әрекет ету аумағы: келісуші жақтар анықталып, авторлық шартта көрсетіледі. Шартта мұндай нұсқау болмаған жағдайда оның әрекет етуі Қазақстан Республикасы аумағымен шектеледі.

Авторлық шарт – автор (немесе оның мұрагерлері) мен баспа, театр, киностудия және т.б. арасында әдебиет, ғылым немесе өнер шығармаларын қолдану жөніндегі шарт. Авторлық шарт жағдайы азаматтық заңнамалармен айқындалады.

Авторлық шарт – нысанасы автордың мүлкітік құқықтарын беру болып табылатын шарт. Авторлық шарт лицензиялық шарттың бір түрі болып табылады. Авторлық шартты орындамағаны үшін азаматтық құқықтық жауапкершілік көрсетілген, онда кінәлі тарап келтірілген шығындарды, оған қоса жоғалған шығынды өтеп беруі тиіс.

Авторлық шарт шарт мерзімі біткен кезде, шарт бойынша міндеттеме орындалған кезде және тараптардың өзара келісімімен бұзылған кезде тоқтатылады.

Интеллектуалдық меншік объектілеріне қатысты жасалатын шарттардың ішінде патенттік лицензиялық шарттардың орны ерекше және тәжірибеде өте жиі жасалады. Сондай шарттардың бірі – патентке құқықты беру туралы шарт. Бұндай шарттар жазбаша жасалып қана қоймай, мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс. Шарт тіркелмесе жарамсыз болып табылады. Шартты тіркеу үшін әділет органына қорғалатын құжаттың көшірмесі, патент беру туралы шарт тапсырылады.

Ресейде интеллектуалдық меншік объектілерін иеліктен айыру, кешілге салу, айрықша құқықтар беру мемлекеттік тіркеуге жатады. Қазақстан Республикасында интеллектуалдық меншікке қатысты шарттары былай жіктеледі: 1) авторлық шарт; мемлекеттік сатып алу; 2) сабақтас құқықтарды беру туралы шарт; 3) өнеркәсіптік меншік объектілеріне лицензиялық шарттар; 4) ғылыми зерттеу, тәжірибелік конструкторлық, технологиялық жұмыстарды орындау туралы шарттар; 5) франчайзинг (кешенді кәсіпкерлік лицензиялау) шарты; 6) авторлық құқықты беру туралы шарттар. ҚР АҚ 897-бабының 1-тармағына сәйкес, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, селекциялық жетістіктерге, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, интегралдық микросхемалар топологияларына айрықша құқықтар кешенін беру туралы талаптарды қамтитын кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты патенттік органда (ұйымда) тіркелуге жатады.

Қазақстан Республикасында интеллектуалдық меншік объектілеріне жиі жасалатын шарттардың бірі – кешенді кәсіпкерлік лицензиялау (франчайзинг) шарты. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 896-бабында көрсетілгендей, бір тарап (кешенді лицензиар) екінші тарапқа (кешенді лицензиатқа) сыйақыға айрықша құқықтар кешенін (лицензиялық кешен), соның ішінде лицензиардың фирмалық атауын және қорғалатын коммерциялық ақпаратты пайдалану құқығын, сондай-ақ лицензиаттың кәсіпкерлік қызметінде пайдалану үшін шартта көзделген айрықша құқықтардың басқа да объектілерін (тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, патент және т.б.) беруге міндеттенеді. Шарттың пәні – айрықша құқықтар жиынтығы, коммерциялық тәжірибе, коммерциялық құпия болады. Ал бұл жерде айта кете-

тін мәселе: «іскерлік бедел» шарттың пәні бола алмайды. Шарттың нысаны жазбаша ғана жасалып қоймай, мемлекеттік тіркеуді қажет етеді.

Интеллектуалдық меншік объектілеріне қатысты тәжірибеде кешенен жасалатын шарттардың бірі – ғылыми зерттеу, тәжірибелік конструкторлық және техникалық жұмыстарға мердігерлік шарты, бұл шарт тапсырыспен жасалатын авторлық шартқа ұқсастығымен, жеке дара бөлек шарт болып табылады. Кейбір шетел мемлекеттерінде бұл шартты қызмет көрсету шарттарының қатарына жатқызады [4, 115 б.], ал Қазақстан Республикасында бұл шарт жұмыс орындауға қатысты туындайтын мердігерлік шартының қатарына жатады.

Интеллектуалдық меншік объектілерін халықаралық қорғау әдістері:

1. Көп жақты шарттармен.
2. Екі жақты шарттармен
3. Өзара келісіммен қорғалады.

Интеллектуалдық меншік объектілерін қорғауды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілердің негізгі бастамасын Қазақстан Республикасы Конституциясы және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (жалпы және ерекше бөлім) құрайды, сонымен қатар нормативтік-құқықтық актілердің негізгі тобын Қазақстан Республикасы заңдары құрайды. Олар мыналар:

ҚР Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы; ҚР Патенттік құқық туралы заңы; ҚР Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жердің атауы туралы заңы; ҚР Селекция жетістіктерін қорғау туралы заңы [36]; ҚР интегралды микротәсілімдер топологияларын құқықтық қорғау туралы заңы [37].

ҚР Кәсіпкерлік кодексі, ҚР Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң (6.11.20 баптар) [38, 39.]; ҚР Ғылым туралы заң және т.с.с.

Интеллектуалдық меншікті қорғаудың қайнар көздеріне халықаралық конвенциялар мен халықаралық келісімшарттар жатады, біздің еліміздің аумағында ішкі заңдармен олардың тең дәуісі бар және қайшылық туған жағдайда ішкі нормативтік-құ-

қықтық актілерден басым тұрады. Олар: Париж конвенциясы; Мадрид келісімі; Патенттік кооперациясы туралы Шарты (РСТ) 5 қараша 1995 жылдан бастап біздің еліміздің аумағында Еуразиялық патенттік конвенцияның әрекеті жүзеге асырыла бастады. 18 шілде 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің №2364 Жарлығымен «Еуразиялық патенттік конвенцияны ратификациялау туралы» біздің еліміз ТМД елдері ішінде бірінші бірыңғай ғылыми, ғылыми-техникалық және патенттік-құқықтық кеңістікті жаңғыртуға қазіргі заманғы әлемдік аймақтық патенттік конвенцияға қосылды.

Қазақстан кейінірек басқа конвенцияларға қосылды, қолданыстағы өнеркәсіптік меншік құқықтарын қорғау жүйесін жақсартуға байланысты. Бұған Ниш келісімі «Халықаралық тауарлар жіктеу және таңбаларды тіркеу үшін қызметтер туралы» (16 қараша 2001 ж. №258-II ҚР Заңы), ДЗМҰ шарты «Тауар белгілері туралы» (ТЛТ) (4 ақпан 2002 ж. ҚР Заңы); Халықаралық патент жіктелуі туралы Страсбург келісімі (16 қараша 2001 ж. №257-II ҚР Заңы); «Қазақстан Республикасының патенттік рәсім мақсаттары үшін микроағзаларды депонирлеу жайлы Буданешт шартына қосылу туралы» (16 қараша 2001 ж. №259-II ҚР Заңы); «Қазақстан Республикасының өндірістік объектілердің халықаралық классификациясын құру жөнінде Локарн келісіміне қосылу туралы» (31 қаңтар 2002 ж. №291-II ҚР Заңы) айтуға болады.

Авторлық құқық жөніндегі ең маңызды конвенцияларға еліміз 10 қараша 1998 жылы №297-I «Қазақстан Республикасының әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясына қосылу туралы» және 7 маусым 2000 жылғы №54-II «Қазақстан Республикасының фонограмма өндірушілердің мүдделерін заңсыз олардың фонограммаларын қолданудан қорғау конвенциясына қосылу туралы» ҚР заңдарын қабылдау нәтижесінде қосылды.

Конвенциялар дәрежесінен төменгі орында интеллектуалдық меншіктің жекелеген түрлерін қорғауға қатысты ТМД мүше-мемлекеттердің келісімдері ие болып отыр. Көпжақты және екіжақты келісімдердің маңыздылығы олар, мысалы, қатысушы елдердің азаматтары мен ұйымдарының салыстырмалы патент-

теу техникалық дамуын, қатысушы елдердің азаматтарының құқықтарын қорғау үшін әлдеқайда оңай болып табылады және екі ел арасындағы байланыстарды нығайтуға қызмет етеді.

Мемлекеттік басқару құрылымындағы өзгерістерге байланысты интеллектуалдық меншік қорғау саласындағы, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интеллектуалдық меншік жөніндегі комитетінің төрағасы қабылдаған нормативтік ұйғарымдары маңызды. Бұлардың ішінде ең маңыздылары болып келесілер табылады: 4 қараша 2002 жылғы №187 Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілгенге қатысты биліктілік талаптарын бекіту туралы; 10 тамыз 2001 жылғы №31 Өнеркәсіптік меншік пайдалануға арналған қосымша лицензиялық шарттарды тіркеу ережелерін бекіту туралы; 10 тамыз 2001 жылғы №30 Өнеркәсіптік меншік объектілеріне айрықша құқықты басқаға беру шартын тіркеу ережелерін бекіту туралы; 1 қараша 2001 жылғы №69 Өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттеу мен тіркеуге қосылған апелляциялық кесекке қарсылықтарды беру және қарау қағидаларын бекіту туралы нормативтік ұйғарымды атауға болады.

Патент құқығы өнеркәсіптік меншік құқықтарын пайдалану, кәдеге жарату, олардың авторларының құқықтарын қорғау мен құқық иелерінің құқықтарын тіркеу, құқықтарды тіркеу тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық ережелер жиынтығы болып табылады деп санаймыз.

Бұл істі қабылдауға қажетті объектілерді қорғау жалпы құқық иелігі құқық қорғау органдарына да қатысты – прокуратура, полиция, кеден органдары мен соттар төрелік жасайды.

Біздің елімізде интеллектуалдық меншік объектілерін құқықтық қорғау саласындағы арнайы құзыреті бар мемлекеттік орган болып Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Зияткерлік меншік жөніндегі департаменті табылады. Бұл Қазақстан Республикасында құқық қорғауды жегілдіру жөніндегі шаралар туралы 2001 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқықтары жөніндегі департаменті 2014 жылғы 20 қазандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен құрылды.



Оның алдында ол ҚР Әділет министрлігі құрамындағы Комитет болған, қазір департамент. Одан бөлек ҚР Әділет Министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институты құрылды.

Патент беру және тіркеу туралы куәліктің тауар белгісін патенттеу және тіркеу әрекеттерін осы орган жүзеге асырады. Оған бағынышты әксперттік ұйымға (қазіргі уақытта, Ұлттық зияткерлік меншік институты – 11 шілде 2002 жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен құрылған) өнеркәсіптік меншік объектілеріне талап қабылдау, заңға сәйкестігіне байланысты сараптама жүргізу, мемлекеттік тізіліміне акпарат көздерінің жариялануын жүргізу жұмыстары жүктелген.

2004 жылғы 9 шілдедегі «Интеллектуалдық меншік мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» осы ережеде қамтамасыз етілген құрылымын реттейтін бекітілген. Мына объектілерді қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның және оның ведомстволық бағынысты сараптама ұйымының мәртебесі анықталған: ол бойынша селекциялық жетістіктерге, өнертабысқа, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілерге; тауар таңбалары мен тауар шығарылған жердің атауына, қызмет көрсету белгілеріне, интегралды схемалар топологиясына ресми сараптама жасайды.

Негізгі институционалдық білім, өнертабыстар, өнеркәсіптік үлгілер мен пайдалы модельдерді құруға ықпал беретін Қазақстан Республикасы ғылыми-техникалық кітапхананың республикалық патенттік қоры мамандандырылған мемлекеттік ұйым болып табылады. Мемлекеттік емес ұйымдар таланткерлерге тіркеу құжаттарын алуға көмек көрсету үшін, патент иеленушілері және авторларға оларға тиесілі құқықтарды тиімді және шынайы жүзеге асыруға шақырылған.

Қазіргі уақытта Ауылшаруашылығы министрлігі ведомстволық бағынысты аттестатталған бірегей тұқым өндірушілермен, элиталық тұқым шаруашылықтарымен, тұқым шаруашылықтарымен және «Қазақстан Агроодағы» сияқты ауылшаруашылығы тауарын өндірушілердің қоғамдық бірлестіктерімен, әлемдік ең үздік тәжірибені ескеріп тұқым шаруашылығын дамытуға өрке-

метті көмекке енгізуге қатысуда өзара тиімді қарым-қатынас орнату және дамыту жөнінде жап-жақты көмек көрсетеді.

Сонымен қатар тұқым шаруашылығы процесіне барлық қатысушылардың келісуімен ауылшаруашылығы жүйесіндегі сорт өсітушілерді қамтамасыз етуге жауапты заңды тұлға анықталды. Әсіресе, сорттардың авторлары, патент иелері мен тұқым өндірушілер арасында қарым-қатынас орнатылды. Енгізіліп отырған роялти жүйесінің әзірленген ерекшеліктері қатарында процеске қатысушылардың барлығы үшін өте маңызды бірнеше мәселені шешу қажет.

Ең алдымен, бұл тұқымдар сатылған сәттен бастап патент иелеріне сыйақы төленуі. Сыйақы көлемі ауылшаруашылығы тауарын өндірушілердің белгілі бір сортаға және тұқым сату көлеміне сұранысын ескере отырып, теңгерімді (конкурстық) негіздеуі анықталады. Бұл ретте, сыйақы көлемі дақылға, сортаға байланысты құбылып тұруы мүмкін және «Қазақстан Агроодағымен» жасалған келісімшартта тікелей көрсетілетін болады. Роялти жинауды іске асырудағы ерекше маңызды аспект: ол бұрынғы-ақ пайдалану құқығына қысым жасамайды және ауылшаруашылығы дақылдарының бәсекеге қабілетті жоғары сапалы сорттарын шығаруды ынталандыруға бағытталған.

Қазіргі уақытта «Қазақстан Агроодағымен» жасалған келісімшарттарға сәйкес 25 ауылшаруашылығы дақылдарының 179 сорта бойынша, «ҚазАгроИнновация» АҚ жүйесіне кіретін, аграрлық саладағы патент иелерінің және ғылыми-зерттеу ұйымдарының заңды мүдделерін қорғайды. Бұл жұмыстың алғашқы нәтижелерін Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының селекционер ғалымдары 2015 жылы көрсетті, оларға 82,4 мың теңге және Красноводопад ауылшаруашылығы тәжірибе станциясына 181,5 мың теңге сомасында роялти төленді. 2016 жылы қазақ мақта шаруашылығы институты ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары 125,0 мың теңге, қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары 125,0 мың теңге роялти алды. Мысалға айтар болсақ, «Қазақстан Агроодағы» биылғы жылы Қостанай облысы тұқым шаруашылығы субъектілерімен 7 лицензиялық келісімшартқа қол қойып, ауылшаруашылығы дақылдары-

ның қорғалатын сорттарын нақты сатуға байланысты жарты миллион теңгеге жуық роялти түсуін жоспарлаған болатын.

**Қосымша материалдар:** 45-51 сызбаларды қараңыз.

**Бауылау сұрақтары:**

1. Интеллектуалдық меншік объектілерінің азаматтық айналымға түсу ерекшеліктері қандай?
2. Мұрагерлікпен интеллектуалдық меншік объектілерінің өтуі.
3. Интеллектуалдық меншік объектілеріне жасалатын шарттар.

№1

**АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША  
ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУ ТЕСТІ**

**1. Қазақстан Республикасының қолданылатын заңнама-  
сына сәйкес автор болып табылады:**

- A) шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туын-  
дысын жасаған заңды тұлға
- B) шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туын-  
дысын жасаған жеке тұлға
- C) шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туын-  
дысын жасаған жеке немесе заңды тұлға
- D) коммерциялық емес заңды тұлға жетекшісі
- E) ғылыми жоба жетекшісі

**2. Авторлық құқық – бұл:**

- A) автордың жеке мүліктік емес құқығы
- B) автор туындысының жеке құқығы
- C) автордың жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары
- D) автордың мүліктік құқығы
- E) сыйақы алу құқығы

**3. Авторлық құқықтың әрекет ету кезеңі:**

- A) 30 жыл
- B) автордың барлық өмірі кезеңінде және оның өлімінен  
70 жылдан кейін
- C) 100 жыл
- D) автордың барлық өмірі кезеңінде
- E) автордың барлық өмірі кезеңінде және оның өлімінен  
50 жылдан кейін

**4. Туынды қоғамдық игілік болып саналады, егер:**

- A) авторлық құқық мұрагерлікпен берілсе
- B) туынды авторы қайтыс болса
- C) автор туынды жарияланған елден кетсе
- D) авторлық құқық әрекет ету мерзімі аяқталса
- E) автор жаңа туынды жарияласа

**5. Жарияланған музыкалық туындыларды жария түрде орындау автордың келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемін жасамай жол берілуі мүмкін бе?**

- A) жоқ
- B) тек туындымен танысу мақсатында
- C) иә
- D) ресми және діни рәсімдер кезінде, сондай-ақ жерлеу көлемінде орынды сипатталған осындай рәсімдер
- E) кіріс алу кезінде жеке мақсат үшін бір рет

**6. Жұмыс берушінің (қызметтік туынды) қызметтік міндеттерді немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібімен жасалған жеке мүліктік емес құқықтарына не болады:**

- A) қызметтік туынды авторы
- B) жұмыс беруші
- C) туынды жарыққа шыққан ұйым
- D) қызметтік туынды авторы мен жұмыс беруші
- E) қызметтік туындының авторы болуы мүмкін емес

**7. Қоғамдық игілік болып табылады:**

- A) лақап атпен жарияланған туынды
- B) мұрагерлікпен өткен туынды
- C) ерекше құқығына уақыты біткен туынды
- D) авторы белгісіз туынды
- E) жарияланбаған туынды

**8. Көрсетілгендердің қайсысы авторлық құқық объектісінің туындысы болып саналады?**

- A) оқиғалармен фактілерді хабарлау

B) мемлекеттік символдар мен белгілер (тулар, елтаңбалар, ордендер, ақша белгілері мен өзге де мемлекеттік символдар мен белгілер)

C) ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, өзге де заңнамашық, әкімшілік, сот және дипломатиялық сипаттағы мәтіндер), сондай-ақ олардың ресми аудармалары

D) халықтық шығармашылық туындылар

E) туынды аудармалары

**9. Қандай уақыт ішінде авторлық құқық, атауға құқық және автордың беделін қорғау құқығы қорғалады?**

A) авторлық барлық өмірі кезеңінде және оның өлімінен 30 жылдан соң

B) шексіз

C) авторлық барлық өмірі кезеңінде

D) 50 жыл ішінде

E) 100 жыл ішінде

**10. Өзінің ерекше мүліктің құқықтарын жария ету үшін автор және (немесе) құқық иеленуші туындының әрбір данасында орналасатын (-шы, -ші) және міндетті түрде мынадай үш элементтен тұратын: қоршалған «С» латын әрпі; ерекше авторлық құқық негерлер атауы; алғашқы жарияланған туындының жылы көрсетілген авторлық құқықты пайдалануға құқылы:**

A) сурет

B) қорғау белгісі

C) сұлба

D) таңба

E) мор

**11. Авторлық құқық оның барлық өмірі кезеңінде және ол қайтыс болғаннан \_\_\_\_\_ жылдан кейін де әрекет етеді:**

A) 50

B) 100

C) 75

D) 25

E) 70



12. Авторлық құқық саласындағы қатынастарды реттейтін негізгі нормативтік акт болып есептелетін ҚР заңы:

- A) «Авторлық құқық туралы заң»
- B) «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жердің атаулары туралы заң»
- C) «ҚР патент туралы заңы»
- D) «ҚР интегралды микросхемалар топологиясын қорғау туралы құқықтық заңы»
- E) «ҚР авторлық және сабақтастық құқық туралы заңы»

13. Шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындысы жасалуы және қолданумен байланысты қолданылатын қатынастар қорғалады:

- A) патенттік құқықпен
- B) авторлық құқықпен
- C) заттық құқықпен
- D) сабақтас құқықпен
- E) еңбек нормасымен

14. Авторлық құқықты, атауға құқық және автордың беделін қорғау құқығын қорғау ол қайғыс болған соң жүзеге асырылады:

- A) ҚР кез келген азаматымен
- B) қоғамдық ұйыммен
- C) ҚР арнайы өкілеттілік берілген органымен және оның мұрагерімен
- D) «цехтағы» жұмыстасымен
- E) құқықты қорғау жөніндегі арнайы органмен

15. Кім автордың мирасқоры бола алмайды?

- A) автордың мұрагерлері
- B) жұмыс беруші (заңнама мен шартта алдын ала көрсетілген жағдайда)
- C) автордың көршісі (автордың туысқандары болмаған жағдайда)
- D) автормен немесе оның мирасқорымен шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға
- E) ҚР өкілеттілік берілген орган

16. ҚР заңнамасына сәйкес авторлық құқық пайда бола-  
ды?

- A) туынды шығарылған соң
- B) БАҚ туынды фактісі жарияланған соң
- C) авторлыққа қағаздарды реттеген соң
- D) туындының жасалған фактісі бойынша
- E) туынды тіркелген соң

17. Екі немесе одан көп тұлғалардың шығармашылық еңбегі арқылы жасалған туынды тиесілі болады:

- A) туындының бүтін болып немесе бөлімдерге бөлінген шықуына қарамастан бірлескен авторлармен бірге
- B) тек бір авторға
- C) ешкімге тиесілі емес
- D) туындының кімнің идеясы екеніне байланысты анықталып
- E) туынды жасалуы үшін көп жұмыс атқарған адам автор болып саналады

18. Объективті мағынада авторлық құқық – құқықтың шығуы, пайдаланылуы, қорғалуы реттейтін ..... азаматтық құқықтың бір саласы:

- A) экслуатацоналық техникалық іс-шара
- B) шығармашылық процесс
- C) техникалық құрылыс
- D) өнер, әдебиет, ғылыми туындылар
- E) идеялар мен ашылулар

19. Авторлық құқық болып қарастырылмайды:

- A) әдеби туындылар
- B) драмалық және музыка-драмалық туындылар
- C) сценарийлік туындылар
- D) әдістер, фактілер, тәсілдер
- E) мәтінмен немесе мәтінсіз музыкалық туындылар

20. Авторлық құқықта қозделген мерзім сол мерзімнің басталуы үшін негіз болып табылатын заңды факт болған жылдан кейінгі жылдың бірінші ..... есептегі бастайды:

- A) желтоқсаны
- B) наурызы
- C) маусымы
- D) қаңтары
- E) қарашасы

№2

## ПАТЕНТ ҚҰҚЫҒЫ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУ ТЕСТІ

1. Пайдалы модельге айрықша құқықтың қолданылу мерімі:

- A) 15 жыл
- B) 20 жыл
- C) 10 жыл
- D) 5 жыл
- E) 30 жыл

2. Қай жылы «Қазақстан Республикасының Патент заңы» қабылданды?

- A) 1996 жылы
- B) 1990 жылы
- C) 2000 жылы
- D) 1999 жылы
- E) 1994 жылы

3. Өнертабысқа айрықша құқықтың жарамдылық мерімі:

- A) 10 жыл
- B) 20 жыл
- C) 15 жыл
- D) 5 жыл
- E) 25 жыл

4. Патент құқығының объектісі бола алмайды:

- A) тәсілдері, құрылымы

- B) өнеркәсіптік үлгі
- C) пайдалы модель
- D) өнертабыс
- E) әдебиет және өнер туындылары

5. Өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқықтың жарамдылық мерзімі:

- A) 30 жыл
- B) 15 жыл
- C) 10 жыл
- D) 20 жыл
- E) 5 жыл

6. Патенттік алым белгіленген мерзімде төленбегеніне байланысты тоқтатылған патенттің әсері патент иеленушінің отініші бойынша \_\_\_\_\_ мүмкін:

- A) қалпына келтірілмейді
- B) шектеледі
- C) қалпына келтіріледі
- D) тыйым салынады
- E) ішінара қалпына келтіріледі

7. \_\_\_\_\_ ретінде құрылғыға қатысты техникалық шешімдер қорғалады:

- A) пайдалы модель
- B) тауар белгісі
- C) өнеркәсіптік үлгі
- D) интегралды микросхема
- E) фирмалық атау

8. Өнертабысқа құқықтық қорғау берілді, егер ол болып табылса:

- A) жаңа, әдемі
- B) эстетикалық, өнеркәсіптік пайдаланылатын
- C) түпнұсқа, өнертапқыштық деңгейге ие
- D) жаңа, өнертапқыштық деңгейге ие және өнеркәсіптік түрде қолданылады
- E) өнеркәсіптік пайдаланылатын

9. \_\_\_\_\_ құқығының объектісіне өнертабыс, пайдалы модель және өнеркәсіптік үлгі жатады:

- A) авторлық
- B) патент
- C) жеке
- D) еңбек
- E) сабақтас құқық

10. Өнертабысты қорғаудың құжаттарын беру туралы отініште келесі құжаттар болуы тиіс:

- A) сипаттауы
- B) динамикасы
- C) статикасы
- D) макеті
- E) кошірмесі

11. Пайдалы модель жаңа болып табылады, егер оның объектісі ерекшеліктерінің жиынтығынан техниканың деңгейі туралы ақпарат:

- A) белгісіз болса
- B) табылса
- C) белгілі болса
- D) көрсетілмесе
- E) анықталса

12. Өнертабыс, пайдалы модель және өнеркәсіптік үлгі объектісі болып табылады:

- A) сабақтас құқық
- B) көлік құқығы
- C) патент құқығы
- D) авторлық құқық
- E) жеке құқық

13. Патенттік құқық объектілері өзімен объектілерді бірге ұсынады:

- A) мемлекеттік меншік
- B) өнеркәсіптік меншік
- C) жерге меншік



- D) экономикалық меншік
- E) интеллектуалдық меншік

**14. Патент заңы материалдық заттардан кем емес құнды заттарды жасайтын \_\_\_\_\_ қорғауға арналған:**

- A) заңды тұлғаны
- B) ұйым басшысын
- C) әрекет қабілетті тұлғаны
- D) мемлекеттік қызметкерлерді
- E) өнертабысшыны

**15. Патент иеленуші өз қалауы бойынша өнеркәсіптік меншіктің қорғалатын объектіні пайдалануға, басқа адамдарға тыйым салуға немесе рұқсат беруге құқылы – бұл:**

- A) жеке құқық
- B) айрықша құқық
- C) меншіктік құқық
- D) мүліктік құқық
- E) мүліктік емес құқық

**16. Өнертабысқа айрықша құқықтың туындауы үшін тиісті органға өтініш беру және \_\_\_\_\_ беру керек:**

- A) анықтама
- B) куәландырулар
- C) патент
- D) баждың төленгендігі туралы түбіртек
- E) сенімхат

**17. Колонер және өнеркәсіптік өндіріс өнімдерінің өнімнің сыртқы түрін анықтайтын көркемдік-конструкторлық шешімі аталады:**

- A) көлемдік тауар белгісі
- B) өнеркәсіптік үлгі
- C) сурет
- D) пайдалы модель
- E) өнеркәсіптік сызба

**18. ҚР заңнамасына сәйкес өнертабыс бола алады:**

- A) химиялық реагенттерді өндіру тәсілі

- B) есептеуіш машиналары мен алгоритмдер программалары
- C) жаңалықтар, ғылыми теориялар, математикалық әдістер
- D) ғимараттар, құрылыстар, территориялар жоспарының жобалары мен сызбалары
- E) өнімнің сыртқы түріне қатысты ұсыныс

**19. Пайдалы модельдер ретінде мына объектіге қатысты шешімдер қорғалмайды:**

- A) сірінке құрылымы
- B) машиналар, құрылыстар, механизмдер
- C) құралдар, жабдықтар
- D) зығырды кептіру машинасы
- E) құрылыстар жоспарының жобалары мен сызбалары

**20. Өнеркәсіптік үлгі түпнұсқа болып табылады, егер:**

- A) маңызды белгілерінің жиынтығы өнім суреттерінде көрсетілген және өнеркәсіптік үлгінің маңызды белгілерінің тізімінде көрсетілген басымдылық күніне дейін дүниеде жария бола алмауы белгісіз ақпарат болса
- B) оны іс жүзінде қолдануға болатын болса
- C) оның маңызды сипаттамаларының жиынтығы технологиялар деңгейіндегі ақпараттан белгісіз болса
- D) оның негізгі ерекшеліктері өнімнің ерекшеліктерінің шығармашылық сипатын анықтаса
- E) егер ол өнеркәсіпте, ауылшаруашылығында, денсаулық сақтауда және басқа да қызмет салаларында қолданыла алса

**ФИРМАЛЫҚ АТАУ ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛҒАН  
ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУ ТЕСТІ**

**1. Меншік иесі өзінің фирмалық атауын басқа тұлғаны пайдалануға бере алады:**

- A) ауызша келісім негізінде
- B) коммерциялық концессия шарты бойынша
- C) лицензияланған шарт бойынша
- D) заң бойынша
- E) мұрагерлік құқық бойынша

**2. Фирмалық атау қанша уақыт ішінде тіркеуден өтеді?**

- A) уақыт шектелмеген
- B) 10 жыл ішінде
- C) 5 жыл ішінде
- D) заңды тұлғаның қызметі кезінде
- E) фирмалық атау 10 жылдан астам уақыт бола алады

**3. Компанияның құрылтай құжаттарымен бірге бір мезгілде мынадай құжаттар тіркеледі:**

- A) тауар белгісі
- B) фирмалық атау
- C) компания фирмартының жоснары
- D) коммерциялық белгілеу
- E) фирмалық белгілеу

**4. Фирмалық атау – бұл:**

- A) басқа тұлғалардан азаматтық қатынасқа қатысушыларды жекелей түсетін және анықтайтын құрал

- B) белгілі бір жеке немесе заңды тұлғалардың басқа жеке немесе заңды тұлғалардың ұқсас тауарлар және қызметтер түрлерінен ажырату үшін белгілеу

- C) белгілі бір аумақта өзінің қызметтері немесе өнімдері бар аймақ болған кәсіпорынның жеке түрін белгілеу жолдары

- D) географиялық объектінің тарихи атауы

- E) тауарларды сәйкестендіру үшін пайдаланылатын елдің, өңірдің мекеннің немесе өзге географиялық объектінің атауы

**5. Фирмалық атауға құқық тоқтайлы:**

- A) 10 жыл өткеннен кейін

- B) 5 жыл өткеннен кейін

- C) заңды тұлғаны қайта құрғаннан кейін

- D) егер заңды тұлға тауар белгісін шығарса

- E) егер заңды тұлға коммерциялық белгілеу шығарса

**6. Фирмалық атауға жатпайды:**

- A) заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны

- B) заңды тұлғаның негізгі қызметі туралы ақпарат

- C) географиялық атаулар

- D) АҚ, ЖШС және т.б.

- E) белгілі бір жеке немесе заңды тұлғалардың басқа жеке немесе заңды тұлғалардың ұқсас тауарлар және қызметтер түрлерінен ажырату үшін белгілеу

**7. Заңды тұлғаның фирмалық атауын ресми түрде, баспа басылымдарында, жарнамаларда, белгілерде, шоттарда, плакаттар ресурстарында, тауарларда және олардың орнында, сондай-ақ заңды тұлғаны жекешелендіру үшін қажетті басқа жағдайларда пайдалануға құқығы бар:**

- A) мүлктік емес құқық

- B) айрықша құқық

- C) жеке құқық

- D) мүлктік құқық

- E) жекеше құқық

**8. Белгілі бір фирмалық атау бойынша заңды тұлғаға қосылады:**

- A) тіркеуші компания
- B) арнайы каталог
- C) ұлттық бизнес сәйкестендіру нөмірі тізілімі
- D) фирманың атауы
- E) фирмалық атаулардың арнайы тізімі

**9. Мемлекеттік орган болып табылмайтын заңды тұлғалардың корпоративтік атауларында пайдалануға тыйым салынады:**

- A) ұйымдастырушылық-құқықтық нысан
- B) географиялық атау
- C) заңды тұлғаның негізгі қызметі
- D) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының ресми аттары туралы нұсқаулық
- E) «компания», «клиника», «фирма» және т.б. сөздер

**10. Фирмалық атау екі бөліктен тұрады:**

- A) негізгі және қосалқы бөлік
- B) корпус және қызмет көрсету бөлігі
- C) қызмет көрсету және қосалқы бөлік
- D) негізгі және күрделі бөліктер
- E) күрделі және қызмет көрсету бөліктері

**11. Фирмалық атау интеллектуалдық құқық объектісі болып табылады және кәсіпкерлердің, өнімдердің, жұмыстардың және қызметтердің құралы болып табылады:**

- A) ынтымақтастық
- B) әмбебаптық
- C) өзіндік ерекшелігі
- D) жекешелендіру
- E) сертификаттау

**12. Заңды тұлға фирмалық атауды пайдалануға айрықша құқығы жоқ:**

- A) ресми бланкісінде
- B) баспа басылымдарында
- C) жарнамаларда, белгілерде, даңғылдарда және шоттарда

D) галамтор ресурстарында, тауарларда және олардың орнында

E) қызметкерлердің жеке мақсаттары үшін

**13. Фирмалық атауға құқық әрекеті тоқтатылады:**

- A) заңды тұлғаны тарату кезінде
- B) егер заңды тұлға тауар белгісін жасаса
- C) 7 жылдан кейін
- D) егер заңды тұлға коммерциялық белгілер жасаса
- E) 10 жылдан кейін

**14. Фирмалық атауды дұрыс пайдаланбаған тұлға қойылған талап бойынша фирмалық атауды пайдалануды тоқтатып, келтірілген шығындарды өтеуге міндетті:**

- A) кез келген азамат
- B) мүдделі тараптар
- C) фирмалық атауға құқық иеленуші
- D) тұтынушылардың өтініші бойынша
- E) несие берушілердің өтініштері бойынша

**15. Жағдайларды қоспағанда заңды тұлғаның фирмалық атауды иеліктен айыруға және құқықтың ауысуына қол берілмейді:**

- A) кез келген азаматтың шағым беруі
- B) банкроттық
- C) жойылу (ликвидация)
- D) заңды тұлғаны қайта құру және кәсіпорынды тұтастай иеліктен шығару
- E) тарату



## СЕЛЕКЦИЯЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕР ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛҒАН ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУ ТЕСТІ

### 1. Өсімдіктер сортына патенттің қолданылу мерзімі:

- A) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 35 жыл
- B) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 30 жыл
- C) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 25 жыл
- D) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 10 жыл
- E) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 40 жыл

2. Егер өтінім берілген кезде сорт, тұқым жазығына мәлім екені анықталып, олардың кез келген басқа сорттан, тұқымнан анық өзгешелігі болса, олар \_\_\_\_\_ сай келеді:

- A) біртектілік өлшемдеріне
- B) тұрақтылық өлшемдеріне
- C) жаңалық өлшемдеріне
- D) түпнұскалық өлшемдеріне
- E) ерекшелік өлшемдеріне

3. Патенттің қолданылу мерзімін патент иесінің өтініші бойынша уәкілетті орган ұзартады, бірақ ол \_\_\_ жылдан аспауы керек:

- A) 3
- B) 5

- C) 15
- D) 10
- E) 7

4. Қазақстан Республикасында селекциялық жетістіктер \_\_\_\_\_ қорғалады?

- A) сабақтас құқық объектілері ретінде
- B) авторлық құқық объектілері ретінде
- C) селекциялық жетістіктерге құқықтық қорғау берілмейді
- D) патент құқығының объектілері ретінде
- E) селекциялық жетістіктерге дербес құқықтық қорғау берілді

### 5. Мал тұқымдарына патенттің қолданылу мерзімі:

- A) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 10 жыл
- B) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 11 жыл
- C) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 15 жыл
- D) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 25 жыл
- E) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 40 жыл

6. Селекциялық жетістіктің патентке қабілеттілік шарттары:

- A) жаңалық, ерекшелік, тұрақтылық және біртектілік
- B) жаңалық, ерекшелік, тұрақтылық және түпнұскалық
- C) жаңалық, ерекшелік, тұрақтылық және өнеркәсіпте қолдануға жарамдылық
- D) ерекшелік, тұрақтылық және өнеркәсіпте қолдануға жарамдылық
- E) түпнұскалық, жаңалық, өнеркәсіпте қолдануға жарамдылық және ерекшелік

7. Жүзім, сәндік ағаш, жеміс және орман дақылдары сорттарына, оның ішінде олардың калемшелеріне патенттің қолданылу мерзімі:

A) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 50 жыл

B) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 35 жыл

C) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 40 жыл

D) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 30 жыл

E) сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап 25 жыл

8. Егер сорттың, тұқымның негізгі белгілері: әрбір көбеюден кейін, ал көбеюдің ерекше циклі жағдайында көбеюдің әр циклінің соңында өзгеріссіз қалса, олар \_\_\_\_\_ сан келеді:

A) жаналық өлшемдеріне

B) ерекшелік өлшемдеріне

C) тұрақтылық өлшемдеріне

D) біртектілік өлшемдеріне

E) ерекшелік өлшемдеріне

9. Қандай құжат селекциялық жетістікті пайдалануға патент несінің айрықша құқығын, оның басымдығын және селекционердің авторлығын куәландырады?

A) патент

B) авторлық куәлік

C) куәлік

D) анықтама

E) сенімхат

10. Егер сарапшы ұйымға бір мезгілде бір сол селекциялық жетістікке патент беруге екі немесе одан да көп өтінім түссе, қандай өтінімге басымдық белгіленеді?

A) неғұрлым бұрын ұсынылатын

B) неғұрлым кеш ұсынылатын

C) ақырғы тіркеу нөмірі бар өтінімі бойынша

D) селекциялық жетістіктің басымдылығына өтінім жіберілген мерзім маңызды емес

E) тіркеу нөмірі бар өтінім өтінімі бойынша

11. Өтінім берілген күннен бастап қандай мерзім өткен соң сараптама жасау ұйымы ол бойынша алдын ала сараптама жүргізеді?

A) үш ай

B) 60 күн

C) 4 ай

D) 30 күн

E) 45 күн

12. Селекциялық жетістіктердің қосымша авторлары:

A) техникалық және ұйымдастырушылық көмек көрсеткен тұлғалар

B) материалдық көмек көрсеткен тұлғалар

C) сорта, тұқымға берілетін құқықтарды әзірлеуге және рәсімдеуге жәрдемдескен адамдар

D) ұжымдық шығармашылық еңбегімен қатысқан бірнеше адам

E) ұйымдастырушылық және материалдық көмек көрсеткен тұлғалар

13. Ерекше емес лицензия – бұл:

A) селекциялық жетістікті лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтап, бірақ лицензияны басқа тұлғаларға беру құқығынсыз пайдалану құқығы

B) селекциялық жетістікті лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтап пайдалану құқығы мен лицензияны басқа тұлғаларға беру құқығы

C) селекциялық жетістікті лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтамай және лицензияны басқа тұлғаларға беру құқығынсыз пайдалану құқығы

D) селекциялық жетістікті лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтамай, лицензияны басқа тұлғаларға беру құқығы

Е) селекциялық жетістікті пайдалану құқығы мен селекциялық жетістікті басқа тұлғаларға беру құқығы мемлекеттік органдармен реттелетін лицензия

**14. Патентті алу кезіндегі селекциялық жетістіктің жаңалығы мәні неде?**

А) егер өтінім жасалған күнге дейін белгілі бір селекциялық жетістіктің ұрығы немесе басқа да отырғызылатын материалы, асыл тұқымдық материалы сатылса және автор немесе оның құқықтық мирасқоры сортты, тұқымды пайдалану үшін басқа адамдарға берсе, сорт, тұқым жаңа деп есептеледі

В) егер өтінім жасалған күнге дейін белгілі бір селекциялық жетістіктің ұрығы немесе басқа да отырғызылатын материалы, асыл тұқымдық материалы мына аумақта: Қазақстан Республикасында – өтінім берілген күнге дейін екі жыл бұрын; кез келген басқа мемлекетте – өтінім берілген күнге дейін бір жылдық дақылдар бойынша үш жыл бұрын және көп жылдық дақылдар, тұқымдар бойынша алты жыл бұрын сатылмаса және автор немесе оның құқықтық мирасқоры сортты, тұқымды пайдалану үшін басқа адамдарға бермесе, сорт, тұқым жаңа деп есептеледі

С) егер өтінім жасалған күнге дейін белгілі бір селекциялық жетістіктің ұрығы немесе басқа да отырғызылатын материалы, асыл тұқымдық материалы мына аумақта: Қазақстан Республикасында – өтінім берілген күнге дейін бір жыл бұрын; кез келген басқа мемлекетте – өтінім берілген күнге дейін бір жылдық дақылдар бойынша төрт жыл бұрын және көп жылдық дақылдар, тұқымдар бойынша алты жыл бұрын сатылмаса және автор немесе оның құқықтық мирасқоры сортты, тұқымды пайдалану үшін басқа адамдарға бермесе, сорт, тұқым жаңа деп есептеледі

Д) егер өтінім жасалған күнге дейін белгілі бір селекциялық жетістіктің ұрығы немесе басқа да отырғызылатын материалы, асыл тұқымдық материалы мына аумақта: Қазақстан Республикасында – өтінім берілген күнге дейін үш жыл бұрын сатылмаса және автор немесе оның құқықтық мирасқоры сортты, тұқымды пайдалану үшін басқа адамдарға бермесе, сорт, тұқым жаңа деп есептеледі

Е) егер сорттың, тұқымның негізгі белгілері – әрбір көбеюден кейін, ал көбеюдің ерекше циклі жағдайында көбеюдің әр циклінің соңында өзгеріссіз қалса, олар жаңа деп есептеледі

**15. Селекциялық жетістік қызмет тапсырмасын немесе қызметтік міндеттерді орындау кезінде жасалған, ашылған немесе шығарылған жағдайда патент алуға өтінім беру құқығы кімге тиесілі?**

А) автордың немесе оның құқықтық мирасқорына

В) егер автор мен жұмыс берушінің арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс берушіге

С) кез келген жұмыскерге

Д) бұл жағдайда мемлекеттік органға

Е) селекциялық жетістік қызмет тапсырмасын немесе қызметтік міндеттерді орындау кезінде жасалғандықтан, патент алуға өтінім беру құқығы ешкімге берілмейді



**ИНТЕГРАЛДЫ МИКРОСХЕМАЛАРДЫҢ  
ТОПОЛОГИЯСЫ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША  
ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУ ТЕСТІ**

1. Қорғау объектісі ретінде материалдық көздерде көрсетілген интегралды микросхема мен олардың арасындағы байланыстардың элементтері жынтығының кеністіктік геометриялық орналасуы интегралды микросхеманың түпнұсқалық \_\_\_\_\_ деп табылады:

- A) конфигурациясы
- B) топологиясы
- C) жүйесі
- D) құрылымы
- E) үлгісі

2. Қазақстан Республикасының «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» заңы қай жылы қабылданды?

- A) 2000 жылы
- B) 1996 жылы
- C) 2001 жылы
- D) 2002 жылы
- E) 1997 жылы

3. Топологияларды қорғау туралы заңдар негізделеді

- A) Қазақстан Республикасы Конституциясына және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларына
- B) Қазақстан Республикасының Патент туралы заңына
- C) Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңға

D) «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңына

E) Қазақстан Республикасының Патент Заңы мен Қазақстан Республикасының Конституциясына

4. Құқықтық қорғауды алу үшін топология қандай болуы керек?

- A) жеңіл
- B) тұрақты
- C) қатаң
- D) ауыр
- E) түпнұсқалы

5. «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» заңда көзделген құқықтық қорғау қолданылады:

- A) түпнұсқалық топологияға
- B) тұрақты топологияға
- C) топологияда қолданылуы мүмкін идеяларға, әдістерге және жүйелерге
- D) топологияда қолданылуы мүмкін технологияға немесе қолданылған ақпаратқа
- E) қатты топологияға

6. Автордың рұқсатынсыз мынадай әрекеттерді жасау:

1) интегралды микросхемаға енгізу арқылы немесе өзге де түрде, оның түпнұсқа болып табылмайтын бөлігін қоспағанда, топологияны тұтас немесе оның бөліктерін көшіріп алу;  
2) топологияны немесе осы топология бар интегралды микросхеманы қолдану, әкелу, сатуға ұсыну, сату және өзге де айналымға енгізу қандай құқықты бұзу болып табылады?

- A) мүліктік құқықты
- B) айрықша құқықты
- C) айрықша емес құқықты
- D) мүліктік емес құқықты
- E) жеке тұлғалық құқықты

**7. Интегралдық микросхема топологиясы – бұл интегралдық микросхеманың элементтері мен олардың арасындағы байланыстар жиынтығының:**

- A) құрамына кіретін транзисторлар саны
- B) элементтер саны
- C) белсенді және пассивті элементтер саны
- D) материалдық жеткізілуге тіркелген кеністіктік-геометриялық орналасуы
- E) негізін құрайтын металл атомдарының саны

**8. Толық лицензия – бұл:**

- A) топологияны пайдалану құқығын лицензиаттың оны пайдалану қабілетін сақтай отырып және басқа тұлғаларға лицензия беру құқығы
- B) топологияны пайдалануға лицензиарға оны пайдалану мүмкіндігін сақтамай және басқа тұлғаларға лицензия беру құқығынсыз пайдалану құқығы
- C) лицензиарға топология құқығының пайдалану мүмкіндігін сақтамай, бірақ лицензиарға басқа тұлғаларға лицензия беру құқығын сақтап қалуы
- D) топологияны пайдалану құқығы, сондай-ақ басқа тұлғаларға лицензия беру құқығы мемлекеттік органмен реттелуі
- E) лицензиаттың топологияны пайдалану құқығын қабілетін сақтай отырып, бірақ басқаларға лицензия беру құқығынсыз

**9. Басқа тұлғаға топологияны пайдалануға айрықша емес лицензия беру туралы шарттың атауы қандай?**

- A) беру туралы шарт
- B) лицензиялық шарт
- C) іскерлік шарт
- D) сублицензиялық шарт
- E) жалпы шарт

**10. Топологияны бірінші рет пайдаланған күннен бастап қандай мерзімге дейін топологияны тіркеуге өтініш беру қажет?**

- A) үш жылдан аспайтын
- B) бес жылдан аспайтын

- C) 12 айдан аспайтын
- D) мерзімдер заңмен белгіленбеген
- E) екі жылдан аспайтын

**11. Топологияны тіркеу туралы өтініште:**

- A) топологияны тіркеуге өтініш, тіркеуді сұраған автор мен тұлғалар аты
- B) топологияны тіркеуге өтініштің сұраған тұлғалар аты, сондай-ақ олардың тұрғылықты жері
- C) авторлар мен жеке тұлғалардың тіркеу құжаттары талап етілетін жеке құжаттар немесе орналасқан жері
- D) тіркеуді сұраған автор мен тұлғалар аты, сондай-ақ олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, егер топология бұрын пайдаланылса, ол алғаш пайдаланылған күн көрсетілген топологияны тіркеуге өтініш; рефератты қоса алғанда; егер тіркеуге өтінім өкіл арқылы берілсе, сенімхат болуға тиіс
- E) егер тіркеуге өтінім өкіл арқылы берілсе, сенімхат болуға тиіс

**12. Құқық иеленушінің өз құқықтары туралы хабарлау үшін топологияны қамтитын бұйымдарда \_\_\_\_\_ түріндегі ескерту таңбасын пайдалануға құқығы бар:**

- A) айшықталған С бас әрпі, топологияға айрықша құқық қолданылатын мерзімнің басталған күні және құқық иеленушінің айқындауға мүмкіндік беретін ақпарат
- B) айшықталған Т бас әрпі, топологияға айрықша құқық қолданылатын мерзімнің басталған күні және құқық иеленушінің айқындауға мүмкіндік беретін ақпарат
- C) айшықталған R бас әрпі, топологияға айрықша құқық қолданылатын мерзімнің басталған күні және құқық иеленушінің айқындауға мүмкіндік беретін ақпарат
- D) айшықталған P бас әрпі, топологияға айрықша құқық қолданылатын мерзімнің басталған күні және құқық иеленушінің айқындауға мүмкіндік беретін ақпарат
- E) құқық иеленушінің айқындауға мүмкіндік беретін ақпарат

**13. Қорғалатын топологияға айрықша құқықтың жарамдылық мерзімі:**

- A) 20 жыл бойы
- B) 15 жыл бойы
- C) 25 жыл бойы
- D) 10 жыл бойы
- E) 5 жылға бойы

14. Интегралдық микросхема топологиясының құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету үшін қандай белгілер қажет?

- A) жаңалығы
- B) өзіндік ерекшелігі
- C) өнеркәсіптік қолдану
- D) төменгі өзіндік құн
- E) қолжетімділік

15. Тіркелген топологияға айрықша құқықты басқала беру туралы шарт, тіркелген топологияны пайдалануға лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттар қайда тікелуге тиіс?

- A) арнайы комиссияда
- B) мекемелерде
- C) арнайы бөлімдерде
- D) сертификаттау органдарында
- E) уәкілетті органда

## ӨНДІРІС ҚҰПИЯЛАРЫ – НОУ-ХАУ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУ ТЕСТІ

1. «Ноу-хау» \_\_\_\_\_ режимімен қорғалған және басқа шаруашылық субъектілеріне қарағанда бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізу үшін сатылуы немесе пайдаланылуы мүмкін өнертабыстар, тұнұсқа технологиялар, білімдер, методтар және т.б.:

- A) еркін қол жеткізу
- B) коммерциялық құпия
- C) шектеулі қол жеткізу
- D) авторлық құқық
- E) ресми құпия

2. «Ноу-хаудың» қорғалуы құпиялылықтың көмегімен жасалады, яғни ақпарат ешкімге жария етілмейді, бірақ басқа адамның ашуы немесе тәуелсіз ашылу жағдайында:

- A) ондай әдісті (техникалық шешімді) пайдалануға тыйым салу мүмкін емес
- B) ондай әдісті (техникалық шешім) пайдалануға тыйым салынуы мүмкін
- C) мұндай әдісті (техникалық шешімді) пайдалануға тыйым салу сотқа талап қою арқылы мүмкін болады
- D) уәкілетті органдар басқа тұлғаларға мұндай әдісті (техникалық шешімді) пайдалануға тыйым салуы мүмкін
- E) уәкілетті органдар басқа тұлғаларға мұндай әдісті (техникалық шешімді) пайдалануға рұқсат етуі мүмкін



**3. Ноу-хау құқығы \_\_\_\_\_ әрекет етеді:**

- A) ноу-хаудың негізгі авторы тірі болған кезге дейін
- B) өндірістің құпиясын сақтайтын ұйым қызмет атқарып тұрған аралықта
- C) уәкілетті органдар осы өндірістік құпияны пайдалануға тыйым салғанға дейін
- D) құпиялылық сақталып тұрған аралықта
- E) өндірістің құпиясын сақтайтын ұйым банкрот деп танылғанға дейін

**4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, көптеген елдердің заңдары сияқты, ноу-хауға келесі талаптар қойылған:**

- A) ақпарат коммерциялық құндылығы болуы керек
- B) ақпарат қолжетімді және анық болуы керек
- C) үшінші тұлғаларға белгісіз болғандықтан, ақпарат нақты немесе ықтимал коммерциялық құндылығы болуы керек
- D) өндірістегі нақты немесе ықтимал құндылығы бар
- E) ақпарат қоғам үшін пайдалы болуы керек

**5. Ноу-хауды беру туралы келісімшарт жиі \_\_\_\_\_ деп аталады және ол техникалық, ұйымдық, экономикалық және өзге де сипаттағы ақпарат беріледі:**

- A) келісім
- B) беру туралы лицензия
- C) ноу-хауға құқық беру туралы лицензия

**6. Өндірістік құпияны пайдалану құқығын беруші тұлға өндірістік құпияны \_\_\_\_\_ мерзімде сақтауға міндетті:**

- A) алты ай
- B) бір жыл
- C) лицензиялық келісімнің барлық кезеңінде
- D) үш ай
- E) өз құқығын берген тұлға құпияны сақтауға міндетті емес

**7. Лицензиялық шарт бойынша тиісті құқықтарды алған адамдар өндірістік құпияны сақтау \_\_\_\_\_ талап етіледі**

- A) өндірістік құпияға айрықша құқықты тоқтатқанға дейін
- B) 5 жыл бойы
- C) 10 жыл бойы
- D) лицензиялық келісім бойынша тиісті құқықтарды алған адамдардан өндіріс құпиясының құпиялылығын сақтау талап етілмейді
- E) 3 жыл бойы

**8. Қызметкердің еңбек міндеттерін орындау барысында немесе нақты жұмыс берушінің тапсырмасын орындау барысында пайда болған өндіріс құпиясы (қызметтік өндіріс құпиясы) \_\_\_\_\_ тиесілі:**

- A) қызметкерге
- B) кез келген мүдделі тұлғаға
- C) жұмыс берушіге
- D) өндірістік құпияда автор болуы мүмкін емес
- E) ешкімге тиесілі емес

**9. Ақпарат коммерциялық құпия болып саналуы үшін (ноу-хау) ақпарат несінен \_\_\_\_\_ талап етіледі:**

- A) осы өндіріс құпиясы бойынша жұмыс жасайтын адамдардың санын қысқартуы
- B) осы өндіріс құпиясымен жұмыс жасау ережелерін бекітуі
- C) құпиялылығын қорғау бойынша шаралар қабылдауы
- D) арнайы органдарға өндіріс құпиясын жасағанын хабарлауы
- E) білікті адвокат жалдауы

**10. Өндірістік құпияны пайдаланған, оны пайдаланудың тиіс емес екенін білмеген және білмеуге тиіс болған, соның ішінде өндірістік құпияға кездейсоқ немесе қателігі салдарынан не болған тұлға:**

- A) өндірістік құпияға айрықша құқықты бұзумен келтірілген залалды өтеуге міндетті
- B) жауаптылық жүктелмейді
- C) азаматтық жауапкершілік жүктеледі
- D) жауаптылық жүктеледі
- E) белгілі бір азаматтық құқықтардан айырылуы мүмкін

**11. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа (ноу-хау):**

- A) қол жеткізу мүмкін, бірақ ішінара
- B) еркін қолжетімділік қарастырылады
- C) заңға сәйкес қолжетімділік қарастырылуы мүмкін
- D) заңды негізде еркін қолжетімділік болмауы керек
- E) ноу-хау ұстаушысының шешімімен шектелуі мүмкін

**12. Кәсіпорындардың басшылары ноу-хауды қорғау үшін бірқатар шараларды қолдануы мүмкін:**

- A) жұмыс орындарының санын көбейту
- B) жұмысшылардың қоғамдық орындарға баруына тыйым салады
- C) қағаз айналымын жетілдіру
- D) қызметкерлердің санын азайту
- E) қызметкерлермен жасалған еңбек шарттарына коммерциялық құпияларды жарияламау туралы ереже қосу

**13. Ноу-хау құқығының жарамдылығы:**

- A) бес жылға дейін, ал мерзім ұзартуға өтініш берген кезде, ол он жылмен шектеледі
- B) он жыл
- C) бес жылға дейін
- D) шектелмейді
- E) жиырма жыл

**14. Ноу-хау:**

- A) компьютерлік бағдарламалар, оқу бағдарламалары, нұсқаулар
- B) түпнұсқа технологиялар, бірегей конструкция, жүргізілген зерттеулердің тізімі мен мазмұны және олардың нәтижелері
- C) құрылғылар, аппараттар
- D) өнер туындылары, ерекше музыка, әдебиет шығармалары
- E) сценарий жұмыстары, кескіндеме, мүсін, графика және бейнелеу өнерінің басқа да шығармалары

**15. Коммерциялық құпия (ноу-хау) \_\_\_\_\_ керек, егер ол болмаса, онда оны қорғауға ешқандай себеп жоқ:**

- A) моральдық жағынан пайда әкелуі
- B) материалдық пайда әкелмеуі
- C) қоғам үшін пайдалы болуы
- D) клиенттік пайда әкелуі
- E) материалдық пайда әкелуі

**16. Қандай объект зияткерлік меншік объектісі болып табылмайды?**

- A) селекциялық жетістік
- B) кәсіпорын мүлкітік кешен ретінде
- C) өндіріс құпиясы (ноу-хау)
- D) фонограмма
- E) тауар белгісі

**17. Зияткерлік меншік құқығына сәйкес оған қатысты емес институтты таңдаңыз:**

- A) авторлық және сабақтас құқықтар
- B) патенттік құқық
- C) мұрагерлік құқық
- D) азаматтық айналымға қатысушылардың және олар шығарғанын өнімдердің (жұмыстардың, қызметтердің) қатысушыларының даралау құралдары
- E) дәстүрлі емес зияткерлік меншік объектілерін қорғау

**18. Зияткерлік меншік объектілері мыналарды қамтымайды:**

- A) селекциялық жетістіктер
- B) тауарлар мен қызметтер
- C) қолданбалы өнер туындылары
- D) өндіріс құпиясы (ноу-хау)
- E) логотиптер

**19. Объектілердің қайсысы зияткерлік меншік құқығымен қорғалады?**

- A) жылжымайтын мүлік
- B) идея
- C) елтаңбасы
- D) тауар белгісі
- E) ашу

20. Құқықтық қорғау патентпен расталатын объектіні таңдаңыз:

- A) сурет
- B) ән
- C) өнертабыс
- D) тауарлар
- E) курстық жұмыс

№7

### ТАУАР ТАҢБАСЫ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУ ТЕСТІ

1. Тауар таңбасы ретінде тіркелмейтін белгілер:

- A) бейнелеу және сөз белгілері
- B) әріп және цифр белгілері
- C) көлем белгілері және өзге де белгілер немесе олардың ұқсас үлгілері
- D) мөрлер және олимпиадалық бейнелеме
- E) бейнелеу және әріп белгілері

2. Егер сараптама жасау ұйымына өтінім беру аталған күннен бастап \_\_\_\_\_ ай ішінде жүзеге асырылса, тауар таңбасының басымдығы (конвенциялық басымдық) Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы елде, сондай-ақ онда көзделген халықаралық немесе аймақтық ұйымда тауар таңбасына бірінші өтінім (өтінімдер) берілген күн бойынша белгіленуі мүмкін:

- A) үш
- B) алты
- C) бір
- D) бес
- E) жеті

3. Тауар таңбасына куәлік несі тауар таңбасына қатар пайдаланылып отырған белгі Қазақстан Республикасында тіркелген тауар таңбасы екенін көрсететін «тауар таңбасы» немесе «тіркелген тауар таңбасы» деген сөз белгілерін, сондай-ақ \_\_\_\_\_ ескертпе таңбалауын соға алады.



- A) құқық иесін куәландыратын ақпарат түрінде
- B) латынның (C) әрпі түрінде
- C) латынның (R) әрпі түрінде
- D) латынның (P) әрпі түрінде
- E) латынның (T) әрпі түрінде

**4. Заңды тұлғаны \_\_\_\_\_ қайта ұйымдастыру кезінде тауар таңбасына құқық тауарлар өндіру немесе қызметтер көрсету қолына көшкен жаңадан пайда болған заңды тұлғаға ауысады:**

- A) бөлу түрінде
- B) бірігу түрінде
- C) қосу түрінде
- D) бөліп шығару түрінде
- E) қайта құру түрінде

**5. Тауар белгісінің тіркелуін қолдануы тоқтатылады:**

- A) қызметкерлердің басшылыққа білдірген наразылықтардың негізінде
- B) қызметкердің одан бас тартуы туралы берген жазбаша арызы негізінде
- C) тауар белгісі иесінің одан бас тартуы туралы берген жазбаша арызы негізінде
- D) кәсіпкерлік қызметтегі жұмыс көлемінің артуына байланысты
- E) кәсіпкерлік ұйымының басшылығының ауысуына байланысты

**6. Тауар белгісін растайтын құжат:**

- A) тауар белгісінің сертификаты
- B) тіркеу парағы
- C) тауар белгісінің патенті
- D) тауар белгісінің куәлігі
- E) тауар белгісінің ордері

**7. Тауар белгісінің негізгі функциясы:**

- A) заңды немесе жеке тұлғалар ұсынатын тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет түрлерін жекелендіру

- B) заңды немесе жеке тұлғалар ұсынатын тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет түрлерін жүзеге асыру
- C) тұтынушылардың құқықтарын қорғау
- D) экономикалық функция
- E) статистикалық функция

**8. Тауар белгісін тіркеуден өткізу жұмыстарын өтініш беруші жүзеге асырады:**

- A) тәуелсіз өздігінен
- B) тек уәкілетті органдарда тіркелген сенім білдірілген өкіл арқылы ғана
- C) өздігінен немесе Әділет министрлігінде тіркелген патенттік сенім білдіруші арқылы
- D) дербес, сондай-ақ уәкілетті органдарда тіркелген немесе кез келген уәкілетті органдарда тіркелген патенттік сенім білдірген өкіл арқылы
- E) тауардың авторы ғана

**9. Тауар белгісін тіркеуді Халықаралық құжаттардың қайсысы реттейді?**

- A) 2006 жылғы Сингапур шарты
- B) 1886 жылғы Берн конвенциясы
- C) 1891 жылғы Мадрид келісімі
- D) 1957 жылғы Ницца келісімі
- E) 1970 жылғы Вашингтон келісімі

**10. Тауар белгісін тіркеу туралы куәлікті беру кезеңі көрсетініз:**

- A) өтініш берген күннен бастап 10 жыл
- B) сертификат алған сәттен бастап 10 жыл
- C) мерзімсіз
- D) өтініш берген күннен бастап 20 жыл
- E) сертификат алған сәттен бастап 20 жыл

**11. Тауар таңбалары зияткерлік меншік объектілері болып табылады және кәсіпкерлердің, өнімдердің, жұмыстардың және қызметтердің \_\_\_\_\_ құралы болып табылады:**

- A) сертификаттау
- B) жекешелендіру

- C) ынтымақтастық
- D) әмбебаптық
- E) өзіндік ерекшелік

**12. Тауар таңбасы ретінде тіркелуі мүмкін**

- A) мемлекеттік елтаңбалары, жалаулар және эмблемалар
- B) халықаралық ұйымдардың қысқартылған немесе толық атаулары, олардың елтаңбалары, жалаулары және эмблемалары
- C) бейнелік, ауызша, әріптік, сандық, көлемдік және басқа белгілер немесе олардың комбинациясы
- D) ресми бақылау, кепілдік және талдау белгілері
- E) мөрлер, олимпиадалық рәміздер, марапаттар және басқа да белгілер

**13. Қазақстан Республикасының «тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» заңы қай жылы қабылданды?**

- A) 1996 жылы
- B) 2000 жылы
- C) 1997 жылы
- D) 2001 жылы
- E) 1999 жылы

**14. Тауар белгісі дегеніміз не?**

- A) Осы Заңға сәйкес тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажырату үшін қызметтетін белгі
- B) азаматтық айналымға қатысушыларды басқа тұлғалардан бөлетін
- C) белгілі бір аумақта өзінің қызметтері немесе өнімдері бар танымал болған кәсіпорынның жеке түрін белгілеу жолдарын белгілейтін құралдар
- D) тауарларды белгілеу үшін қолданылатын мемлекеттің, елді мекеннің, жергілікті аумақтың немесе басқа географиялық объектінің атауы
- E) жеке даралау құралдары

**15. Қазақстан Республикасының тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы заңнамасы \_\_\_\_\_ тұрады:**

- A) «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және Қазақстан Республикасының Патент Заңы
- B) Қазақстан Республикасының Патент Заңы
- C) «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы»
- D) «Тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
- E) «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

## СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### 1-тапсырма

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰ/ЦД) қазақстандық қоғамдық ұйымға Қазақстандағы әйелдер құқығының бұзылу жағдайлары туралы зерттеу жүргізуге тапсырыс берді. Шарт бойынша «зерттеуге барлық құқықтарды» БҰҰ/ЦД пеленді. Шарт Алматы қаласында қоғамдық ұйымның бірінші басшысымен және аталған халықаралық ұйымның қазақстандық өкілдігінің басшысымен жасалды. Қолданылатын құқықты талаптар көрсетпеген.

Орындаушы тапсырысшыға зерттеу нәтижесін өткізді және оны мақалалар жинағы ретінде басылымға жіберді.

Бірнеше уақыт өткен соң зерттеу ағылшын тілінде БҰҰ/ЦД сайтында автордың аты-жөні және қоғамдық ұйымның атауы көрсетілмей жарияланды.

Авторлар авторлық құқықты бұзғаны үшін ақшалай төлем төлеу туралы талапты жіберді. Халықаралық ұйым жауап ретінде шарт бойынша зерттеу нәтижесінің барлық құқықтарына иескендігін және өз қалауына пеленетінін хабарлады.

Жергілікті сот жауапкердің юрисдикциялық иммунитетін және істің соттылығы қазақстандық сот бойынша қаралмайтындығын басшылыққа ала отырып, істі қараудан бас тартты.

#### Тапсырмаға сұрақтар:

1. Авторлық құқықтар қандай негізгі топтарға бөлінеді?
2. Аталған жағдайда авторлардың қандай құқықтары бұзылған?
3. Авторлардың жеке мүдіктік емес («моральдық») құқықтары несіздендіріле (авторлық құқықты беру туралы шарттың поні) иеліктен шығара ала ма?

4. Интернеттің ақпарат желісінде объектіні заңсыз орналастыруға байланысты авторлық құқығын бұзылуы қандай әдістермен анықталады?
5. Сіздің ойыңызша, жауапкердің юрисдикциялық иммунитеті туралы соттың қорытындысы қаншалықты деңгейде негізделген? ҚР юрисдикциялық иммунитеті туралы қандай халықаралық конвенциялардың қатысушысы болып табылады?

### 2-тапсырма

Бірнеше ресейлік авторлардың (ақындар мен композиторлардың) атынан ұжымдық негізде авторлардың мүліктік құқықтарын басқаратын жергілікті ұйым «Тарбағатай» мейрамханасынан иесіне (жеке кәсіпкерге) ақшалай төлем төлеу туралы талаппен қазақстандық сотқа жүгінді. Талапта мейрамхана ішінде ресейлік авторлардың музыкалық туындылары заңсыз жолмен соңғыларының рұқсатынсыз және ақы төлеместен оранжировкала және компакт-дискілерден жариялы түрде жазбалар хабарланатыны айтылған. Талапқа жауап ретінде мейрамхана иесі келесілерді хабарлады:

- туынды экзemplялары бар материалдық тасығыштар ресми түрде лицензиялық өнім таратушылардан алынған және бұл туралы жеке кәсіпкер балансында бекітілген;
- заң бойынша туындыларды пайда табу мақсатын көздемей, жеке мақсаттарға пайдалануға болады. Туынды экзemplялары жеке кәсіпкердің жеке мақсаттарына орай қолданылады, мейрамханаға келушілерден әуен тындағаны үшін ақы алынбайды, мұның барлығы әрбір прејскурантта ерекше көзделген;
- ҚР Конституциясына сәйкес, авторлардың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауы тиіс, әрбір азаматқа ақпаратты еркін алу және тарату құқығына кеңілдік берілген;
- жеке кәсіпкер туындыларды өз мейрамханасында қолданғаны үшін ақы төлеуге ниеттенген және алдын ала талапкерге бұл туралы тиісті хат жіберген, алайда сол уақытта талапкер ұжымдық негізде мүліктік құқықтармен басқару туралы ресейлік авторлармен шартқа отырмаған еді;



- бірнеше әуендерлі (дәлелденген эпизодтар бойынша) жариялы түрде орындағаны (хабарлама) үшін 700 мың теңге көлемінде ақы төлеу туралы талап әділетсіз және бағасы тым жоғарылатылған болып табылады.

#### Тапсырмаға сұрақтар:

1. Іс бойынша шешім шығарыңыз. Сіздің ойыңызша, ұжымдық негізгі мүлдікті құқықтармен басқару туралы ұйымның талабы негізсіз бе? Өз жауабыңызды негізденіңіз.
2. Жалпы ереже бойынша автор қандай мүлдікті құқықтарға ие?
3. Қандай жағдайларда туындылар еркін (автордың келісіміне) көшіріледі? «Жеке мақсаттарға» ұғымының мағынасын ашыңыз.
4. Талапқа жауап ретінде жеке кәсіпкер қандай нақты нормаларға сүйене алады? Конституция нормаларына және авторлық заңнамаға жауапкер қаншалықты дұрыс талдау берген?
5. Талапкердің талабы бойынша жеке кәсіпкерге қатысты әділеттік принциптің бұзылуы орын алған ба?

### 3-тапсырма

Танымал қазақстандық жазушы оның әдеби шығармасының сайттардың бірінде жарияланғанын, ал ол сайтқа кез келген келген адамға тегін кіруге мүмкіндік берілгенін білді. Жазушы продайверге оның туындысын бұлай пайдалануын тоқтатуды талап етті. Продайвер авторлық құқықтардың бұзылмағандығы туралы мәлімдеді:

- Барлық материалдар жазушының өзінің сайтынан алынған, ол жерде кез келген оқушыға еркін ұсынылады.
- Материалдар жарияланған кезде әрдайым оның авторы мен акпараттың бастапқы көзі көрсетіледі.
- Продайвер өз пайдаланушыларынан авторлардың әдеби мұрасымен таныстырғаны үшін ақы алмайды.

Жазушы сотқа талап арызбен жүгініпті.

#### Тапсырмаға сұрақтар:

1. Қандай жағдайда туындыны еркін пайдалануға рұқсат беріледі (автордың келісіміне және авторлық сыйақы төленбестен). Қандай еркін пайдалану шектелген болып табылады (автордың келісіміне, бірақ сыйақы төленіп)?

2. Продайверге осы жағдайда туындыны еркін пайдалануға заң рұқсат беріледі ме?
3. Егер негіздер болса, жазушы арызда қандай нақты талаптарды баяндай алады? Бұл талаптарды қалыптастырыңыз.

### 4-тапсырма

Нормативтік құқықтық актілер жинағының ресми басып шығарушысы сотқа талап арызбен жүгінген болатын. Талап арызда жеке компанияға ресми жинақтардан нормативтік материалдарды көшіру жолымен жариялауға тыйым салуды сұрайды. Талапкердің ойынша, жауапкер әрбір жинақтың бастапқы бетінде жазылған: «Аталған жинақта жарық көрген нормативтік актілерді көп тиражбен басып шығаруға немесе көшіруге тыйым салынатындығын Сізге ескертеміз» деген ескертпе жазбаны қатаң түрде ескермей отыр.

Жауапкер талап арызға қарсылық білдірді:

- нормативтік құқықтық актілер авторлық құқықтың объектісі болып табылмайды, олар ресми түрде жарияланады және кез келген иет білдірген адамға қолжетімді. Олардың азаматтық айналымы шектелмеген және тыйым салынбайды;
- жауапкер талапкердің жинағынан материалдарды көшірмеді, оны «adlet.kz» атты акпараттық жүйе меншік иесінен алып отыр;
- талапкердің жинағы тәрізді жауапкердің кітапшасында (брошюра) нормативтік құқықтық актілердің жариялануы авторлық құқықтың бұзылғанын білдірмейді. Өйткені нормативтік құқықтық актілерге авторлық құқық тарамайды.
- Нормативтік құқықтық актілерді хронологиялық тәртіпмен жинау шығармашылық еңбек болып табылмайды. Жауапкердің ойынша, талапкер жауапкер кітапшасының тез өтіп, сатылып кетуіне байланысты және қымбат тұратын талапкер жинақтарының сұранысқа ие болмағандығына көңілі толмай отыр. Осыған байланысты талапкер азаматтық құқықтарын теріс пайдаланып, жауапкерді тауар және қызмет нарығынан шығарып жіберуге ұмтылуда.

#### Тапсырмаға сұрақтар:

1. Сот қандай шешім шығарды? Жауабыңызды негізденіз.
2. Жинақ авторы қандай құқықтарға ие? Талапкердің жинағы тәртіпін талапкердің кітапшасында нормативтік құқықтық актілердің жариялану фактісінің заңи мәні бола ма?
3. Жинақты құрау бойынша қандай жұмыс шығармашылық деп танылды? Мысал келтіріңіз.
4. Егер жауапкер өз кітапшасының дизайнын талапкер жинағының стиліне қарай отырып рәсімдесе, соттың шешімі өзгере ме?

#### 5-тапсырма

Батыс еуропалық концерн казахстандық телеарнаға меншік несіне шығынды өтеу туралы талап қойды. Талапкердің айтуынша, телеарна талапкердің (құқықты иеленушінің) рұқсатынсыз және ақысын төлеместен «пираттық» нұсқадағы бейнефильмдерді көрсетті. Ал жауапкер болса, сот отырысында аталған фильмдерді көрсетуге рұқсат алған бір тарапта мәскеулік компаниямен жасасқан шартты көрсетті. Шарт ҚР Әділет Министрінің интеллектуалдық меншік құқығы жөніндегі Комитетте тіркелген. Өз кезегінде, жауапкер талапкерден оның құқық иеленуші мәртебесін растайтын құжат көрсетуін сұрады.

#### Тапсырмаға сұрақтар:

1. Аудиобейне туындыларды жасаушылардың айрықша құқықтары қандай құжаттармен расталуы мүмкін?
2. Мәскеулік компаниямен жасасқан шарт жауапкердің адал өкелділік жеткілікті негіз болып табыла ма?
3. Істің қаралуына жауапкердің сот шешімі шыққанға дейін төлеген сомасы әсер ете ме?

#### 6-тапсырма

Алматылық театрдың әртісі қаланың гүлзарларының бірінде ақша табу мақсатын көздейді. Ол пират костюмін киіп, «Пираты Карибского моря» фильмінің бас кейіпкері Джек Воробейдің кейіпін дәлме-дәл келтіреді. Әртістің ойы қарапайым: ол Джек

Воробейдің кейіпінде статуя қалыңында тұрып, кетіп бара жатқан адамдардың бірі арнайы «постамент» ойығына ақша салмайынша ташжылмай тұрады, ақша салғанда «статуя тіріледі»: сыпайы түрде иіліп, жымышп, күрделі емес басқа да қимылдарды жасайды. Аталған ойын жүзеге асырғаннан кейін бір аптадан соң сұлталардың ар жағындағы алыс емес жерден бәсекелес-екінші «Джек Воробейдің статуясы» пайда болды.

#### Тапсырмаға сұрақтар:

1. «Қойылым» және «орындаушылық» ұғымдарының анықтамасын ашып көрсетіңіз.
2. Бірінші әртістің сабақтас құқықтары туындай ма және тиісінше, ол құқықтар бәсекелеспен бұзылады ма? Бәсекелес бірінші әртіске қандай да ақшалай төлем беруге міндетті ме?
3. Жоғарыда аталған идея айрықша құқықтардың объектісі болып табыла ма? Қандай да бір нақты идеяға қатысты авторлықты мойындаудың (құрмет көрсетудің) жалпыға мәлім мысалдарын келтіріңіз.
4. Егер «Джек Воробейдің» қойылымдары жергілікті әзіл-оспақты арналарда еркін көрсетілсе, орындаушылық құқықтар бұзылады ма? Жауабыңызды негізденіз.

#### 7-тапсырма

Республикалық телеарна эфирге мемлекеттік беделді шенеуніктен алған интервьюді жіберетіндігін хабарлады. Кейінірек басқа телеарна (Солтүстік Қазақстан облысы аймағындағы тарату желісі) өзінің телебағдарламаларының бірінде осы интервьюдің кейбір фрагменттерінен алынған ақпараттың қайнар көзіне сілтеме жасамастан көрсетті. Осыдан кейін осы телеарнаға плагиатқа қатысты талап қойылады. Талапта республикалық телеарна интервью алу үшін күрделі дайындық жүргізгендігін, нақты шығындардың орын алғандығы және ең бастысы шенеуніктің өзінің суретімен видео- және фототүсірілім жасауға рұқсат алғанын хабарлады (ҚР Азаматтық кодексінің 145-бабы). Талапты облыстық телеарна мұндай рұқсат алмағандығын, осылайша, тек сабақтас құқықтарды ғана емес, сондай-ақ өзіндік суреті бар респондент құқығын да бұзып отырғандығы айтылады.

### Тапсырмаға сұрақтар:

1. Аталған жағдайда сабақтас құқықтар бұзылған ба? Егер бұзылған болса, нақты қандай құқықтар және қандай негіздер бойынша бұзылған? Егер жоқ болса, нелікпен?
2. Ақпаратты еркін алу мен таратуға құқық пен ақпаратты пайдаланудың айрықша құқықтарын сақтау міндеті өзара қалай қатынасады? Қандай жағдайларда сабақтас құқықтардың объектілері абсолютті еркін құқық пайдалануының келісімісіз және ақы төлеместен) қолданылады?
3. ҚР-сының арнайы заңнамасында Азаматтық кодексінің 145-бабында қандай ерекшеліктер көзделген? Кодекстің аталған нормасы еркіндік мүмкіндігіне жол береді ме? Жалпы құқық теориясында «жүйелі тәртіп» және «кеңірек талдау (таратылған)» ұғымдары қалай түсіндіріледі?

### 8-тапсырма

Фильм әуесіне өлең жазғаны үшін ақын ақшалай марапат алды. Фильм прокатқа шықты. Ән өте белгілі болып кетті. Олар ресе бұл әнді әйгілі қазақстандық әнші жариялы түрде орындап жүрді. Ақын ол әншіге ақшалай төлем төлеуін талап етті, алайда әнші одан бас тартты. Әнші киностудиядан орындау құқығын алғандығын айтты. Киностудия өз кезегінде автордан аталған туындыға құқықтарды сатып алғандығын хабарлаған. Автор әншінің бас тартуын негізсіз деп тапты, заң бойынша ақшалай төлем «қолданғаны үшін туындының әрқайсысына» төленуі тиіс.

### Тапсырмаға сұрақтар:

1. Әнші ақы төлеуге міндетті ме? Қандай негіздер бойынша?
2. Заңда туындыны қолданудың қандай түрлері (әдістері) аталған?
3. Егер автор мен киностудия жасасқан шартта автор киностудияға беретін мүлктік құқықтардың айрықша және айрықша емес үлгісі жағдайында, жалпы ереже бойынша киностудияда мүлктік құқықтардың қандай үлгісі пайда болады?
4. Мәні бойынша айрықша және айрықша емес құқықтары қалай ажыратылады?

### 9-тапсырма

«Номады» фильмінің түсірілімін қаржыландырған продюсерлік компания, картинаны прокатқа шығарар алдында, кеңестен оны жақсарту үшін қосымша қаражат болуға шешті: «соғыс

сиріктерін аяғына дейін түсіріп тастауды және романтикалық «өлім кеңейтуді» талап етті.

Мұндай шешімге режиссер мен оператор келіспей жобаны тастап кетті. Туындыны әзірлеуге басқа режиссер мен басқа оператор қатысты.

### Тапсырмаға сұрақтар:

1. Қандай туынды аудиобейне (тыңдау-қору) болып табылады?
2. Аудиобейне (тыңдау-қору) туындының авторы (бірлескен автор) болып кім танылады? Мұндай бірлескен авторлық жаңы ереже бойынша бөлінетін немесе бөлінбейтін болып саналады ма? Туындыны бөлінетін немесе бөлінбейтін деп танығанын тәжірибеде қандай салдар туындайды?
3. Аталған жағдайда «Номады» фильміне қызметтен босатылған режиссер мен операторда авторлық құқық пайда болады ма немесе бұл құқықтар толық көлемде жаңадан келген, фильмді аяқтау жұмыстарын жалғастырған мамандар – режиссер мен операторда пайда болады ма?

### 10-тапсырма

Заманауи бейнебаян түсіру кезінде кеңестік «Кавказская пленница» кинофильмінің жекелеген бөліктері – сөзінің, музыкасының және кейбір «картиналарының» (кадрлары) үзінділері пайдаланылды.

«Мосфильм» киноконцерні бейнебаян продюсеріне сыйақы төлеу туралы талап қойды. Продюсер таланқа деген пікірінде іс бойынша тиісті жауапкер емес екендігін (бейнебаян түсірілімінің шығындарын ғана төлеген), ал «Мосфильм» тиісті таланкер емес екендігін (сыйақы тек фильмнің авторларын ғана – әртістерге, сценарий авторына, қоюшы режиссерге, операторға, композиторға және т.б. немесе олардың мұрагерлеріне төленді) баяндады. Продюсердің ойынша, кірме үзінділер өз бетінше авторлық құқықтың объектілеріне жатқызылмайды, себебі басқаларға ұқсамайтын, өзіне ғана тән белгілері жоқ.

### Тапсырмаға сұрақтар:

1. Те бойынша сот қандай шешім шығарады? Жауабыңызды негізденіңіз.



2. Заң аудиобейне туындының шығарушысы (жасаушысы) деп кімді атайды? Авторлық заңнама бойынша қандай құқықтардың көлеміне ие? Аудиобейне туындыны пайдалану және жасау кезінде авторлық құқықтар бұзылған жағдайда жауап береді ме?
3. Аталған жағдайда (кавказская пленница) кинофильміне авторлық құқық иесі ретінде кім танылуы тиіс? Кинофильмге авторлық құқық туралы сұрақ КСРО кезінде қалай шешілді? Қандай нормативтік актілерге сәйкес?

## 11-тапсырма

Музыкалық композиция автордың рұқсатымен көркем фильмде пайдаланылды.

Фильм кең прокатқа шыққаннан соң аталған композиция өте танымал болды. Авторға оны коммерциялық пайдалану туралы ұсыныстар түсе бастады. Олардың бірімен ол келісіп, өте тиімді жағдайлармен жай құқықтардан иегіну туралы шартқа отырды. Жоғарыда айтылған фильмді жасаған кинокомпания ойынша, фильм барысында әуен фильмінің бір бөлігіне айналғандықтан, аудиобейне туындыны жасаушының келісімінсіз композитор әрекет жасауға құқығы жоқ еді. Оның үстіне фильмді жасау барысында әуен елеулі жақсартылды.

### Тапсырмаға сұрақтар:

1. Аталған жағдайда музыкалық композиция аудиобейне туындының ажырамас бөлігі болып табылады ма? Неге?
2. Аудиобейне туындыда пайдаланылатын шығармашылық нәтижелер қандай түрлерге бөлінеді? Мұндай сәнділік (грания) қандай заңнамалыққа ие? Егер әуеннің: а) арнайы фильмге; ә) фильммен жұмыс істеу барысында шығарылғаны анықталған болса, сот шешімі өзгереді ме?

## 12-тапсырма

Теледидар арнасының репортерлері Алматы қаласының коммерциялық ұйымдарының біріне сыни репортаж дайындау туралы тапсырма алды, оның орналасқан жеріне жолға шықты. Келісім негізінде коммерциялық ұйым орналасқан ғимараттың алдыңғы жағын бейнетүсірілім жасауға кірісті. Күзетшілер түсі-

руге тыйым салды. Бұл жағдай жаңа даулы ақпараттық желінің пайда болуына сылтау болды. Ол жерде телеарна журналистердің ақпарат алудағы құқықтарына қысым жасалғандығын және БАҚ туралы заңнаманың бұзылғандығы туралы мәлімдеді.

Кешіректе тараптардың заңгерлері аймақтық заң баспасөзінде жарияланған мақалаларында қала құрылысы мен архитектура объектілерін -фото, -кино, -бейнетүсірілім жасау құқығы туралы ойларымен алмасты.

### Тапсырмаға сұрақтар:

1. Авторлық құқық позициясынан қарағанда қала құрылысы мен архитектура объектілеріне сипаттама беріңіз. Олар туындының қай санатына жатқызылады – ғылым, әдебиет немесе өнер?
2. Қала құрылысы мен архитектура объектілерін -фото, -кино, -бейнетүсірілім жасауға арнайы құзыреттілігі жоқ болса тұлғанын құқығы бар ма? Бар болса, қандай шарттарды ұстанғанда? Мұндай түсірілімге кім рұқсат береді – жергілікті атқарушы орган, жылжымайтын мүлік иесі немесе автор?
3. Қала құрылысы мен архитектура объектілерінің авторы кім болып табылады?

## 13-тапсырма

Тексеріс барысында уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлері магазиннен фильмдер жазылған бірнеше компакт-дисктерді алды. Жазбалардың «пираттық» екендігі анықталды, олардың дайындалуына рұқсат берілмеген, құқықниеленушіге сыйақы төленбеген. Құқықниеленуші (шетелдік кинокомпания) магазин иесіне авторлық құқықтарын бұзғаны үшін өтемақыны өтеу туралы талап қойды. Сотта сатушылардың бірі (жауапкердің куәсі) диск оған тиесілі екендігін мәлімдеді. Жазбалар жеке қарауға жасалған. Сатып алушылар жоқ кезде (ал ондай жағдай жиі болып тұрады), сатушы өзінің жеке ноутбугында іші ныспану үшін осы және басқа да фильмдерді қарайды.

### Тапсырмаға сұрақтар:

1. Қандай шарттар орындалған жағдайда заң туындыны көшірме жасауға рұқсат етеді:

2. Автордың келісімінсіз?
3. Автордың келісімінсіз және сыйақы төлепбестен?
4. Жауапкер тарапының жеке мақсатта туындыны көшірме жасағандығы туралы пікірі негізделген бе? Коммерциялық емес, жеке пайдалану ма анықтайтын қандай фактілер болуы тиіс?
5. Көшірме жеке мақсатта жасалғандық фактісін сот мақұлдаған жағдайда қандай салдар (құқықсиеленуші, магазин және сатушы үшін) туындайды? Құқықсиеленушіде жаңа талапқа негіздер пайда болады ма? Кімге? Бұл жағдайда жаңа талаптың пәні қандай болуы мүмкін?

### 14-тапсырма

Саша Ленский 3 жасында қоршаған әлемге, балалық көзқарасы бар сюжеттерге ие сөздерді бір рифмаға келтіруді үйреніп, жай төрт жолды такпақтарды құрастыра бастады. Ата-анасы осы такпақтарды жазып жүріп, такпақтар жиынтығы көбейген кезде, маңызсыз редакциялық түзетулер жасап, бір кішігірім тиражбен басып шығармақшы болды. Алдымен олар адвокатқа келесі сұрақтармен жүгінді:

- Такпақтар жинақтарының авторы ретінде ұлымызды ма, өзімізді ме, жоқ әлде барлығын көрсетеміз бе? Кішкентай бала тым жас кезінде шығармалардың авторы ретінде танылуы мүмкін бе?
- Кітап басылымының (такпақтар жиынтығының) қалам ақысы кімге тиесілі? Логика бойынша сәбиге. Себебі бұл пайда балалық қиялдың нәтижесі болып табылады. Бірақ басқа жақтан қарасақ, өз бетінше сыйақыны алатындай және ол ақшаға тиімді билік ететіндей бала әлі өте кішкентай.
- Ата-аналары алған ақшаны жанұясының қажеттілігіне жаратуға құқығы бар ма, әлде балаға банктің арнайы шотына сақтауға қалдырады ма? Банк осындай шотты аштыруға рұқсатын береді ме?

#### Тапсырма сұрақтары:

1. Қойылған сұрақтарға жауап беріңіз.
2. «Құқық қабілеттілік» пен «әрекетқабілеттілік» түсініктері қалай анықталады және ерекшеліктері неде? Шығарма жазу құқығы мен автор болып танылу құқығы қай қабілеттілікке жатады?

3. Автордың өзінің шығармашылық туындысын жариялауы және соған баспадан сыйақы алуын жеке кәсіпкерлікке жаққызуға болады ма?

### 15-тапсырма

Вице-министр болған Қазақстан шенеунігі сыбайлас жемқорлықпен айналысқаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған. Тергеудің бірінші күнінен бастап өз кінәсін мойындамай процесті «саяси акция» деп атап, осы туралы кітап жазатындығы туралы сот үстінде хабардар етті. Айыптаушы тарапының өкілі Прокурор, сотталушының әрекетін «Мемлекеттің жоғары авторитетіне кір келтіреді» деп, соттан бұл туындыны шығаруға тыйым салуды ресми түрде сұрады.

#### Тапсырма сұрақтары:

1. Сот туындыны шығаруға тыйым сала алады ма?
  - a) дәл осы істе.
  - b) жалпылама түрде.
2. Сіз қандай негіздемелерге сүйене отырып осындай шешім қабылдандыңыз?
3. Сұраққа жауап берер алдында халықаралық құқық қолданушылық тәжірибесімен танысып шығыңыз. Мысалы ретінде АҚШ-тан тыншылықпен айналысқан үшін қуылған Анна Чапманның басылымын талданыз: «90-60-90» Агенті // Время – 29.07.2010. – № 109 (1077). – 17. Осындай анализ барысында интернеттің ақпараттық жүйесінде жарияланған публикациялар қолданылуы мүмкін.
4. Сіздің ойыңызша, осы қылмыстық іске қатысты тергеудің фактілерін жариялау нәліктен Қазақстан Республикасының халықаралық жоғары авторитетіне кір келтіруі мүмкін? Осы жағдайға қатысты (ҚР ҚІЖК 205 бабы) бойынша «тергеу құпиясы» деген ұғым қолданыла ма?

### 16-тапсырма

Технологиялық жоғары оқу орнының келешек студенті өз дипломдық жұмысын сәтті қорғады. Ғылыми жетекшісі бітірушіге туындыны жетілдіруге көмектесем, жариялайтын баспамен келісіп беремін деп, зерттеу жұмыстарының нәтижесін монография ретінде міндетті түрде жариялау керектігі туралы кеңес бер-

ді. Сонымен қатар өзінің қосқан үлесі үшін ғылыми жетекшінің айтуынша, оның туынды соавторы ретінде танылуы ықтимал.

Студент өзінің заңгер досының кеңесіне жүгінді.

#### Тапсырма сұрақтары:

1. Тұлға қандай негіздеменің (дәлелдеменің) күшіне сүйене отырып туындының соавторы ретінде танылады? Автор мен теңавтордың құқықтық мәртебесінің айырмашылығы неде?
2. Туындыны ғылыми жетекшінің елеулі жетілдіргендігі туралы фактор осы жағдайдың дамуына әсер етеді ме? Туындының нысықталуы қолын келісімімен жүзеге асырылады?
3. Қаржыландырусыз туындыны жасау мүмкін еместігін ерекшелікке айып отырып, тұлғаның туындыны жасауға көрсеткен қаржылық көмегі оны теңавтор ретінде тануға әсер ете ме?
4. Әдебиет және музыкалық туындыларды жасауға және жариялауға автордан басқа қатысқан мамандар категориясын атаңыз.

### 17-тапсырма

Доремнев, Тараев және Хитров деген үш автор өздерінің музыкалық туындылар жинағын «Трилогия» деген бір ортақ атаумен шығаруды шешті. Бірлескен жинақтың жұмыс барысында «Трилогияға» қосылған тағы бірнеше төлтума композициялар жасалды.

Жинақ жарық көрген кезден бастап тез арада сатылып кетті.

Содан соң Хитровпен алынған және пайдаланылған сыяқын үшін «Трилогия» компакт-дисктерінің Хитровтың берілген рұқсатымен жаңа топтамасының шыққанын Доремнев пен Тараев білді.

Хитров әріптестерінің наразылығына келесідей жауап берді:

- ол тең авторларының бірі және жинақта оның композициялары Доремнев пен Тараевтың композицияларына қарағанда басымдық;
- жинақта композиторлармен бірлесіп отырып шығарылған туындылар бар;
- заңға сәйкес тең авторлардың ешқайсысы жеткілікті негізсіз туындыны қолдануға тыйым салуға құқығы жоқ;

- Хитровтың «Трилогиямен» еркін билейтін құқығын шектейтін келісім композиторлар арасында қабылданбаған;
- әріптестерге Хитров сияқты танқырлық танытып, пайдалы келісім жасасуға ешкім де, ештеңе де кедергі келтірпін тұрған жоқ.

Сотқа барудың алдында Доремнев пен Тараев заңгерден кеңес алуды шешті.

#### Тапсырма сұрақтары:

1. Іетін соттық перенективасы туралы негізделген (дәлелденген) жауап дайындаңыз. Егер негіздеме болса, онда Доремнев пен Тараевтың Қазақстан Республикасының 1996 жылы 10 маусымда шыққан «Авторлық құқық және сабақтаас құқық туралы» заңының 49-бабына сәйкес, заңды мүдделері мен құқықтарды қорғаудың қандай тәсілдерін ұсыныс ретінде беруге болады?
2. Хитров авторлық заңнамалардың қандай нормаларына жүгінді?
3. Жеке-дара бөлінбейтін туындыны қолдануға рұқсат беруден бас тарту қандай жеткілікті дәлелдеме негізінде бола алады?
4. Заң күші бар заңнамаларда құрамдас туындыларға тең авторлықтың қандай түрлері қарастырылған? Тең авторлыққа не топтарға заң қандай құқықтарды бекітеді?
5. Туынды және құрамдас шығармалар мәні бойынша немен ажыратылады (заң тұрғыдан қарағанда) немесе (заң ұғымы бойынша)?

### 18-тапсырма

Акын өзінің «Выстрел» деген аттас кинофильмге арнайы жазылған өлеңінің кейбір бөліктерін аншылдық дүкенінің жарнамалық компаниясы қолданатынын білді. Туынды бүтіндей сақталған, бірақ кейбір жолдары өзгертілген.

Туындаған наразылықты дүкен өзінің өлеңді пайдалануға құқығын киностудиядан сатып алғандығын айтып, келісімшарттың көшірмесін көрсетті.

#### Тапсырма сұрақтары:

4. Киностудия акынның келісімінеіз және оған тиесілі сыяқын толемей авторлық құқықпен толық билік етуге құқығы бар ма? Акын кинофильмнің соавторы ретінде танылады ма?



5. Ашылық дүкенінің қайта өңделген (нысықталған) шығармаға авторлық туынды құқығы пайда болады ма? Негізгі шығарманы өңдеген (нысықтаған) тұлға өзінің авторлық құқығын қандай ерекіне жазбаларда жүзеге асыра алады? Дәл осы істе, жоғарыда айтылған жағдай ескерілген бе?

### 19-тапсырма

Алматының концерт залдарының бірінде Қазақстанның өңделді маркасы бар шайының тұтынушылар (сатып алушылар) арасында ұтыс ойыны болды. Осы іс-шарада Қазақстан өнерпаздарының «жұлдыздары» кеш қонақтарына бірнеше музыкалық шығармаларды орындады. Авторлардың (ақындар мен композиторлардың) алдын ала келісімі алынған жоқ. Авторлар іс-шараның ұйымдастырушыларына өздерінің авторлық құқықтарын бұзғаны үшін 1 млн-ға жуық теңге көлемінде өтемақы төлеу туралы талап арыз берді.

#### Тапсырма сұрақтары:

1. Іс бойынша негізделген (дәлелденген) шешім шығарыңыз.
2. Сіздің ойынша, арыз бойынша тиісті дәрежеде жауапкер болып қанша танылуды керек: іс-шара ұйымдастырушысы ма, концерттік залдың иесі ме жок әлде орындаушылар ма? Неліктен?
3. Музыкалық туындыны жүргізушілік алдында орындамас бұрын, орындаушылар кімнің келісімін алуы тиіс?
4. Орындаудың қандай түрі «жария» ретінде танылуы мүмкін? Жанұя және туыстар арасында мысалы, той-думандарда әндерді орындау үшін бұндай келісім алу қажет пе? Аз көлемде келушілері бар мейрамханаларда (күніне 2-3 адам) әндерді орындау «жария» ретінде болып табылады ма?
5. Іс-шараның ұйымдастырушысы авторлық сыйақыны төлеуге дайын екендігін жариялауы оның авторлық құқықтарды бұзғандығын мойындауды дәлелдей ме?  
Сот шешімі келесі жағдайларда өзгереді ме:  
a) авторлық сыйақы бекітілген нормативтік ставкалар бойынша, сот шешіміне дейін автордың еркіне қарсы төленсе? Егер несе берушілер қарызды қабылдағысы келмесе, оны қандай тәсілмен төлеуге болады?  
b) орындаушылардың осы әндерді бұрын авторлардың рұқсатымен жүргізушілік алдында шырқап жүргені анықталады?

### 20-тапсырма

Қазақстан жастар ассоциациясымен өткізілген «Көңілді тапсырмалар клубының» (КТК) барысында атакты музыкалық шығарманы әйелді түрде (фонограммамен) шырқалды. Бұрын-соңды халық арасында осы өлеңмен шығып жүрген Қазақстан Республикасының халық әртісі, сахнада жасалған студенттердің іс-әрекеттерімен өзінің атына кір келтірілді деп санады. Автор арызда ресми түрде көшірім сұрауды талап ете отырып, оған тиесілі айрықша құқықтарының бұзылғандығын айтты. Ассоциация сотқа ақын-композитордың қолы қойылған және өз жағынан наразылық (жариялық) білдірмейтіндігі туралы хатты берді.

#### Тапсырма сұрақтары:

1. Халық әртісінің айрықша құқықтары бұзылды ма? Егер бұзылмаған болса, неліктен? Егер бұзылған болса, қандай құқықтары тапталған (бұзылған)? Жауапты дәлелденіз.
2. Заң орындаушыларға қандай мүлдіктік және мүлдіктік емес (моральді) құқықтық бекіткен? Ол тізім толыққанды болып табылады ма?
3. Айрықша құқықтар Қазақстанда қандай жағдайда танылады және қорғалады?
4. Егер студенттік фонограммада халық әртісінің шырқалған өлеңінің бөліктері болғаны анықталса, сот шешімі өзгере ме?
5. Фонограмманы дайындаған тұлға халық әртісіне танымал болмаса, арызда жауапкер ретінде кім көрсетілуі мүмкін? Жалпы ережелер бойынша фонограмма құрастырушысы болып кім танылады?

### 21-тапсырма

Қазақстандық продюссер ресей авторлары (Иванов пен Петровтың) жасаған музыкалық шығармасының аранжировкасын сатып алып, сол композицияны жаңартқан күйінде жергілікті радиостанцияға қайта сатты.

Композицияны жариялы түрде берген кезде (радиостанция эфирінде), Ресей авторларынан тез арада шығарманы (туындыны) пайдалануды тоқтату туралы талап ету түрінде наразылық келіп түеті. Осы талантты орындамаған жағдайда, авторлар өздерінің авторлық құқықтарын бұзғаны үшін радиостанциядан (сот-

қа талап арыз беру арқылы) қомақты сома түріндегі компенсацияны өндіріп алатындығы туралы ескертті. Соңғы тарап продюсерге түсініктемелер алумен қоса, аранжировкаға төлеуге ақшаны және басқа да кеткен шығындарды өтеп беруді сұрады.

Продюсердің пікірі бойынша, аранжировка заңи түрде орындалған, яғни ол өз уақытында авторлық сыйақының сомасын Қазақ авторлар қоғамының (ҚАҚ) шотына аударғандығын айтты. Иванов пен Петров Ресей авторлар қоғамының (РАК) мүшелері. Ресей авторларымен жасасқан екі жақты келісім-шарт бойынша Қазақстандағы авторлық қоғам РАҚ-ның мүддесін өндіреді. Продюсер радиостанция басшылығына ҚАҚ-нан өз сөздерін растайтын тиісті құжаттар әкелді.

#### Тапсырма сұрақтары:

1. Сіздің ойыңызша осы жағдайда үш тараптың қайсысынікі дұрыс?
2. Продюсерге қандай ұсыныстар беруге болады? Залалдарды өтеу туралы қойылған талаптарды радиостанция кімге жүктей алады?
3. Иванов пен Петровтың мүлкітік құқықтарын басқаратын фактілер Қазақстанда қай құжаттармен расталады?
4. Егер продюсер Қазақстандағы ҚАҚ арқылы Иванов пен Петровтың мүлкітік құқықтарын шын мәнінде билік ете алатындығын дәлелдесе, тапсырманың шешімі өзгере ме?

#### 22-тапсырма

БАҚ-дың Жаңа Толқын деген радиосының несі өзінің бәсекелесі Радио 42-ге Жаңа Толқынның шақыру сигналын өздерінің интеллектуалдық меншік құқығының объектісі екендігін хабарлай наразылық білдіре отырып, оны тез арада заңсыз қолдануын тоқтатуды талап етті.

Бәсекелестен келесідей жауап қайтарылды:

- Бірнеше ноталардан жасалған төлтума әуен ретінде ел айнамайды, сол себептен авторлық құқықтың объектісі ретінде танылуы мүмкін емес;
- (Қазақстанның патенттік мекемесінің хатында жазылғандай) қолда бар ресми ақпарат бойынша бұл әуен дыбысты тауар белгісі ретінде тіркелмеген;

– Жаңа Толқын радиосы заң бойынша орындаушылардың категориясына жатқызылмайды, тиесілі дыбыс жазбасын өздері жасағаны туралы дәлелдері жоқ, сол себептен оның сабақтас құқық несі ретінде қарастырылуы мүмкін емес;

– 42 Радио басшылығы дауласқан әуенді өз бетінше қолдануды жалғастырады.

#### Тапсырма сұрақтары:

1. Осы әуен интеллектуалдық меншік құқығы объектісінің қай категориясына жатқызылады: музыкалық шығарма (авторлық құқықтың объектісі), орындау немесе фонограмма (сабақтас құқықтың объектісі), дыбысты тауар белгісі (өндірістік жеке меншіктің объектісі)? Қандай күшке (заңды немесе фактілі) сүйене отырып негізделген?
2. Жаңа Толқын радиосына тиесілі қандай айрықша құқықты бәсекелесі бұзып отыр? Жауапты дәлелдеңіз.

#### 23-тапсырма

1995 жылы «Азия Дауысы» конкурсында қатысқан орындаушы қазақстандық топ осы музыкалық фестивалды ұйымдастырушыларға орындау жазбасын коммерциялық мақсатта орындаушылардың рұқсатынсыз және лайықты сыйақы төлемей қолдануына рұқсат бермеу туралы талап қойды. Жауапкер талапқа жауап ретінде әнін және сөздің авторларының рұқсаты бар екендігін, ал орындаушылардың құқықтарын заң қорғамайтынын хабар етті.

1. Жауапкердің қарсылығы негізді ме? Себебі?
- Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңы күшіне енгеннен бұрын қалай және қандай нормативтік актілер негізінде қазақстандық орындаушылардың сабақтас құқықтары қорғалды?
- Сіздің пікіріңізше, сот қандай шешім қабылдауы тиіс? Өз жауабыңызды негізденіз.

## 24-тапсырма

Танымал әндердің орындаушы топ және фонограмма шығарушылардың өтініші бойынша Антимонопольдік агенттіктің өкілі музыкалық туындылар мен материалды таратушылардың қорытынды сатып алу жүргізді. Жүргізілген сараптама қорытындысы бойынша контрафактілік өнімнің таратылуы бойынша жағдайлар орын алды. Бәсекелестік заңнамаларын бұзған үшін сатушыдан әкімшілік айыппұл өндіріп алынды. Орындаушылар және фонограмма шығарушылар әкімшілік істегі материалдармен дәлелдеме негізінде ұсынып авторлық және сабақтас құқықтарды бұзған үшін өтемақы төлеу туралы талап қойды.

Сот процесінде жауапкер антимонопольді органның авторлық және сабақтас құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік ұйғарымдар және жарлықтар шығаруға уәкілетті емес (құзыреттілігін асыра пайдаланып әрекет етті), осы негізде заңсыз түрде алынған дәлелдемелер талап қоюға негізсіз екенін айтты.

- Азаматтық субъективті құқықтарды қорғаудың нысаны мен әдістерін атаныз.
- Жауапкердің дәлелдерін талдаңыз. Авторлық және сабақтас құқық бойынша Қазақстан Республикасында қандай орган уәкілетті? Бұл органның қандай құзыреттері бар? Антимонопольді агенттіктің құзыреттіліктерімен салыстырыңыз?
- Бұл жағдайда көрсетілгендей антимонопольді агенттіктің араласуға құқығы бар ма? Антимонопольді агенттіктің әкімшілік іс бойынша жарлықтары азаматтық істер бойынша дәлелдеме бола ала ма?

## 25-тапсырма

Ұжымдық негіздегі орындаушылардың мүліктік құқықтарын басқаратын жергілікті қоғамдық бірлестік «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы «Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңының 26 бабына сәйкес Алматы қаласының арнайы аудандық экономикалық қалалық сотына Қазақстанда жабдықтарды және жеке мақсатта аудио-

бейне және дыбыс жазбаларды көшірмелеу үшін арналған материалдық таратушыны жасайтын оңтүстік корейлік ұйымға талап қойды. Талапта өндірушіден (импорттаушыдан) сыйақыны өндіріп алу туралы талап қойды.

Қазақстандағы Оңтүстік корейлік ұйымның өкілінің заңгері полиция қарсылық білдірді:

- Көрсетілген заңның 26-бабы авторлық сыйақыны өндіріп алу істері бойынша қолданылады, ал талапта орындаушының мүддесіне қатысты сыйақы өндіру туралы.
- Осы заңның 43-бабының 3-тармағының 2-тармақшасы бойынша талапкердің жарғысында бұзушылықтар бар, сәйкесінше талапкер орындаушылардың мүліктік құқықтарын басқару қызметін жүзеге асыруға өкілетті емес.
- Жауапкерге қойылған сыйақы төлеу туралы өнімнің келісімшартының бағытын дәлелдемеді, демек, сотқа дейін талап қоюдың тәртібі реттелмеген.

### Тапсырма сұрақтары:

1. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы «Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңының 26-бабы орындаушылардың сыйақысын төлеу бойынша қолданыла ма? Себебі?
2. Қандай жағдайларда азаматтық заңнамаларда ұқсастықтар қолданылады? Бұл жағдайда ұқсастықтарды қолдануға бола ма? Себебі?
3. Ұжымдық негіздегі орындаушылардың мүліктік құқықтарын басқаратын ұйымдардың қандай құқық кабілеттері бар (шектелген немесе әмбебап)?
4. Видео және аудио жабдықтарды өндірушілер төлейтін өтемақыны есептеу жалпы ереже бойынша қалай жүргізіледі? Егер өтемақы төлеу туралы келісім келмегенде, қандай негізде және мөлшерде сыйақы өтегіледі?
5. Бұл жағдайда дауды талаптық тәртіпте реттеу керек пе?
6. Сіздің ойыңызша сот қандай шешім шығарады? Жауабыңызды негіздеңіз.

## 26-тапсырма

Польшадағы гастрольдік сапарында «Дос Мұқасан» тобы кезекті орындаушыда қазақ халық әні «Сұлу қызды» орындады. Зал поляк тілінде бірге қосылып шырқады.



Концерттен кейін екі жақта бір-бірінің кең ұлттық ой орындарына таңқалып, барлығы орындалған композиция өздерінің ерекшеліктерінің әділдігі мен қызықтылығын атап өтті. Олардың әділдігі мен қызықтылығын атап өтті.

«Шла девчечка до речечки» поляк халқының ұлттық әні бұрынғы дейін поляк елінде болған КСРО халық әртісі Роза Барановскаяға қатты ұнап, біздің жыршыларға қазақ тіліне аудартып орындауға рұқсат беруге келісімізді сұрап, біздің репертуарына қосып алған. Қазақстанда бұл ән барлық жерлері орындала бастады, сол себепті жас орындаушылар қазақ халқының әні деп есептеді. (См. об этом: «Дос Мұқасан» Мы не асфальтовые ребята // Экспресс К. – 29.12.2000. – №240(14668). – С.10)

- Бұндай жағдайлар орын алмау үшін қандай шаралар мен кешенің ұсынар едіңіз? Бұл жағдайларға байланысты ғылыми әдебиеттерде қандай шаралар бар?
- ЮНЕСКО әлемдегі шығармашылық халық туындыларының сақтау процесінде қандай рөлге ие? Бұл халықаралық ұйымның қызметі туралы қысқаша айтып беріңіз. Осы ұйыммен Қазақстанда қандай мерекелік шаралар ұйымдастырылады.
- Халық туындыларын белгілі автор арқылы шығаруға бола ма? Егер жоқ болса, неге? Егер иә болса, қандай жағдайларда? (Мысал келтіріңіз).
- Қандай белгілер бойынша халық туындысы болып есептеледі?
- Объектіні халық туындысы деп танудың ерекше процедурасы бар ма? Егер иә болса, қай мемлекеттерде?

### 27-тапсырма

Республикалық телерадиокорпорация «Огни Алтая» газетінің басты редакторына корпорацияның телевизиялық бағдарламаларының бағдарламасы авторлық құқықтың объектісін тегін жариялануын тоқтату туралы талап қойды. Талапқа жауап беруде телевизиялық бағдарламалар акпараттық сипаттағы оқиғалар мен деректердің хабарламасы заң бойынша авторлық құқықтың объектісі ретінде танылмайды делінген. Бұл бекіту ҚР интеллектуалдық меншік құқығы жөніндегі Министрліктің түсіндірмесімен негізделінді. Қайта талап беруде корпорация бұл түсіндір-

менімен келіспей, телевизиялық бағдарламаларды әдеби туындылардың құрамдас бөлігі ретінде (туынды пайда болғанша тек туынды шығарушы ғана емес және анықталмаған тұлғалар тобымен белгісіз болатын) және тұпнұсқа екеніне негіздеді.

### Тапсырма сұрақтары:

1. Қай жақтын дәлелдемесі авторлық құқықтың дәстүрлі теориясына сәйкес келеді?
2. Интеллектуалдық меншік құқығының объектілері меншік құқығының объектілерінен айырмашылығы неде?
3. Қандай акпараттар авторлық құқықпен қорғалмайды?
4. Авторлық құқықтың объектілеріне қандай белгілер тән?
5. Бұл жағдайда акпаратты шығарушының коммерциялық мүддесін қорғау үшін міндеттемелік құқықтың қандай нормалары қолданылады?

### 28-тапсырма

Марина Влади Владимир Семенович Высоцкийдің өміріндегі қызық жағдайды әңгімелейді. Бір күні советтік бард француз ақыны Артюр Рембонь кателесіп плагиатқа айыптады: «Сен сенесің бе, мына француз менен барлығын көшіруді! Ол мен сияқты жазады, бұл таза плагиат! Жок, сен қарашы: мына сөздер, мына ырғақ саған ештеңені есіңе түсірмей ме? Ол менің өлеңдерімді жақсы зерттеген, иә? Оңбаған! Аударманы да жексұрын, ұялмайды». «...Мен ақырында сенің, сірә, сыпайылықтан өлмейтіңді және сені бұндай ашуға шақыратын бөгде емес, сенен бір ғасырдай ерте дүниеге келген біздің ұлы ақынымыз Артюр Рембо екенін айттым. Сен титулдық паракты ашып, бұндай ағаттықтан қызарып кеттің. Бүкіл ренішті қалдырып, сен маған түні бойы атакты ақынның өлеңіне тәнті болып оқисың».

(Влади Марина, Владимир. Прерванный полет / пер. с франц. М. Влади и Ю. Абдуловой. – Алма-Ата: Жазушы, 1989. – С. 61).

Келесі кітапта мынадай мысал келтірілген: «Жазушы сэр Конан Дойл, шытырман оқиғалардың Шерлок Холмс туралы әдеби атасты, бір ай жана кітапқа жұмыс жасады. Жұмысын аяқтауға жақын кезде кітапханада француз жазушысы Ги де Мопассанның романы қолына түседі. Бұл кітап оның жана кітабымен

ұқсас болды. Тіпті іс-әрекеттердің орны да бірдей: дәл сон Швейцариядағы қонақ үй. Қонан Дойл бұрын ешқашан Монасаннның кітабын көрген емес еді және кітабын оқып болғаннан кейін өзінің жазбасын отқа лақтырып жіберді. (Кай Хоффманн. 1000 необъяснимых феноменов. – М.: АСТ «Астрель» «Олимп», 2000. – С. 147).

#### Тапсырма сұрақтары:

1. Қандай қызмет шығармашылық болып танылады?
2. Туындының қорғау қабілеттерінің белгілері қандай?
3. Авторлық құқық теориясында объективтік және субъективтік жаңалықтар қалай түсіндіріледі?
4. Жоғарыдағы *Высокий* мен Қонан Дойлдың туындылары қорғау қабілетінің белгілеріне сәйкес келе ме?
5. Сізге мұндай сәйкестік жағдайлары таныс па?

#### 29-тапсырма

Телекоммуникация саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын компаниясына атыраулық сазгер талап арыз беріп. Талап арызда автордан рұқсат сұрамай, «Атырау-арман» атты композицияны телефон анықтамалық қызмет жұмыстарындағы үзілісті толтыру үшін жауанкердің пайдаланғаны айтылған. Таланкер авторлық құқықты бұзғаны үшін шамамен жеті миллион теңге мөлшерінде өтемақы төлеуді талап етті.

Телекоммуникациялық компания талап арызға қатысты жауабында келесідей мәлімдеді:

- осындай ірі мөлшерде ақша сомасын өндіріп алу оның мүлкіне орны толмас ауыр салдар туғызатындығын және оның қызметін тұтынушыларға теріс әсер етуі мүмкіндігін айтты;
- талап арызда көрсетілген өтемақы мөлшері құқықбұзушылық ешқандай материалдық зардапты туғызған жоқ.

#### Тапсырмаға сұрақтар:

1. Жауанкердің аргументтері заңи тұрғыда қаншалықты негізді болып табылады?

2. Авторлық және сабақтас құқықты бұзғаны үшін заң бойынша қандай мөлшердегі ақшалай өтемақы төлеу қарастырылған. Ең төменгі және ең жоғарғы мөлшердегі өтемақы деңгейлерін атаңыз.
3. Талап арызда көрсетілген өтемақы мөлшерін сот азайтуға немесе арттыруға құқығы бар ма? Қандай шекте? «Соттық қарау» ұғымына түсінік беріңіз.
4. Ақшалай өтемақы өндіру ретіндегі азаматтық құқықтарды қорғаудың осындай тәсілі қаншалықты қолайлы? Аталған санкцияны белгілейтін заң өзгерістерінің нормаларын қараңыз.

#### 30-тапсырма

2004 жылы аудандық сот авторлық құқықты бұзғаны үшін мейрамхана меншік иесінен заңсыз пайдаланылған үш музыкалық туындының әрқайсысы үшін шамамен тоғыз жүз мың – ең төменгі жиырма жалақы мөлшерінде өтемақы өндіріп алды (дәлелденген өңізодтар бойынша).

Қалалық соттың азаматтық істер бойынша алқасы апелляциялық сатыда істі қаран, жауанкердің апелляциялық шағымын қанағаттандырып, автордың талап арызынан бас тартып, аудандық сот шешімінің күшін жойды.

Алқа қаулысында келесідей айтылды:

- Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі авторлық құқықты бұзғаны үшін құқықбұзушыдан ең төменгі жиырма жалақы мөлшеріндегі өтемақы есебінде жауаптылық шарасын қарастырмайды. 1998 жылғы 24 наурыздағы «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 6-бабы, 2-т. сәйкес 1996 жылы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасы «Авторлық және сабақтас құқық туралы» заңының нормаларымен Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі нормалары арасында айырмашылық болатын болса, заң нормалары тек кодекске тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін ғана қолданылады;
- 2004 жылы 20 қазандағы №1083 «Кейбір туындыларды пайдаланғаны үшін авторлық сыйақының минималды ставкаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкімет қаулысымен қарастырылған мөлшерде жауанкер талапкерге авторлық сыйақы төлеуге тиісті. Алайда та-


лапкер бұл ұсыныстан бас тартып, өтемақы төлеуді танытпегендігіне күмән туғызатын қандай фактілер бар?

Талапкер осындай қаулымен келіспей, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасына қадағалау шағымын даярлауға кірісті.

**Тапсырмаға сұрақтар:**


1. Аталған алқа қаулысын негізді деп тани аламыз ба? Осы сот актінің негізділігіне күмән туғызатын қандай фактілер бар?
2. Қандай нормативтік құқықтық актілерде азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдері көрсетілген? Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі азаматтық құқықтарды қорғаудың барлық тәсілдерін қамти ма? Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабын толық талдаңыздар.
3. Кім азаматтық құқықтарды қорғау туралы шешімді қабылдап, нақты қорғау тәсілін белгілейді. Қандай негіздердің күшінде?
4. Авторлық сыйақыны төлеу немесе оны төлеуге шет елдіру құқыққаушылықты жасағаны үшін жауаптылықтан босата ма?
5. Талапкердің қадағалау шағымы үшін қандай қосымша аргументтер ұсынуға болады?
6. Азаматтық процесінің осы сатысында прокурор қандай негізде қатысуы мүмкін?

**Қосымша материалдар (сызбалар):**




1-сызба






2-сызба



3-сызба




4-сызба




5-сызба

Интеллектуалдык меншік құқығының мазмұны – жеке мүлдітік емес және мүлдітік құқықтардың жиынтығы.




6-сызба

Интеллектуалдык меншік объектілеріне құқықтың пайдалану негіздері




7-сызба






8-сызба



Ескерту: ҚР АҚ-не сәйкес авторлық құқықтың объектілері болып табылмайды:

- 1) ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, заң шығару, әкімшілік, сот және дипломатиялық сипаттағы өзге де мәтіндер), сондай-ақ олардың ресми аудармалары;
- 2) мемлекеттік рәміздер мен белгілер (жалаулар, елтанбалар, ордендер, ақша белгілері және өзге де мемлекеттік рәміздер мен белгілер);
- 3) халық шығармашылығының туындылары;
- 4) оқиғалар мен фактілер туралы ақпараттық сипаттағы хабарлар.

9-сызба



10-сызба

Авторлық құқықтың объектілері

- 1) әдеби туындылар; 2) драмалық және музыкалық-драмалық туындылар; 3) сценарий туындылары; 4) хореография және пантомима туындылары; 5) мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындылар; 6) дыбыс-бейнежазу туындылары; 7) кескіндеме, мүсіндеме, графика және бейнелеу өнерінің басқа да туындылары; 8) қолданбалы өнер туындылары; 9) сәулет, қала құрылысы және бау-саябақ өнері туындылары; 10) суретке түсіру туындылары және суретке түсіруге орайлас әдістермен жасалған туындылар; 11) карталар, жоспарлар, нобайлар, бейнелер және географияға, топография мен басқа ғылымдарға қатысты үш өлшемді туындылар; 12) ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар; 13) туынды шығармалар; 14) құрама туындылар.

- Нысаны бойынша: 1) жазбаша (қолжазба, машинаға басылған, нотаға жазылған және сол сияқты); 2) ауызша (көпшілік алдында айтушылық, көпшілік алдында орындаушылық және сол сияқты); 3) үнжазба немесе бейнежазба (механикалық, сандық, магниттік, оптикалық және сол сияқты); 4) бейнелеу (сурет, нобай, көркемсурет, жоспар, сызба, кино, телебейне немесе фотокадрлар және сол сияқты); 5) көлемді-кеңістікті (мүсін, үлгі, макет, т.м. және сол сияқты).


11-сызба

Қолданылу аясы бойынша: 1) Қазақстан Республикасының аумағында жарияланған не жарияланбаған, бірақ авторлардың немесе олардың құқықтық мұрагерлерінің азаматтығына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында қандай да болсын объективті нысанда болатын туындыларға қолданылады;


2) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған не жарияланбаған, бірақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қандай да болсын объективті нысандағы туындыларға қолданылады және Қазақстан Республикасының азаматтары – авторлары және олардың құқықтық мұрагерлері деп танылады

3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған не жарияланбаған, бірақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қандай да болсын объективті нысандағы туындыларға қолданылады және авторлардың (олардың құқықтық мұрагерлерінің) – шетелдіктердің азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес авторлық құқығы бар деп танылады

12-сызба



13-сызба



14-сызба

Авторлық құқықтың объектісін автордың (құқық иеленушінің) келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей пайдалану

Заңды түрде жарияланған туындыны автордың немесе өзге де құқық иеленушінің келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей жеке тұлғаның тек өз мақсаты үшін және табыс алмай жалғыз дана етіп көшірмелеу; табыс алмай жалғыз дана етіп репродукциялау: 1) заңды түрде жарияланған туындыны кітапханаларда және архивтерде қалпына келтіру, жоғалып кеткен немесе бүлінген даналарды ауыстыру, өз қорындағы туындыны белгілі бір себептермен жоғалттып алған басқа кітапханаларға туындының даналарын беру үшін; 2) кітапханалар мен архивтердің жинақтарда, газеттерде және басқа мерзімді басылымдарда заңды түрде жарияланған жеке мақалалар мен шағын көлемді туындыларды, заңды түрде жарияланған жазбаша туындылардан қысқаша үзінділерді (суретпен немесе суретсіз) жеке тұлғалардың оқып-үйрену және зерттеу мақсатындағы сауалдары бойынша; 3) жинақтарда, газеттерде және басқа да мерзімді басылымдарда заңды түрде жарияланған жекелеген мақалалар мен шағын көлемді туындыларды, заңды түрде жарияланған жазбаша туындылардың қысқаша үзінділерін (суретпен немесе суретсіз) білім беру ұйымдары дәріханалардағы сабаққа пайдалану үшін пайда алмай репродукциялауына жол беріледі.


15-сызба



Туындысы пайдаланылатын автордың есімін және қай деректен алынғаны міндетті түрде көрсетіле отырып, шығарманы пайдалану:

1) заңды түрде жарияланған туындылардан түпнұсқа күйінде және аударма түрінде ғылыми, зерттеу, пікірталас, сын және ақпараттық мақсатта, баспасөзге шолу ретінде газеттер мен журналдар мақалаларынан алынған үзінділерін қоса алғанда, дәйексіз алу мақсатына сай көлемінде дәйексіз алу; 2) заңды түрде жарияланған туындыларды және олардан алынған үзінділерін оқыту сипатындағы басылымдарда, радио және телехабарларда, дыбыс-бейнежазбаларға алға қойған мақсатқа сай көлемде пайдалану; 3) ағымдағы экономикалық, саяси, әлеуметтік және діни мәселелер бойынша газеттерде немесе журналдарда заңды түрде жарияланған мақалаларды немесе эфирге берілген осындай сипаттағы туындыларды жалпы жұртшылық назарына жеткізу үшін, автор тарапынан мұндай көшірмелеуге, эфирге беруге немесе хабарлауға арнайы тыйым салынбаған жағдайларда, газеттерге көшіріп басу, эфирге тарату немесе кабель бойынша хабарлау; 4) көпшілік алдында сойленген саяси сөздерді, үндеулерді, баяндамаларды және басқа осы сияқты туындыларды ақпараттық мақсатқа сай көлемде жалпы жұртшылық назарына жеткізу үшін газеттерге көшіріп басу, эфирге тарату немесе кабель бойынша хабарлау. Бұл орайда автордың мұндай туындыларды жинақтарда жариялау құқығы сақталады; 5) ағымдағы оқиғалар барысында көрінген немесе сегілген ағымдағы оқиғаларды суретке түсіру немесе кинематография құралдары, эфирге тарату немесе жалпы жұртшылық назарына жеткізу үшін кабель бойынша хабарлау арқылы ақпараттық мақсатқа сай көлемде шолуларда көшірмелеу немесе көпшілік назарына арналған хабар. Бұл орайда автордың мұндай туындыларды жинақтарда жариялау құқығы сақталады; 6) заңды түрде жарияланған туындыларды бедерлі-нүкте жазумен немесе вагин адамдарға арналған басқа да арнайы тәсілдермен, осылайша көшірмелеу үшін арнайы жасалған туындыларды қоспағанда, пайдаланмай көшірмелеу

16-сызба



17-сызба

Авторлық құқықтың объектісін автордың (құқық иеленушінің) келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей пайдалану

туындыны бейнелеу қайта шығарудың, эфирге берудің және (немесе) кәбіл бойынша жалпы жұрттың назарына хабарлаудың негізгі объектісі болатын немесе туындыны бейнелеу коммерциялық мақсат үшін пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, еркін кіріп көруге ашық орындарға тұрақты қойылған сәулет, суретке түсіру, бейнелеу опери туындыларын автордың немесе өзге де құқық иеленушінің келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей қайта шығаруға, эфирге беруге және (немесе) кәбіл бойынша жалпы жұрттың назарына хабарлау;

заңды түрде жарияланған музыкалық туындыларды ресми және дини рәсімдер, сондай-ақ өлікті жерлеу кезінде көпшілік алдында сол рәсімдердің сипатына сәйкес келетін көлемде орындау;

соғ және әкімшілік іс жүргізу үшін осындай мақсатқа белгіленген көлемде көшірмелеу;

ЭЕМ-ге арналған бағдарламаларды және деректер базасын еркін көшірмелеу, ЭЕМ-ге арналған бағдарламаларды кері жазып шығу;


18-сызба

Туындыларды қысқа мерзімге пайдалану үшін эфирге хабар тарату ұйымдары жүзеге асыратын жазбалар: 1) жазбаны эфирге хабар тарату ұйымы өз жабдықтарының көмегімен және өз хабарлары үшін дайындаған; 2) егер жазылған туынды авторымен немесе өзге де құқық иеленушісімен неғұрлым ұзақ мерзімге келісілмесе, мұндай жазбаны ол әйрлешеннен кейінгі алты ай ішінде жойылған жағдайларда жазуға болады. Егер жазбаның құжаттық мәні ерекше болса, мұндай жазба туынды авторының немесе өзге де құқық иеленушісінің келісімінсіз-ақ ресми мұрағаттарда сақталуы мүмкін.


Шетке шығарылған жағдайда республиканың ұлттық мүдделеріне зиян келтірілетін, тізбесі белгіленген тәртіп бойынша анықталатын туындыларды қоспағанда, туындының данасын тек қана жеке адамның өз мақсаттары үшін шет елге шығару.

Қоғам игілігіне айналған туындылар.

19-сызба



20-сызба



21-сызба

Сабақтаc құқык объектілеріне айрықша құқықтардың мазмұны

- Қойылымдар мен орындаушылықтарға:
- бұрын жазылмаған орындаушылықты немесе қойылымды жазу;
  - орындаушылық немесе қойылым жазбасын кез келген нысанда тікелей немесе жанама қайта шығару:
    - орындаушылықтың немесе қойылымның жазбасын пайдаланбай-ақ орындаушылықты немесе қойылымды эфирге беруді, кабiл арқылы жалпы жұрттың назарына хабарлауды немесе жалпы жұрттың назарына жеткізу;
    - орындаушылық немесе қойылым жазбасын эфирге беруді, кабiл арқылы жалпы жұрттың назарына хабарлауды немесе жалпы жұрттың назарына жеткізу;
  - орындаушының қатысуымен орындаушылық немесе қойылым жазылған, коммерциялық мақсатта жарияланған фонограмманы прокатқа (жалға) беру.

22-сызба

Сабақтаc құқык объектілеріне айрықша құқықтардың мазмұны

- Фонограммаларға:**
- фонограмманы тікелей немесе жанама түрде кез келген нысанда қайта шығару;
  - меншік құқығын сату немесе өзгеше беру арқылы фонограмманың түпнұсқасы мен даналарын таратуды, оның ішінде импорттау;
  - фонограмманы шығарушы немесе оның рұқсаты бойынша жүзеге асырылған оны таратудан кейін де фонограмманы прокатқа (жалға) беру;
    - фонограмманы қайта жасауды немесе кез келген тәсілмен өңдеуді;
    - фонограмманы жалпы жұрттың назарына жеткізу.


**Эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының хабарларына:**

- хабарды эфирге беру;
- жалпы жұрт назарына жеткізу үшін хабарды кабiл арқылы хабарлауды немесе хабарды эфирге беру;
- хабарды жазып алу;
- хабардың жазбасын көшірмелеу;
- жалпы жұрт назарына жеткізу үшін хабарды ақы төлеп кіретін жерлерде хабарлау;
- хабарды жалпы жұрт назарына жеткізу.

23-сызба




Патент құқығының объектілері - таңда белгілі ғылыми-техникалық талаптарды қанағаттандыратын ғылыми-техникалық салада және көркемдік дизайн саласындағы интеллектуалды қызметтің нәтижелері.




24-сызба

Патент құқығының объектілері



Патент құқығының субъектілері



25-сызба

**Патент иеленушінің айрықша құқықтарының мазмұны**  
Патент иеленушінің қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін өз қалауы бойынша пайдалануға айрықша құқығы болады. Патент иеленуші қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға айрықша құқықты қорғау құжатын беру туралы мәліметтер ресми бюллетеньде жарияланған күннен бастап осы қорғау құжатының қолданылу кезеңінде жүзеге асырады. Қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісі бар өнімді дайындау, қолдану, жеткізу, сатуға ұсыну, сағу, азаматтық айналымға өткізуде енгізу немесе осы мақсатпен сақтау, сондай-ақ қорғау әдісін қолдану өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану болып танылады. Егер өнімде оны пайдалану басталған күніне техниканың осы саласындағы белгілі формуланың тәуелсіз тармағында келтірілген өнертабыстардың, пайдалы модельдердің әрбір белгісі немесе соған барабар белгі болып, ол қорғалатын әдіс пайдаланылса, өнім қорғалатын өнертабысы немесе пайдалы модель бар деп танылады, ал қорғалатын әдіс қолдануға болады деп табылады. Тікелей осындай әдіспен дайындалған өнімді азаматтық айналымға енгізу не осы мақсатпен сақтау өнім алудың қорғалатын әдісін пайдалану деп танылады. Егер өнімде бұйымның ұсынылған кескіндерінде (макетінде) көрсетілген және негізгі белгілерінің тізбесінде келтірілген барлық негізгі белгілері болса, ол қорғалатын өнеркәсіптік үлгісі бар деп танылады.

26-сызба


**Патент иеленушінің ерекше құқығын бұзушылық болып танылмайтын әрекеттер**

1) конструкциясында қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектілері бар құралдарды немесе басқа елдердің көлік (теңіз, өзен, әуе, жер бетіндегі және ғарыштағы) құралдарын пайдаланған кезде, аталған құралдар Қазақстан Республикасының аумағында уақытша немесе кездейсоқ тұрған және көлік құралдарының мұқтаждары үшін пайдаланылып отырған жағдайда қолдану. Егер көлік құралдары Қазақстан Республикасы көлік құралдарының иелеріне осындай құқық беретін елдердің жеке немесе заңды тұлғаларына тиесілі болса, мұндай әрекеттер патент иеленушінің ерекше құқығын бұзушылық болып танылмайды; 2) қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісі бар құралға ғылыми зерттеу немесе эксперимент жүргізу; 3) төтенше жағдайлар (табиғи зілзалалар, апаттар, ірі авариялар) кезінде мұндай құралдарды кейіннен патент иеленушіге дереу хабарлай отырып және патент иеленушіге мөлшерлес отемнің ақысын төлей отырып қолдану; 4) егер мұндай пайдаланудың мақсаты табыс алу болып табылмаса, мұндай құралдарды жеке, отбасылық, үйдегі немесе өзге де кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мұқтаждарды қанағаттандыру үшін қолдану; 5) қиын-қыстау жағдайларда дәрігердің рецепті бойынша дәріханада бір жолғы дәрі дайындау; 6) егер қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісі бар құралдарды Қазақстан Республикасының аумағына азаматтық айналымға тікелей патент иеленуші немесе патент иеленушінің рұқсатымен өзге тұлға бұрын енгізген болса; 7) бұрын пайдалану құқығы; 8) сонымен пайдалану құқығы.

27-сызба


Патент құқығы объектісіне айрықша құқықтарды тіркеу

Өнертабыс



28-сызба

Патент құқығы объектісіне айрықша құқықтарды тіркеу




Ресми сараптама: оның барысында қажетті құжаттардың бар екендігі және оларға қойылатын белгіленген талаптардың орындалуы тексеріледі. Өтінімнің басымдық күні, мәлімделген ұсынысты пайдалы модель ретінде қорғалатын объектілерге жатқызу мүмкіндігі айқындалады, пайдалы модельдің бірлігі тексеріледі. Егер сараптама оң нәтиже берсе, патент беріледі (мерзімі – 5 жыл, 3 жылға ұзартуға болады)

Ресми сараптама: оның барысында өтінім құжаттарының бар екендігі тексеріледі, өтінім берілген күн мен басымдық күні анықталады. Мәні бойынша сараптама: оның барысында мәлімделген ұсыныстың өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалатын объектіге жатқызылуы мүмкіндігін анықтауды, көркемдік-конструкторлық шешім деңгейін айқындау үшін мәлімделген өнеркәсіптік үлгіге қағысты ақпараттық іздестіру жүргізуді, мәлімделген шешімнің патентке қабілеттілік талаптарына сәйкес келетініне тексеру жүргізуді қамтиды. Егер сараптама оң нәтиже берсе, патент беріледі (мерзімі – 15 жыл, 5 жылға ұзартуға болады)

29-сызба

Жеке атау кұралы	Қалай дараланатынын?
<b>Фирмалық атау</b>	фирманы заңды тұлға ретінде
<b>Тауар белгісі</b>	фирма өнімі
<b>Қызмет көрсету белгісі</b>	фирма орындайтын көрсететін жұмыстар мен қызмет көрсетулер
<b>Тауар шығарылған жердің атауы</b>	фирма өнімі, нақты географиялық орналасуы мен тікелей байланысты ерекше қасиеттері
<b>Коммерциялық белгілер</b>	Фирманы бизнес иесі ретінде (коммерциялық, өнеркәсіптік және басқа да кәсіпорындар мен өндірістер, өзге де пайда табу мақсатындағы мүлдіктік кешендер)

30-сызба



31-сызба



Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары

Тауар таңбасын тіркеуге жол бермейтін абсолюттік негіздер

- ажыратылатын ренкі жоқ белгілерден ғана тұратын тауар таңбасын тіркеуге жол берілмейді;
- мемлекеттік елтанбаларды, тулар мен эмблемаларды, халықаралық ұйымдардың қысқартылған немесе толық атауларын және олардың елтанбаларын, тулары мен эмблемаларын, ресми бақылаулық, кепілдік және сынамалық таңбаларды, мөрлерді, олимпиадалық рәміздерді, наградаларды және басқа да айырым белгілерін, сондай-ақ араласып кеткен дәрежеге дейін оларға ұқсас белгілерді бейнелейтін белгілер тауар таңбалары ретінде тіркелмейді;
- тауар таңбалары немесе олардың элементтері ретінде тіркеуге жол берілмейді: 1) тауарға немесе оның жасаушысына қатысты жалған болып табылатын немесе жаңылыстыруы мүмкін белгілерді, оның ішінде тауар шығарылған жерге қатысты жаңылыстыруы мүмкін географиялық объектінің атауларын; 2) тауар шығарылған нақты жерді үстірт түрде көрсететін, бірақ тауар басқа аумақтан шығарылғаны туралы қате түсінік беретін; 3) минералды суларды, шараптарды немесе күшті спирт ішімдіктерін бірыңғайландыратын географиялық объектінің атаулары болып табылатын немесе оларды қамтитын белгілерді, осы жерден шығарылмаған сондай тауарларды белгілеу үшін, сондай-ақ егер аударма пайдаланылса немесе белгіде «түрінде», «үлгісінде», «стилінде» деген немесе басқа да осындай сөздер қоса жазылса, сол белгілерді; 4) өзінің мазмұны жөнінен қоғамдық мүдделерге, адамгершілік пен ізгілік принциптеріне қайшы келетін белгілер;
- біртектес тауарлар мен жалпыға бірдей белгілі деп таңылған тауар таңбалары тіркеуге жатпайды (ҚР Тауар таңбалары туралы заңның 7-б.1-т. );

32-сызба

Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары

Тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге жол бермейтін негіздер

- 1) тауар шығарылған жерге қатысты жаңылысуға әкеп соқтыратындай географиялық объектілердің атаулары болып табылатын;
- 2) тауар өндірілген нақты жерді үстірт түрде көрсететін, бірақ тауардың басқа аумақтан шығарылғаны жөнінде қате түсінік беретін белгілер;
- 3) тауарлардың шығарылған жерімен байланысты емес, географиялық объектілердің атауын қамтитын белгілер

33-сызба

Тауар таңбасы (қызмет көрсету таңбасы) ретінде тіркелетін белгілер



Тауар таңбасы ретінде бейнелеу, сөз, әріп, цифр, көлем белгілері және өзге де белгілер немесе бір тұлғалардың тауарлары мен қызметтерін басқа тұлғалардың біртөктес тауарларынан немесе қызметтерінен ажырауға мүмкіндік беретін олардың аралас үлгілері тіркелуі мүмкін. Тауар таңбасы кез келген бояулы түсте немесе бояулы түстер үйлесімінде тіркелуі мүмкін.

Тауарлар шығарылатын жердің атауы ретінде тіркелетін белгілер



Тауар шығарылатын жердің атауы ретінде елдің, округтің, елді мекеннің, жердің немесе басқа да географиялық объектінің қазіргі немесе тарихи, ресми немесе бейресми, толық немесе қысқартылған атауы, сондай-ақ осындай атау шыққан белгі және олардың тауардың көріністік атауымен тіркесі тіркелуі мүмкін.

34-сызба

Дараландыру құралдарына айрықша құқықтар беру



Тауар таңбасына (қызмет көрсету таңбасына)

Тауар шығарылатын жердің атауына




Сараптама жасау ұйымы өтінімдер сараптамасын кезек-кезеңмен жүргізеді:  
1) өтінім келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде жүргізіледі, оның барысында өтінімнің мазмұны. ҚР Тауар таңбасы туралы Заңның 5 және 9-баптарында белгіленген талаптарға сәйкес қажетті құжаттардың бар-жоғы тексеріледі;  
2) толық сараптама өтінім берілген күннен бастап тоғыз ай ішінде жүргізіледі, оның барысында мәлімделген белгінің ҚР Тауар таңбасы туралы Заңның 6 және 7-баптарында белгіленген талаптарға сәйкестігі тексеріледі.




Өтінім берілген күннен бастап алты ай ішінде сараптама жасау ұйымы сараптама жүргізеді, оның барысында оның ҚР Тауар таңбасы туралы Заңның 26, 27 және 29-баптарында белгіленген талаптарға сәйкестігі тексеріледі.


35-сызба



36-сызба



37-сызба



38-сызба



39-сызба



Интеллектуалдық меншік құқығының дәстүрлі емес объектілеріне  
айрықша құқықтарды беру

Интегралды  
микросхемалар  
топологиясы

Топология бұрын пайдаланылса, тіркеуге өтінім беру ол алғаш пайдаланылған күннен бастап екі жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылуы мүмкін. Тіркеуге өтінім түскеннен кейін уәкілетті орган қажетті құжаттардың болуын және ҚР ИМТІЗ жағынан талаптарға олардың сәйкестігін тексереді. Мерзімі: топологияға айрықша құқық топология тіркелген күннен бастап он жыл бойы қолданылады. Егер топология тіркеуден өтпесе, аталған он жылдық мерзім осы топологияның немесе осы топология бар интегралдық микросхеманың дүниежүзінің кез келген елінде алғаш пайдаланылуының құжатпен расталған күнінен бастап есептеледі.

40-сызба

Селекциялық жетістіктер

Алдын ала сараптама жүргізу барысында өтінімге басымдық берілген күн белгіленеді, қажетті құжаттардың бар-жоғы және оларға белгіленген талаптардың орындалуы тексеріледі.


**Селекциялық жетістіктің уақытына құқықтық қорғауы. Селекциялық жетістіктің патент қабілетіне**

**жасалған өтінімдер сараптамасы:** сортын, тұқымның ерекшелігін, біртектілігін және тұрақтылығын сынақтан өткізуді қабылданған әдістемелер бойынша мемлекеттік комиссиялар белгіленген мерзімде жүргізеді.


**Мерзімі:**

Өсімдіктер сортына патент – 25 жыл, мал тұқымдарына – 30 жыл, жүзім, сәндік ағаш, жеміс және орман дақылдары сорттарына, оның ішінде олардың қалемшелеріне – 35 жыл. Патенттің қолданылу мерзімін патент несінің өтінімі бойынша уәкілетті орган ұзартады, бірақ ол 10 жылдан аспауы керек.


41-сызба



42-сызба




43-сызба




44-сызба

Интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы келісімшарттардың түрлері



45-сызба




46-сызба


Лицензия түрі	Бұл нені білдіреді?
Патент сату	Лицензиар объектіге арналған барлық қолжетімді патенттерді лицензиатқа тұрақты түрде аударады
Патенттік лицензия	Патент берген кезде өнертапқыш немесе патент иеленушісі өнеркәсіптік меншік объектісіне өзінің құқықтарын патенттің қолданылу мерзімінен әрқашанда қысқа кезеңге қалдырады. Сатушы өзі объектіні лицензияда көрсетілген мерзімде шығара алмайды
Ерекше лицензия	Лицензиатқа лицензияның пәнін пайдалануға айрықша құқық беріледі көбінесе белгілі бір аумақта жеке аймақ болуы мүмкін, сондай-ақ ел немесе мемлекеттер тобы, лицензиар қалған аумақ үшін лицензия объектісін пайдалану құқығын сақтап қалады.
Қарапайым, ерекше емес лицензия	Лицензиар өзінде лицензия объектісін пайдалану құқығын қалдыра, лицензия объектісін жасауға және сатуға рұқсат береді және лицензия объектісін басқа мүдделі тұлғаларға сол аумақта бірінші тұлғаға сияқты береді, яғни бірдей сату белгілі бір нарықтағы лицензиялар.
Қосалқы лицензиялық шарт	Ерекше лицензия иесі мүдделі тұлғаға өз құқықтарын береді.
Ашық лицензия	Патент иесі кез келген жеке және заңды тұлғаға өзінің патентін пайдалану құқығын беруге дайын.

47-сызба






48-сызба



49-сызба



50-сызба



51-сызба

## БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан 2014 ж.
2. Қазақстан Республикасы Конституциясы. – 30 тамыз 1995 жыл // [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім). – 1999 ж. I шілде № 409 (өзгерістер мен толықтыруларымен 15.04.2018 ж.) // [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)
4. Рузакова О.А. Право интеллектуальной собственности. – М.: Московская финансово-промышленная академия, 2004. – 308 с.
5. Розенберг П. Основы патентного права США. – М.: Прогресс, 1979. – 462 с.
6. ҚР Ғылым туралы Заңы. – 18 ақпан 2011 ж. №407-IV (өзгерістер мен толықтырулар 11.02.2018 ж.) // [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)
7. Амангелді А.А. Право интеллектуальной собственности РК. – Алматы: Жеті жарғы, 2011. – 778 с.
8. Розенберг П. Основы патентного права США. – М.: Прогресс, 1979. – 464 с.
9. Белов В.В. Интеллектуальная собственность. Законодательство и практика его применения: учебное пособие / В.В. Белов, Г.В. Виталиев, Г.М. Денисов. – М., 2007. – 478 с.
10. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І Заңы // [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)
11. Гражданское право: учебник. Т. 3. / под ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы, 2004. – 500 с.
12. Шершеневич Г.Ф. Учебник русского гражданского права. – М.: Юрайт, 2016. – 524 с.
13. Дозорцев В. А. Интеллектуальные права. Понятие система задачи кодификации: сборник статей. – М., 2005.
14. Есмағанбетов С.А. Интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне тән белгілердің теориялық аспектілері // Международный Форум «Антиконтрафакт» G-Global 04.12.2013.
15. Конвенция от 6 сентября 1952 г. «Всемирная конвенция об авторском праве» Женеве // <http://pravo.levoNecvsky.org/bazaby/indogov/megd4914.htm>

16. Алигожин Б.К. Защита интеллектуальной собственности // Правовой вестник. – 2003. – №42. – С. 3-7.
17. Глоссарий терминов в области авторского права и смежных прав. – Женева, 2003. – 273 с.
18. Яковец Е.Н. Основы правовой защиты информации и интеллектуальной собственности: учебное пособие. – М., 2012. – 804 с.
19. Каудыров Т.Е. Интеллектуальной собственности в Республике Казахстан: вопросы и ответы – Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 268 с.
20. Каудыров Т.Е. Гражданско-правовая охрана объектов промышленной собственности в Республике Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 2013. – 468 с.
21. Сергеев А.П. Право интеллектуальной собственности в Российской Федерации: учебник / А.П. Сергеев. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Проспект, 2009. – 752 с.
22. Близовец И.А. Право интеллектуальной собственности в РФ: теоретико-правовое исследование: дисс. доктора юрид. наук. – М., 2013. – 414 с.
23. Елеусизова Н.К. Өнеркәсіптік меншік объектілерін бағалаудың кейбір құқықтық мәселелері // Қазақстан Республикасының Заң шығару институтының Жарынысы. – 2011. – № 4(24). – 47-49 б.
24. Дудургов Р. М. Селекционные достижения как объект интеллектуальной собственности в Российской Федерации: дисс. канд. юрид. наук. – М.: РГВ, 2007. – 157 с.
25. Егоров В.В. Лицензии и лицензионные соглашения применительно к промышленной собственности в международной торговле по праву России, США, Великобритании и Германии: дисс. канд. юрид. наук. – М., 2013. – 254 с.
26. Еременко В. Содержание и природа исключительных прав (интеллектуальной собственности) // Интеллектуальная собственность. – 2000. – №4. – С. 28-38.
27. Шестаков Д. Интеллектуальная собственность в системе российского права и законодательства // Российская юстиция. – 2010. – №5. – С. 19-20.
28. Карунная Я.А. Право интеллектуальной собственности / Я.А. Карунная, С.В. Матияшук. – Новосибирск, 2016. – 157 с.
29. Правовая охрана селекционных достижений как объекта интеллектуальной собственности: информационно-методические материалы / сост. М.В. Савченко; под ред. В.П. Сергиенко. – Владивосток: Дальнаука, 2002. – 100 с.
30. «Ауылшаруашылығы өсімдіктерінің патент қабілеттілігін мемлекеттік сынау» мемлекеттік қызмет стандарты // ҚР Үкіметінің 04.02.2013 №84 Қаулысы // [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)
31. Правовая охрана селекционных достижений как объекта интеллектуальной собственности: информационно-методические материалы / сост. М.В. Савченко; под ред. В.П. Сергиенко. – Владивосток: Дальнаука, 2002. – 100 с.

32. Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрлігінің ресми сайты <http://mgov.kz/ge№om№aya-selektiya/>
33. Омарова А. Б. Гражданско-правовые проблемы института коммерческой тайны в Республике Казахстан: дисс. канд. юрид. наук. – Алматы, 2001. – 172 с
34. ҚР Қылмыстық кодексі, 3 шілде 2014 ж. №226- VII [adilet.zk.kz](http://adilet.zk.kz)
35. Еременко В. Содержание и природа исключительных прав (интеллектуальной собственности) // Интеллектуальная собственность. – 2000. – № 4. – С. 28-38.
36. Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 422 Заңы [adilet.zk.kz](http://adilet.zk.kz)
37. Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 маусымдағы №217 Заңы [adilet.zk.kz](http://adilet.zk.kz)
38. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V ҚРЗ [adilet.zk.kz](http://adilet.zk.kz).
39. Тұғынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы [adilet.zk.kz](http://adilet.zk.kz).

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
1-тақырып: Интеллектуалдық меншік ұғымдарының қалыптасу тарихы. Интеллектуалдық меншік құқығының тарихы.....	5
2-тақырып: Интеллектуалды меншік құқығының түсінігі, интеллектуалдық меншік объектілеріне айрықша құқық ұғымы және интеллектуалдық құқықтың қайнар көздері.....	12
3-тақырып: Авторлық құқық.....	23
4-тақырып: Сабақтас құқық.....	33
5-тақырып: Патент құқығы.....	37
6-тақырып: Субъектіні азаматтық айналымда дараландыру құралдары.....	46
7-тақырып: Интеллектуалдық меншік құқығының дәстүрлі емес объектілері.....	58
8-тақырып: Интеллектуалдық меншік құқығы объектілерін алуға және пайдалануға қатысты туындайтын міндеттемелер. Интеллектуалдық меншік объектілерін қорғау.....	70
№1 Авторлық құқық тақырыбы бойынша өзіндік бақылау тесті.....	83
№2 Патент құқығы тақырыбы бойынша өзіндік бақылау тесті.....	89
№3 Фирмалық атау тақырыбына арналған өзіндік бақылау тесті.....	94
№4 Селекциялық жетістіктер тақырыбына арналған өзіндік бақылау тесті.....	98
№5 Интегралды микросхемалардың топологиясы тақырыбы бойынша өзіндік бақылау тесті.....	104
№6 Өндіріс құпиялары – ноу-хау тақырыбы тақырыбы бойынша өзіндік бақылау тесті.....	109
№7 Тауар таңбасы тақырыбы бойынша өзіндік бақылау тесті.....	115
Семинар сабақтарына арналған тапсырмалар.....	120
Қосымша материалдар (сызбалар).....	145
Библиографиялық тізім.....	196



Оқу басылымы

Мұқалдиева Гулия Бөкешқызы  
Ермухаметова Сауле Райымқызы  
Аллашев Сарсенғали Мырзалинұлы  
Худайбердина Гулнур Азреталиевна

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ**

*Оқу құралы*

Редакторы *К. Мұхадиева*  
Компьютерде беттеген  
және мұқабасын безендірген *Г. Қалиева*

**ИБ№ 12203**

Басуға 05.09.2018 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Көлемі 12,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №4873.  
Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.